

Q00035 10.12.2020 ж

Әдебиет 4-сынып "Кітап-асыл қазына"

Авторы: Олжас Сүлейменов

КУАНЫШОВА АЙНУР ЖУМАХАНОВНА


Жамбыл облысы. Жуалы ауданы. Алатау ауылы
№ 23 Алатау орта мектебі Бастауыш сынып мұғалімі

Пән: Әдебиеттік оқу Күні: Сынып: 4	Мектеп: Мұғалімнің аты-жөні: Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:
Бөлім	<i>Кітап – асыл қазына</i>
Сабақ тақырыбы	<i>Кітап – асыл қазына</i>
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	4.2.1.2 Шығарманы іштей көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, сұрақтар қоя отырып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып оқу, талдау жасап оқу, сын тұрғысынан бағалап оқу. 2.2 шығарманың мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру.
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: шығарма мазмұнын аңықтайды, мазмұны бойынша сұраққа жауап бере алады. Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. 2. Жазба жұмыс жасайды. 3. Сұраққа жауап береді. Көптеген оқушылар: Шығарма бойынша дәлелді пікір айта алады. • Топтық жұмысты брлесе орындайды. • Өз бетінше жұмыс жасайды. • Сұраққа жауап береді. • Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. Кейбір оқушылар: Шығарма мазмұны бойынша дәлелді пікірлер айтады. Өмірмен байланыстыра алады, шығармашылыққа бағытталған сұрақтар қоя алады.

Бағалау критерийлері	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Тілдік мақсаттар	
Құндылықтарды дарыту	Мәтінмен жұмыс жасайды. Жақсы мен зиянды ажыратады. Өзіндік қорытынды ой түйеді.
Пәнаралық байланыстар	<i>Дүниетану, өзін-өзі тану</i>
АКТ қолданудағылары	Интербелсенді тақта.
Бастапқы білім	
Сабақбарысы	
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет
Сабақтың басы	<p>Бағалау парақшасымен таныстыру Топтарға бөлу Кітап суреттерімен. Суреттердің арттарында үш тілде амандас</p> <p>Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Кітап атаулы досы бола бастаған шақтан былай ғана әрбір жан өзін зиялы бола бастадым деп санауына болады» деген екен заңғар жазушы Мұхтар Әуезов.</p> <p>Жұмбақ шешу жауаптарынан мақал құрау Оқушыларды үш топқа бөліп, оларға үш тапсырма беріледі.</p> <ul style="list-style-type: none"> • 1 топқа Бір сандық бар өзгеше, Қасыңа алып жүресің. Ішін ашып ақтарсаң, Өмір сынын білесің. Ол не? /Кітап/ • 2-топқа Ақыл – ойдың шырағы,

	<p>Зәулім көктей шынары. Биігіне бойлаған Қанбайды адам құмары. Ол не? /Білім/ 3-топқа</p> <ul style="list-style-type: none">• Сынаптай жылтырап, Биіктен сырғиды. Ән салып былдырлап, Іздейді ылдиды. Ол не? /Бұлақ/ <p>Жауаптарынан мақал құрастыру «Кітап білім бұлағы.» Қалыптастырушы бағалау “Шапалақ” тәсілі арқылы жүргізіледі. Оқылым алдындағы тапсырма. 1. "Болжау" стратегиясы Оқушыларға болжау кестесі ұсынылады. - Суретте не көрсетілген? - Суреттерді не байланыстырып тұр ? Бүгінгі сабақтың тақырыбы қандай болуы мүмкін деп ойлайсындар. Дұрыс айтасындар бүгінгі сабағымыздың тақырыбы кітап оқумен байланысты. Кітап-асыл қазына Бағалау критерийі: Тақырыпты ашуға жағдай жасайды. Ойларын жаңа сабаққа бейімдейді. Сабақ үстінде белсенділік танытады. Қалыптастырушы бағалау “Шапалақ” тәсілі арқылы жүргізіледі.</p>
Сабақтың ортасы	<p>Оқулықпен жұмыс « Ертегі» Оқулықта берілген Олас Сүлейменовтың «Ертегі » өлеңімен танысады. Тізбектеп оқиды. Сөздікпен жұмыс Күзге қалу- үлгірімінің нашарлауына байланысты келесі сыныпқа көшіру үшін қайта емтихан тапсыру. Меймаза – мазасыз, тынышсыз Жас кейіпкер қандай бала? «ПОПС» формуласы арқылы жеке жұмыс</p>

Сергіту сәті	<p>Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, ... » Екінші сөйлем: «Себебі , мен оны былай түсіндіремін ... » Үшінші сөйлем : «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... » Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытындыға келдім... »</p> <p>Бағалау критерийі: Өз пікірін айта алды Мәтіннің мазмұны мен идеясын ашады.</p> <p>Қалыптастырушы бағалау “Шапалақ” тәсілі арқылы жүргізіледі.</p> <p>Топтық жұмыс «Түртіп ал!» әдісі. «Кітапханада қандай кітаптардың болғанын қалайсыңдар» неге? Постермен жұмыс</p> <p>I топқа Ертегі кітаптар-неге?</p> <p>II топқа Әдеби кітаптар-неге?</p> <p>III топ Ғылыми кітаптар-неге?</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none">• Тақырыпты толықтырады. Негізгі идеясын ашады.• Кітап оқуға құмарлық жайында ортаға сала отырып, постермен жұмыс жасайды.• Кітап оқудың пайдасы аңықталады. <p>Қалыптастырушы бағалау “ басбармақ” тәсілі арқылы жүргізіледі.</p> <p>«Екі шындық, бір өтірік» әдісі. (Тақырыпқа байланысты оқушылар екі шын мәлімет айтады, және бір жалған мәлімет береді. Топ мүшелері жалған мәліметті аңықтайды.)</p> <p>Жеке жұмыс «SMS» әдісі Тақырыбы ортақ ,мақсат бір." Кітап-асыл қазына " • ЭССЕ жазу 2-3 сөйлеммен</p>
--------------	---

	<ul style="list-style-type: none"> • Өлең құрастыру • Тест құрастыру. <p>Дескриптор:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тақырып бойынша өз ойын жазады. 2. Мәтінге байланысты қорытынды жасайды. 3. Мәтіннің негізгі идеясын ашады. <p>Қалыптастырушы бағалау “Шапалақ” тәсілі арқылы жүргізіледі.</p>
<p>“Басбармақ” әдісі</p> <p>Бағалау саусақ бойынша</p>  <p>Сабақ тың соңы</p> <p>Бағалау</p> <p>2 минут</p> <p>Кері байланыс 3 минут</p>	<p>«Төрт бұрыш» әдісі</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Кітап оқығанды ұнатасың ? 2. Мен үшін кітап маңызды. Интернет тек көмекші құрал. 3. Мен жылына 5 көркем шығарма оқимын. 4. Бүгіннен бастап көркем шығарма оқумен айналысамын. <p>Дескриптор:</p> <p>Мәтін бойынша түсінгендерін көрсете алады Дұрыс жауаты таңдай алады. Өз ойын дәлелдемелермен жеткізе алады</p> <p>Қалыптастырушы бағалау “ Шапалақ ” тәсілі арқылы жүргізіледі.</p> <p>«Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі.</p> <p>Қорытынды. Барлық жол, бірінші қадамнан басталады... Басыңыз алғашқы қадамыңызды... Бір кітап дүкеніне кіріп, қатарда тізілген кітаптармен танысып шығыңыз... Сіз өз кітабыңызды табасыз... Кейде сіз кітапты емес, кітап сізді таңдайды... Кім біледі, бәлкім сол қаладағы кезекті бір кітап дүкеніндегі кітап сөрелерінде сіздің кітабыңыз сізді сарғая күтіп жатқан шығар... Асығыңыз... Бұл саяхаттан қалмаңыз...</p> <p>«Мен үшін маңызды болғаны»</p> <p>Бүгін мен үшін маңызды болды.</p> <p>*..... қызықты болды.</p> <p>*..... қиын болды.</p> <p>*..... екенін түсіндім.</p>

Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?	Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы
Сабақ бойынша рефлексия		
Жалпы баға Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: 2: Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: 2: Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?		

Q00037 10.12.2020 ж

**Оқыту үдерісін ұйымдастыруда
мұғалімге қойылатын талаптар**

ОСПАНОВА ГАЛИЯ АРМИЯНОВНА
ШҚО. Ұлан ауданы. "Кәкен Аханов атындағы орта
мектеп" КММ Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Бүгінгі таңда тәуелсіз мемлекет алдында тұрған негізгі мақсаттардың бірі – дүниежүзілік білім әлеміне ену болып отыр.

Бұл салада білім беру ісінің мазмұнын жаңа бағытқа бұрып, құрылымдық жүйесін жаңарту, өзгерістер енгізу – білім реформасын жүзеге асыру алғы шарттары тұрғаны баршамызға аян.

Елбасының «Қазақстан – 205 Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты» жолдауын жастар зор ынта–ықыласпен қабылдап, оны жүзеге асыру жолында құлшыныспен еңбек ете бермек. Елбасы ұсынған елімізді өркендетудің жеті бағыты да маңызды. Оның ішінде төртінші бағыт «Білім саласының қызыметкерлері, біздер үшін маңызды болып табылады.» Ол – жоғары білімді ұлт қалыптастыру қажеттілігі. Бұл бағыт білім беру саласында еңбек етіп жүрген ұстаздарға жаңа міндеттер жүктейді оқыту әдістемелерін жаңарту, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізу – заман талабы.

Еліміздің білім беру жүйесі қазіргі кезде өзгермелі және өскелең талаптар мен қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, отандық білім саласын әлемдік білім кеңістігіне біріктіруге ұмтылыс жасауда. Бұл білім сапасын жетілдіру және оны жоғары деңгейге көтеруді алға тартады. Осыған сәйкес, ғылыми – зерттеу барысында әлемдік озық тәжірибелер мен отандық білім жүйесіндегі ерекшеліктер зерделенуде.

Оқу сапасын арттыруда білім мақсаттарының күтілетін нәтежеге бағдарлануы жан – жақты білімді, өз мамандығын жетік білетін бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны бастауыш сатыдан бастап дайындауға бағыттайды.

Мектептің бастауыш сатыдан оқушының сапалық және сандық білім деңгейін анықтау арқылы оқу сапасын жетілдіруге мүмкіндік туады.

Сол себепті мектептің бастауыш сатысында оқыту мазмұнын жаңалау және жаңа әдіс – тәсілдерді пайдалануға байланысты жетілдіру жұмыстары жүргізілуде. Жеке тұлғаны рухани тәрбиелеуге, адамның адамгершілік болмысының қалыптасуына баса назар аударылады. Білім мазмұнында жаңа ақпаратты болжау қабілеттерін және қойылған міндетті шығармашылықпен дамытуға көңіл бөледі.

Қазіргі кезде жалпы білім беретін мектептерде оқытудың түрлі формаларының пайдалануы оқытудың әдіс–тәсілдерінің жаңаруы, бәсекелестікке қабілеті мол, шығармашылық бағытта еңбектенетін, ой қабілетімен ерекшеленетін азаматты тәрбиелеуді көздейді.

Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік дағдылы жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Еліміздің болашағы, көркейіп өркеніетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі білім беру саласындағы проблема - әлеуметтік педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан, білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдістерін іздестіру, оларды жүзеге асыра алатын мұғалімдерді даярлау.

Мұғалімдерді даярлау қай уақытта да ең өзекті мәселелер қатарына кіретіні белгілі жәйт. Олай болатыны, қоғамның әлеуметтік – экономикалық міндеттері заманына сай өзгерістерге ұшырап, өскелең ұрпақты соған лайықтап өмірге бейімдеудің жаңа талаптары туындап отырады.

Оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салады.

Мұғалімнің оқыту әрекеті саналы болуы үшін ол педагогика ғылымының заңдылықтарын, тәрбие міндетінің қоғамның мақсаты мен талап – тілегінен туындайтын, теория мен тәжірибенің бірлігін, әрекет – дамытудың көзі екендігін, қарама – қайшылықсыз дамудың жоқтығын, оқытудың білімдік, дамытушылық, тәрбиелік сипатын, оқыту мазмұны мен жоспар бағдарларының оқу – тәрбие мақсатымен сәйкестігін, т.б нақты білуі керек. Бұл білімдер мұғалімнің педагогикалық процесте қателіксіз еңбек етуіне мүмкіндік жасайды.

Мұғалімнің оқыту әрекеті табысты болуы үшін ол терең білімдігімен қатар шекілмес шешендікпен, айшықты бейнелікпен, әсерлі сезімталдықпен, ұнамды

дикция мен көркем әуезді дауыспен, қажетті сөздерді тауып, саралап сабақ түсіндіре білу сияқты педагогикалық қаруды игеруі абзал.

Мұғалім оқытудың әдіс – тәсілдерін біліп қана қоймай, тиімді пайдаланғанда ғана оқушылардың білімге құштарлығын тудырып, терең түсінігін қамтамасыз етеді. Оқыту әдісін таңдау үлкен шеберлікті керек етеді. Айталық, өткенді қайталау, қортындылау, жаңа байланыстыру, жадығатты бекітуге арналған жаттығулар мен педагогикалық есептер жүйесін ойластыру, уақытты дұрыс пайдалану, сабақта оқушылардың жұмыс түрлерін тыңдау, талдау, жазу, жаттығу, іздену жұмысын ұйымдастыру, сабақтың темпін, ритмін өзгертіп отыру мұғалімнің шеберлігі мен жұмыс стиліне (педагогикалық ептілігі икемділігі, шамамен сезе білуі, әдептілігі, тапқырлығы, мәдениеттілігі, оқушының жеке басын сыйлауы, талап қоя білуі, жылы қарым – қатынасы) байланысты шешілетін маселелер.

Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасып, ескі мазмұнының орнын жаңасы басуда жаңа білім пирадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр.

Білім беру саласы – қоғамдағы білім беру үрдісінің жағдайын, нәтижесін, сондай-ақ жеке тұлғаның қалыптасуы және даму болашағының қажеттілігін анықтайтын әлеуметтік категория. Білім беру сапасы білім беру мекемелеріндегі оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу қызметтерінің әр түрлі көрсеткіштерінің жиынтығы, яғни білім беру мазмұны, оқыту формасы мен әдістері бойынша анықталады, сондықтан педагогика ғылымының ерекшелігі де баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруы болып отыр.

Қазіргі заманғы ғылыми – техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына осы міндетті қойып отыр. Ол - өз жұмыс орнында және бүкіл техникалық тізбекте технологияның үздіксіз өзгерістеріне бейімделе алатын орындаушының тұлғасын қалыптастыру. Оқу үрдісінің әдістері мен түрлерін жетілдіру жаңашыл педагогтардың озық дидактикалық идеяларында көрініс табады.

Мұғалім – сабақтағы басты тұлға, өйткені ол оқушыларға жүйелі түрде білім алу дағдысын, іскерлігін қалыптастырады. Ол үшін түрлі оқыту әдістерін алмастыра пайдаланып, оқушылардың танымдық әрекетіне мақсат көздей басшылық етеді. Бұл жөнінде педагог- ғалым Ахмет Байтұрсынов «Мектепке бірінші керегі – мұғалім, екінші – оқыту ісіне керек құралдар, үшінші – бағдарлама және оқулықтар керек», - деп айтқан өйткені оқыту ісінің сапасы осы – үш қажеттілікке байланысты. Әсіресе мұғалім бағдарламаны оқыту құралдарын оқулықтарды, әдіс тәсілдерді пайдаланып, оқушыларды білімен қамтамасыз етеді. Олай болса, оқу – тәрбие ісінің табысты, білімнің берік болуы мұғалімнің сабаққа мұқият дайындығына байланысты.

Мұғалім ең адымен өз пәнінің оқу жоспарымен, педагогика және психология пәнінің бағдарламасымен танысып бір жылға күнтізбелік және жұмыс жоспарын жасайды. Сонымен қатар әр сабақтың тақырыптық жоспарын дайындайды. Онда ол тақырыптық және пән аралық байлынды ғылым жаңалығын, алдыңғы қатарлы озат тәжірибені ескеріп, әр сабақтың мақсат – міндеттерін оқу жадығатың дербес жұмыстардың көлемін, оқыту әдістерін, көрнекі және техникалық құралдарын анықтайды

Q00042 10.12.2020 ж

Ағылшын тілін үйретудегі CLIL әдісі

ТОКСЕРКЕЕВА АЙГЕРИМ ЖАНАРБЕКОВНА

Алматы облысы. Талғар ауданы. Талғар қаласы
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 7 жалпы білім беретін мектеп
Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Адам өзін үнемі жетілдіріп, тәжірибе алмасып, өз білгенімен өзгемен бөлісіп, өзгеден де үйренері көп екені айқын. Ағылшын тілінде оқыту әдістемесін қалыптастыру, біліктілігі мен дағдыларын арттыру мақсатында:

«CLIL (КЛИЛ) әдісі: арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту процесінде пән мен тілді кіріктіре оқыту» кәсіби ағылшын тілінің деңгейін көтеріп, ағылшын тілінде арнайы пәндерді оқыту үдерісінде «Scaffolding» стратегиясын қолданудың дағдыларын меңгерді. Бағдарламаның барлық модульдері бірыңғай логикамен, негізгі идеялармен біріктірілген, бірыңғай қағидаттар мен тәсілдер негізінде алты бөлімге құрылды.

Бағдарламаның мазмұнына сәйкес тыңдаушылар пәндік-интеграцияланған тәсілде оқытылды: бағдарлама бойынша оқыту процесі тыңдаушыларға CLIL оқыту әдістемесі бойынша практикалық білімдер мен дағдыларды алуға ғана емес, сондай-ақ кәсіби ағылшын тілін білу деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

CLIL – ол шетел тілін оқыту үшін пайдаланылатын оқыту нысанасы және сондай-ақ педагогикалық тәсіл болып табылады. CLILтерминін 1994 жылы алғаш рет Дэвид Марш енгізді.

Бүгінгі таңда үш тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік.

Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оны жүзеге асыру – ұстаздардың міндеті. Сондықтан да заманауи ұстаздарға тоқтаусыз ізденіс қажет. Бағдарлама бойынша біліктілікті арттыру курстарының процесінде тиімділікті арттыру үшін әртүрлі білім беру технологиялары, формалар, оқыту және бақылау

әдістері қолданылады, күндізгі (теориялық және практикалық) сабақтар немесе қашықтықтан оқытылатын (онлайн) сабақтар жүргізу және тыңдаушылардың өз бетімен жұмыс жасауы көзделеді, оқытудың интерактивті әдістері қолданылады: активиті, пікірсайыстар, рөлдік ойындар, жобалар әдісі, проблемалық әдіс, ситуациялық тапсырмалар, кері байланыс, және рефлексия.

Курстық оқыту бағдарлама бойынша нәтижелері құзыреттілік, тұлғалық және критерийлік бағалау әдістемесі негізінде жүргізілді.

Тыңдаушылардың кәсіптік құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау бағдарламаның мазмұнын меңгеру параметрлерін есепке алумен бағалаудың белгілі шкаласы бойынша жүзеге асырылды. CLIL мән-мәтініндегі мақсатты оқу болып табылатын екінші тілді (ағылшын тілін) тиімді оқып үйрену, сондай-ақ пән бойынша жаңа білімдерді алу болып табылады.

Критерий	Градация критерия			
	«5»	«4»	«3»	«2»
Сұлба тұрғызып диаграмма құру және стендте сұлбаны жинау	Сұлбаны жақсы тұрғызып диаграмманы жақсылап түсіндіріп стендте сұлбаны еркін жинады	Сұлбаны жақсы тұрғызып диаграмманы түсіндіре алмады және стендте сұлбаны жинай алмады	Сұлбаны анық емес тұрғызды, диаграммада түсініксіз боп қалды және стендте сұлбаны жинай алмады	Сұлбаны да, диаграмманы да құра, сұлбаны жинайда алмады
Формулаларды тауып есеп шығару	Формулаларды жеңіл тауып есепті дұрыс әрі тез шығарды	Формулаларды оңай тауып есепті дұрыс емес шығарды	Формулаларды табуда қиналып есепті де дұрыс емес шығарды	Жұмыс жасай алмады
Мазмұны	Конспект толық, мазмұнды қамтылып, тақырып мақсаты нақты көрсетілген	Конспект толық, мазмұнды қамтылып, тақырып мақсаты нақты ашылмаған	Конспект толық, бірақ мазмұны араласып, тақырып мақсаты қамтылмаған	Конспект толтырылмаған
Вокабуляр	Тақырыпқа сәйкес активити, сөздік және	Тақырыпқа сәйкес активити, сөздік және	активити, сөздік және терминдердің көбі қате	Дұрыс вокабуляр болмады

	терминдер	терминдердің кейбіреу қате		
жалпы балл	25 балл	20 балл	15 балл	

Екінші тілді пайдаланумен байланысты мәселелер кешенді болып табылады. Ағылшын тілін барынша көп пайдалану тілдік құзыреттерге деген сенімділікті дамытады.

CLIL әдістемесі бойынша бағалау – бұл тек студентке баға қою ғана емес, сондай – ақ студенттердің әрі қарай дамытуын қажет ететін білімдері мен қабілеттеріндегі салаларды анықтау.

CLIL әдістемесінің анықтаушы сипаттамасы екі тілді пайдалану болып табылады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс екенін атап өткен болатын. Жаһандық экономикаға кіруде, әлемдік кеңістікке енуде ағылшын тілінің маңызы зор.

R00013 11.12.2020 ж

**Бастауыш сыныпта мәтінмен жұмыс жасау
арқылы оқушылардың сөйлеу тілін дамыту**

КУСАИНОВА МАНАР МЫРЗАТАЕВНА
Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Сәтбаев атындағы
орта мектебі. Бастауыш сынып мұғалімі

Бүгінгі кезде мектеп оқушыларының ойлау мен сөйлеу әрекетін дамыту күн тәртібіне өткір қойылуда. Ал сөйлеу ауызша және жазбаша болатыны белгілі. Сондықтан оқушының жазбаша сөйлеу икемділіктерін дамытуда қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың маңызы ерекше. Сондықтан баланы жазбаша сөйлеуге үйрету мәтін құрастырудан басталады. Демек, сөйлеу тілін дамыту үшін баланың мәтін туралы түсінігі мен оны құрастыра білу икемділіктері мен дағдылары қалыптастырылады. Ой белгілі бір сөздер мен сөз тіркестерін байланыстырып, сөйлем арқылы жасалатыны белгілі.

Сөйлем — синтаксистің қарастыратын нысаны. Сөйлем жай және күрделі болады. Яғни құрмалас сөйлемнің анықтамасы: «Екі я бірнеше жай сөйлемдерден құралып, күрделі ойды білдіреді» деген пікірмен анықталады.

Ал, бірнеше емес, ондаған сөйлемнің мәні де сол ізбен түсіндіріліп, оны қайырым (абзац) деп, мәтіннің мәні ашылмай жүр. Сондықтан қазақ тіл білімінде, ғылыми әдебиеттерде, мектеп оқулықтарында мәтін туралы түрліше түсіндіріру байқалады. Мәселен, мәтін түзетін қайырымды белгілі бір үзінді, жаңа ойдың басталуы десе, мәтін — сол шығарманың формасы деп те жүр.

Бұл пікірлерге қарағанда мәтін -дегеніміз сөйлемдер арқылы жасалған шығарманың толық түрі, немесе мазмұнды бөлшегі екендігін байқаймыз.

Олай болса, оқушыларды мәтін түзе білуге жаттықтыру үшін мәтін туралы жүйелі білім, теориялық негіз берілуі керек. Бастауыш мектеп бағдарламасында балалардың жас ерекшелігіне байланысты тапсырмалар жаттығу жұмыстары берілген. Сол сияқты тіл дамыту жұмыстары мәтіндерді оқу, оны мазмұндап айту, сұрақтарға жауап беру және шығарма, мазмұндама жаздыру арқылы жүзеге асырылады. Ал мектеп оқушыларының сөйлеу икемділіктерін дамытуда мәтін құрастыра білу — қажетті мәселе. Сондықтан баланы шығарма жазуға үйретуден бұрынғы мәтін құрастыра білу икемділігі мен дағдысы қалыптастырылады.

Ахмет Байтұрсынұлы тілді дамытуда тиімді деген әдіс-тәсілдердің әр түрін ұсынған. Әдіскер ғалым А.Байтұрсынұлының қағидалары мен тиімді тәсілдерін кәдеге жаратып, жас ұрпаққа тіл нақыштарын, мәтін құрастыра алу мен сөйлеу мәнерін үйрете білсек, ойы озық болып, тілі дамиды, сөздік қоры байи түседі. Бастауыш сыныпта ана тілін оқытудың негізгі мақсаттарының бірі-оқушылардың сөздік қорын, ауызша және жазбаша сөйлеу тілін, сөйлеу мәдениетінің қалыптастыру болып табылады.

Сондықтан да қазіргі кезде бастауыш мектеп мұғалімдері оқушылардың сөздік қорын молайтып, сол үйренуіне сөздерін қолдана отырып, айтайын деген ойын анық жеткізіп сөйлеуіне зор көңіл бөлуде. Осыған орай, өз сабақтарымызда оқушының дұрыс сөйлеу мәдениетін жоғары деңгейге көтеру, яғни сөйлеу тілін дамытуға ерекше назар аударып отырамыз.

Сабақ барысында бастауыш сынып оқушыларының сөйлеген сөздерінде жиі кездесетін кемшіліктерге көңіл бөлсек, баланың сабақ үстінде айтайын деген ойын анық жеткізе алмауы, яғни мәтінге байланысты мазмұнын айтуда бір деректі айтып бітпей жатып басқасына ауысып кетуі немесе керексіз сөзді орынсыз қолдануы (мысалы: жаңағы, сосын, яғни, сөйтіп, т.б.) сияқты ауызша сөйлеу тіліндегі қатерлерді көптеп кездестіреміз.

Байқалған кемшіліктерді ескере отырып оқушыны ойлауы мен сөйлеу дағдыларын жетілдіру жолдарындағы ізденістерімізді оның тірі тіл неғұрлым түсінікті, жинақты, нақыт болғанын талап етіп, өз ойын дәл айтуын қадағалап отырамыз. Баланың оқуға деген ынта-ықыласын, қызығушылығын жойып алмау мақсатында кез-келген тапсырманы берер кезде.

Біріншіден, оның бала ұғымына сәйкес, түсінікті болуын ескереміз.

Себебі, «баланың түсінбей қалған сөзі топтастықтың бастамасы» деген нақыл сөз бар. Мысалы: калькуляторда бір сан қате болса, сол санмен орындалған есептеу нәтижесі де қате болып шығады. Міне, тап осы сияқты оқушының түсінбеген сөзге қате мағына немесе балама тауып, нәтижесінде сөйлемді қате түсінуі жиі кездеседі. (Мысалы: Ағашты аралау — сөздің кесу деген мағынаын, көшені аралау — жүру деген мағынамен шатастырады).

Екіншіден, берілетін тапсырманың тәрбиелік мәніне көбірек көңіл бөлеміз.

Үшіншіден, қандай да болсын берілген тапсырма бала бір қызығушылығын оятатындай деңгейде бөлу керектігін түсінеміз. Егер бала бір нәрсеге қызықса, онда оның табиғатына тән білсем, білгенімді айтсам деген сөйлеуге деген талпынсты күшейте түседі де, сөйлеуге деген қажеттілік туады. Логикалық мағынасын бұзбай мәтін құрастыруды үйрету жолын қарастырамыз. Себебі, мәтінмен жұмыс бір жағынан, сөздің грамматикалық және лексикалық жақтарын талдауға мүмкіндік берсе, екінші жағынан баланың сөйлеу дағдысын қалыптастырудың негізі болып саналады.

Қорыта айтқанда, оқушыларды мәтін түзе білуге жаттықтыру үшін мәтін туралы жүйелі білім, теориялық негіз берілуі керек. Бастауыш сыныпта ана тілін оқытудың негізгі мақсаттарының бірі — оқушылардың сөздік қорын, ауызша және жазбаша сөйлеу тілін, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Жас ұрпақты өзінің ана тілінде еркін, мүдірмей сөйлетіп үйрету үшін оқыту әдістемесін жетілдіре түсу — бүгінгі күннің аса маңызды мәселесі. Бүгінгі күннің тілек-талабы тұрғысынан білім мазмұны жаңарту, өмір талабына орай дамыта оқыту, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін қолданып, заман ағымына жауап беру мұғалімдерге жауапты істер жүктейді.

Мәтінде кездесетін сөздер мен сөз тіркестеріне де айрықша мән беру қажет. Оқулықтардағы мәтіндер оқушылардың білім деңгейіне байланысты болу керек. Мәтінді оқытудың мынадай түрлері бар:

1) Дауыстап оқу: бұл әдісті жүргізе отырып, оқушының сөйлеу элементтерін меңгергендерін байқауға болады. Дауыстап оқытудың тағы бір тиімділігі мынада: оқушылар бірінің қатесін бірі естіп және оны түзетеді.

2) Іштей оқу. Бұл жұмыстың мақсаты оқушылардың шапшаң оқу дәрежесін анықтау. Мысалы: мұғалім оқушыларға іштей оқу үшін бір мәтін беріп, қай жерге келгенде кітаптарын жауып, мұғалімге бітіргенін байқатады. Осыған қарап ұстаз олардың оқу шапшаңдықтарынан мөлшерін белгілеп отырады. 3) араласып немесе кезектеп оқу.

4) буынға бөліп оқу.

5) мәнерлеп оқу.

6) Сөйлемді мағынасына, айтылуына қарай дауыс ырғағымен оқу.

Сабақта бірімен мәтінді тек оқытып қана қоймай, сол мәтіннің тәрбиелік мәніне байланысты мақал-мәтелдер, өлеңдер, қанатты сөздер алып, қосымша дәптермен жұмыс жүргіземін.

Үйретушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құруға дағдыландырады.

Сурет арқылы бейнелесек: Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді.

Жас ұрпақты өзінің ана тілінде еркін, мүдірмей сөйлетіп үйрету үшін оқыту әдістемесін жетілдіре түсу — бүгінгі күннің аса маңызды мәселесі. Бүгінгі күннің тілек-талабы тұрғысынан білім мазмұны жаңарту, өмір талабына орай дамыта оқыту, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін қолданып, заман ағымына жауап беру мұғалімдерге жауапты істер жүктейді.

Сондықтан да қазіргі кезде бастауыш мектеп мұғалімдері оқушылардың сөздік қорын молайтып, сол үйренген сөздерін қолдана отырып, айтайын деген ойын анық жеткізіп, сөйлеуіне зор көңіл бөлуде. Осыған орай, өз сабақтарымызды оқушының дұрыс сөйлеу мәдениетін жоғары деңгейге көтеру, яғни сөйлеу тілін дамытуға ерекше назар аударуымыз керек.

R00016 12.12.2020 ж

**Қазақ биінің өзгерістегі заманауи
дағдыларының ауқымдылығы**

САНАРХАН АСЫЛБЕК

Қарағанда облысы. Саран қаласы. "Балалар өнер мектебі"

Хореография бөлімі. Хореограф педагог

Қазақ биі – бишінің қозғалысы мен дене қимылы арқылы көркем образды бейнелейтін, ұлттық сахна өнері. Қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқан, халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы болып табылады. Халықтың көркемдік ойының бір көрінісі ретіндегі би өнері өзінің эстет. болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін қалыптастырған.

Қазақ халқы ежелгі би өнерінің дәстүрі мен өрнегін сақтап, өзінің рухани қазынасымен ұштастыра отырып, ғасырлар бойы дамытқан. Қазақ биі халықтың тіршілік-тынысын, адамның табиғатқа көзқарасын, дүниетанымын айшықтайтын өнер ретінде өркендеуде. Қазақ биінің кейбір қимыл қозғалыстары, бақсы-балгерлердің ойындары арқылы қалыптасқан. Олар қобыз аспабымен бірге соқпалы муз. аспаптардың көмегімен де өздерінің бақсылық, балгерлік үрдістерін күшейтіп отырған. Қазақ биі өнері синкреттік түрде дамып, басқа өнер түрлерін насихаттау мен ақпараттық түрде бекіту және кейінгі ұрпаққа жеткізу барысында өзіндік маңызды рөл атқарды.

Ежелгі билердің канондық түрлері бізге жетпеген. Бірақ халық арасында би қимылдарын меңзейтін идеялар ұлттық ойындар мен салт-жораларда сақталған, тарихи және этногр. деректерде қалыптасу негіздері барлығы аңғарылады. Жиын-тойларда жұрт көңілін көтеретін күлдіргіш-қуақылардың өнерлерінде би қимылдары мол қолданылды. Қазақ биі көшпелі малшының тұрмыс-тіршілігін, табиғат көріністерін ұлттық таным-талғамға сай көркем бейнеледі.

Қазақ биі өнерінің кәсіби деңгейге көтеріліп, сахна төріне шығуы, Қазақ мемл. музыка театрының (қазіргі Абай атынд. Қазақ мемл. академиялық опера

және балет театры) шығарм. тарихымен тығыз байланысты (қ. Қазақ балеті). Халық бишісі Ысқақ Быжыбаев Мәскеу қаласында өткен КСРО халықтары билерінің Бүкілодақтық фестивальдеріне қатысып, 1936 ж. екінші жүлдені, ал 1940 ж. бірінші жүлдені иеленді. Биші осы өнер сайысында домбыраның сүйемелдеуімен “Насыбайшы” және “Масқарампаз Қара жорға” билерін билеген. Халық биін тұңғыш кәсіби сахнаға шығарған таланттардың қатарында Ш.Жиенқұлова мен Ә.Ысмайлов болды.

Бұл екі өнерпаз да арнайы би мектебінен өтпей-ақ кәсіби би өнерін шебер меңгерген.[1] Қазақ халқының алғашқы кәсіби бишісі Жиенқұловадан бастау алған би өнері бірнеше ұрпақтың рухани байлығына айналды.

Жиенқұлова – 1936 ж. Мемл. филармония жанынан би ансамблін құрды. Халық биінің тез қарқынмен дамуына 1955 ж. құрылған Мемл. ән-би ансамблі зор үлес қосты. Ансамбльді реж.-хореограф. Л.Д. Чернышова, комп. Б.Байқадамов, балетм. А.Бекбосынов ұйымдастырды. 1989 ж. құрылған “Салтанат” би ансамблі М.Төлебаев, Байқадамов, Л.Хамиди, С.Мұхамеджанов, Н.Тілендиев, Е.Рахмадиев, Ғ.Жұбанова, т.б. композиторлардың шығармаларын сахнада бейнеледі. “Саяхатта”, “Алатау баурайында”, “Жайлауда”, “Аққу қыздар” вокалды-хореогр. композициялармен бірге “Кілемшілер”, “Жігіттер биі”, “Бүркітші”, “Қос алқа”, “Асатаяқ”, “Биші қайың”, “Шолпы” және “Салтанат” билері ансамбльдің шығарм. бет-бейнесін айқындады. Қазақстан ән-би ансамблі ТМД елдерінде, АҚШ, ГДР, Венгрия, Швейцария, Франция, Англия, Түркия, Корея, Қытай, т.б. елдерде өнер көрсетті. ҚР еңб. сің. артистері: Б.Черноусов, З.Розмухамедова, Р.Есламғалиева, Ә.Ысмайылов, Б.Байжұманова, Н.Әлдібеков, У.Усина, Д.Нұрғалиева (Андасбаева), Н.Ножкин әр жылдары осы ансамбльде өз өнерлерін көрсетті.

Қазақтың фольклорлық-этногр. билерінің кәсіби сахнаға шығуында мемл. “Алтынай” би ансамблінің рөлі зор болды. Ансамбль репертуарынан, аңыз-ертегілерге, салт-дәстүр мен еңбек тақырыбына, ойын түрлеріне қойылған ұлттық би өнерінің алуан үлгісін көруге болады.

R00017 12.12.2020 ж

Тепе-теңдік гимнастикалық жаттығулар

НУРЛЛАЕВ НАУРЫЗ НУРБОЛАТОВИЧ

Түркістан облысы. Созақ ауданы. Тайқоңыр елді мекені.

"Т.Момбеков атындағы шағын мектеп. Дене шынықтыру пәні мұғалімі

Сабақтың тақырыбы: Тепе-теңдік сақтау жаттығулары

Ашық сабақ: дене шынықтыру

Өтетін орны: спортзал

Сабақтың мақсаты мен міндеттері:

1.Білімділік: Гимнастикалық бөренеде тепе-теңдік сақтау жаттығуларын орындау.

2.Дамытушылық: Ептілікті,қимыл-қозғалыс әрекетін дамыту.

3.Тәрбиелік: Төзімділікке,өзара достыққа,сыйластыққа тәрбиелеу.

Сабақтың әдісі: баяндау, түсіндіру, көрсету.

Көрнекілігі: гимнастикалық бөрене, ысқырық, доп, таяқша.

№ Сабақтың мазмұны

Жүктеме мөлшері Әдістемелік нұсқаулар

1 Дайындық бөлімі

1.Сапқа тұрғызу

Амандасу

Мәлімет қабылдау

Сабақтың тақырыбын түсіндіру

2.Саптық жаттығулар:

Оңға, солға, кері бұрылыстар

3.Жүру.

-аяқтың ұшымен, қол жоғарыда

-қол желкеде, өкшемен жүру

-отырып жүру

4.Жүгіру.

-баяу жүгіріс

-сол жақ иықтан секіре жүгіру

-оң жақ иықтан секіре жүгіру
-қиылысты жүгіріс, жылан жүгіріс

5. Жалпы дамыту жаттығулары.

Қол белде, аяқ иық көлемінде, басты 1-2 алға артқа, 3-4 оңға солға бұру

Негізгі тұрыс, қолды алға созып айқастыру, 1-2 оңға, 3-4 солға

Жұдырық түйюлі қолды 1-2 жоғары, 3-4 төмен

Қол кеуде тұста, 1-2 алға, 3-4 жанға қолды ашып сермеу

Белде, 1-2 оңға, 3-4 солға бүгілу

1-сол аяққа еңкейеміз, 2-ортаға еңкею, 3-оң аяққа еңкею, 4-бастапқы қалып

қол белде, аяқ иық көлемінде. 1-қол жоғарыда артқа шалқаю, 2-алға еңкею, 3-қол алдыда отыру, 4-негізгі тұрыс

Оң аяққа 1-2, сол аяққа 3-4 отыра бүгілу

Бір орында отырып тұру 10-12 м

Саптал, түзел, тік тұр!

Кезекші рапорты

Рет-ретімен санау

1, 2 санал, 1, 2, 3 санал

Техника қауіпсіздігі.

Сабақ кезіндегі тәртіпті қатаң сақтау:

- бойды қыздыру кезіндегі бірін-бірін қорғау және бірінші көмек көрсету
- спорттық форманы қарау

Мұғалімнің санауы бойынша.

Бәрі бірдей жасауын қадағалау,

Дененің тік болуын және тепе-теңдікті ұстауды қадағалау; тізенің бүгіліп кетпеуін қадағалау.

Қаттырақ бұрылу тізені бүкпей

2 Негізгі бөлім.

Тепе-теңдікті сақтауға арналған жаттығулар бөрененің немесе гимнастикалық орындықтың үстінде орындалады.

-бөрененің үстінен қолды екі жаққа соза алға, артқа жүріп өту;

-сол аяқпен бір адым ілгері аттап, екі қолды екі жаққа соза қарлығаш бейнесін жасау;

-оң аяқпен бір адым ілгері аттап, сол аяқты алға соза тізені бүгіп отыру және екі қолды екі жаққа созу;

-екі оқушы «қыл көпірдің» (гимнастикалық бөрененің) үстінде қарама-қарсы келе жатып екеуі де құлап қалмай өтіп кетуі үшін, қарсы келген екі оқушы бір-бірін иығынан немесе белінен ұстап, оң аяқтарын бөрене үстіне қарама-қарсы қойып, оңға айнала бұрылып, сол аяқтарымен әркім өз бағытына қарай жүріп кете беру;

-бөрене үстімен жүріп келе жатып, допты лақтырып қағып алу;

-бөрене үстімен тез адымдап, жүгіріп өту
«Сиқырлы таяқша» ойынын ойнату 30мин
Қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Тепе-теңдік сақтау
2-3сек. Денені бір қалыпта ұстап тұру
Сол аяқ алға созылғанда тізені бүкпеу
Көпір үстінен құламай өту
Допты жоғары лақтыру, тұрып қалмай жүріп өту
Жүгіріс үстінде абай болу, қол екі жанға созулы
3 Қорытынды бөлім
1. Сапқа тұру
2. Бағалау
3. Үйге тапсырма
4. Қоштасу 5мин
Оқушыларды толық бағалау
Бой жазу жаттығуларын орындау
Бір тізбекпен залдан шығару

R00038 12.12.2020

Бәйтерек қазақ елінің белгісі

СКАКОВА ГАЛИЯ ТОЛЕУТАЕВНА

Қарағанда облысы. Шет ауданы. Ақсу-Аюлы селосы
"Балдырған" бөбекжайы. Тәрбиеші

Сөйлеу дамыту ересектер тобы ұйымдастылған оқу қызметі

Тақырыбы: Бәйтерек қазақ елінің белгісі

Мақсаты: Балаларға еліміздің бас қаласы – Нұр-Сұлтан қаласы жөнінде мәлімет беру, «Бәйтерек» монументінің тарихымен таныстыру, мән – мағынасын түсіндіру.

Ойын арқылы балалардың ой - өрісін, қиялын дамыту, сөздік қорын жаңа сөздермен толықтыру, балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.

Отанына, туған жеріне сүйіспеншілікке, ұлтжанды азамат болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Елорда, Туған жер, Отан.

Билингвалдық компонент: Елорда-столица-capitalcity, Отан-Родина-

Motherland, қазақ тілі – родной язык – native language

Заттың дамыту ортасы: Бейнетаспадан видеоролик, «Бәйтерек» монументі.

Іс - әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<p>Мотивациялы қ қорғаушы кезең</p>	<p>Психологиялық жаттығу</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, таңертең тұрғанда, аспаннан не көресіңдер? - Күнді көргенде қалай қуанасыңдар? - Күн бізге не береді? - Олай болса, балалар күнге қолымызды созайық, жылуын сезінейік, енді қолымызды жүрегіміздің тұсына қойып, жылулықты жүрегімізге берейік. - Жүрегіміз не істеп тұр? - Балалар, енді жүрегімізден шыққан ізгі тілектерімізді бір – бірімізге сыйлайық. 	<ul style="list-style-type: none"> - Жарқыраған күнді көреміз. - «Алақай» деп қуанамыз. - Күн бізге жылулық, жарық береді. <p>Балалар екі қолдарын аспанға созып, күннің жылулығын сезінеді.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Дүрсілдеп соғып тұр. - Елімізде тыныштық болсын! Халқымыз тату – тәтті өмір сүрсін. <p>Балабақшамыз көркейе берсін.</p>
<p>Ұйымдастыру ізденістік</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Біз қай Республикада тұрамыз? - Біз қай тілде сөйлейміз? - Біз қай қалада тұрамыз? - Балабақшамыз қалай аталады? - Біздің Елорда қай қала? - Астанаға саяхатқа барғыларың келе ме? - Алдымен, Қазақстан Республикасының картасына көңіл аударайық. Қараңдаршы, онда туған еліміздің үлкен қалалары, өзен, таулары орналасқан. <p>Тараз қаласы мен Астана</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз. - Қазақ тілінде. - Біз _____ тұрамыз. - - Елордамыз Нұр-Сұлтанқаласы. - Иә - Балалар картаға қарайды. - Алыс екен - Көздерін жұмып, қолдарын

<p>қаласы бір – біріне жақын ба, әлде алыс па? Әрине алыс сондықтан біз Астанаға ұшақпен ұшып барамыз. Құстай самғап, асқар тауларды асып, бұлттарды кезіп өтіп, міне Астанаға да жетіп қалдық. Енді көзімізді ашып, жан – жағымызға қарайық. Мен сендерге бір ертегі айтып бергім келіп тұр. Мына Бәйтерек монументі туралы. «Ертеде Бәйтерек ағашы үлкен болып өсіпті. Жыл сайын Бәйтеректің басына – қасиетті Самұрық құс күн секілді жарқырап алтын жұмыртқа салатын болыпты. Бірақ та жұмыртқаны күн сайын айдаһар ұшып келіп жеп қояды екен. Осылай күннен – күнге жалғаса береді.» - Балалар, қалай ойлайсыңдар, неге күн сайын самұрыққұсы жұмыртқа салған сайын айдаһар оны жеп қояды? Балалар «Астана – Бәйтерек» монументі осы ертегі мәтінімен байланысты. Нұрсұлтан Назарбаев «Біздің еліміз осы бәйтерек ағашы сияқты әрқашан биіктен көрініп, аспандағы күніміз алтын жұмыртқадай жарқырап, халқымыз тату – тәтті өмір</p>	<p>сермеп Нұр-Сұлтанға ұшып келгендей болады.</p> <p>Астанаға арналған тақпақтарын айтады. Астана – шапағаттың шуағындай Астана – махаббаттың тұрағындай, Астана – періштелер мекенісің Астана – Қазақстан тұмарындай. Мақал- мәтелдерін айтады. Ертегіні мұқият тыңдайды.</p> <p>Күн сайын жұмыртқаның пайда болуы, күннің шығуы ал айдаһардың жұмыртқаны жеп қойғаны, ол күннен кейін кеш болып, түннің пайда болуы, яғни күн мен түннің ауысуы.</p> <p>Слайдтан видеороликті 5 минуттай тамашалайды. Аялы алақанға қолдарын қойып, армандарын айтады. Балалар өздерінің армандаған армандарын айтады: - Мен Дәрігер болғым келеді. - Мен футболист болғым келеді. - Мен мұғалім болғым келеді. - Мен боксер болғым келеді. Т.с.с</p>
---	---

	<p>сүрсін» - деген оймен қазақ елінің символы ретінде жасалған. Биіктігі 97 метр. Панарама залында «Аялы алақан» тұмары бар. Оған келген әр адам өзінің армандарын айтады. Бізде солай істейік. Жарайсыңдар, балалар. Енді өзіміздің туған қаламыз Таразға қайтатын уақыт болды. Қане, көзімізді жұмып бәріміз қайтадан қайтайық.</p> <p>Балалар, қараңдаршы бізді Айымжамал апай күтіп қалған сияқты.</p> <p>- Сәлеметсіңдерме, балалар? - Қайда барып келдіңдер? Не көрдіңдер?</p> <p>Балалар Елорда сөзін орыс тілінде Столица дейміз. Ағылшын тілінде capitalcity деп айтамыз.</p> <p>Отан – Родина – Motherland қазақ тілі – родной язык – native language</p>	<p>Саяхаттан алған әсерлерін бір – біріне айтып, көңілді көңіл-күймен саяхаттан оралады.</p> <p>- Сәләметсіз бе.</p> <p>Маржан: Біз Нұр-Сұлтан қаласының әдемі ғимараттарын, демалыс орындарын, Есіл өзенін көрдік. Ең бастысы біз Бәйтереті көрдік, аялы алақанға қолымызды қойдық, армандарымызды айттық.</p> <p>Әнел: Есіл өзені қаланы екіге бөліп жатыр. Есілдің оң жағалауында көбіне тұрғын үйлер орналасқан, ал сол жағалауы жалпы Қазақстанның саяси орталығы болып табылады.</p> <p>Алихан: «Астана – Бәйтерек» монументі Елораның көрнекті орындарының бірі. Есіл өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан. Биіктігі 97 метр екен. Онда Н.Ә.Назарбаевтың алақанының таңбасы басылған.</p>
<p>Коррекциялық түзетушілік</p>	<p>Мынау, сізге алып келген сыйлықтарымыз, қабыл алыңыз. Балалар, Астана сөзінің мағынасын қалай түсінесіңдер, айтып беріңдерші. Жарайсыңдар,</p>	<p>А – Асқар таудай биікте С – Сарыарқаның төрінде Т - Тәуелсіз менің елімде А - Асқақтаған армандар Н – Нұрын шашқан бәйтерек А – Арман қалам – Астанам!</p>

	балалар енді ашық оқу іс әрекетін «Бәйтерек» биімен қорытындылайық.	Балалар қосылып би билейді.
--	---	-----------------------------

S00020 13.12.2020 ж

Қазақстанның орта ғасырдағы сәулет өнері

СУЙНИШЕВА ГУЛНАРА АЛЯСКАРОВНА
Алматы облысы. Алакөл ауданы. Жанама ауылы
"Жанама қазақ орта мектебі. Тарих пәні мұғалімі

Сәулет өнері.Өнердің бұл түрі Қазақстанда X-XII ғасырларда Қарахан мемлекетінің кезінде өркендей бастаған еді.Оның басты дәлелі-Тараз қаласының маңындағы Айша-бибі,Бабаджа қатын сияқты сәулет өнерінің тамаша туындылары.Алайда XIII ғасырдағы моңғол шапқыншылығы бұл өнердің дамуына үлкен нұқсан келтірді.Өйткені XIII ғасырдан XIV ғасырға дейін жерімізде айтарлықтай ірі құрылыстар салынбаған.

XIII ғасырдың екінші жартысынан бастап қалалық отырықшылық мәдениеттің жандана бастауының нәтижесінде XIV-XV ғасырларда ірі архитектуралық құрылыс жүйелері салына бастаған.Мәселен, бұл кезден бізге жеткен сәулет өнерінің тамаша үлгілеріне Арыстан-баб, Қожа-Ахмет Йасауи, Көккесене, Алашахан, Дәуітбек, Тектұрмас сияқты кесенелер жатады.

"Арыстан-баб кесенесі" көне Отырар қаласының батыс жағында 3км жерде, Сырдария өзеніне жақын орналасқан.Ел аузындағы аңыз бойынша, Арыстан-баб VII-VIII ғасырларда өмір сүрген. Оның басына тұрғызылған кесене құлап қалған. Сол құлап қалған күмбезді Әмір Темір XIV ғасырда қайта салғызыпты. Арыстан-баб кесенесі екі бөлмеден тұрады. Ортасында дәлізі бар. Негізгі бөлмелердің төбесі күмбезбен көтерілген. Кесене XIX ғасырда бірнеше рет жөндеуден өткен.

Қазақ сәулет өнері – ғимараттарды, құрылыстар мен ескерткіштер кешендерін жобалау, салу, оларға уақыт талабына сай эстетиклық көркемдік сипат беру өнерінің ұлттық саласы.

Материалдық игілікті жасаудың басты саласы ретінде Қазақ архитектурасы қоғамның өндірістік-экономика дамуына, ғылым және техника жетістіктерімен жарақтануына, оны жасаушылардың дүниетанымдық-эстет. талғамына тығыз байланысты жағдайда өркендейді. Қазақстан аумағындағы жекелеген аймақтарды, оның ішінде Оңтүстік Қазақстан өңірін адамдар шелл-

ашель дәуірінде (ерте палеолит кезеңі) қоныстана бастады. Ашель-мустье кезеңінде қоныстану аумағы айтарлықтай кеңейді. Қазақстан жерінде құрылыс салу жоғары палеолит дәуірінде пайда болды. Қаратаудағы, Баянауылдағы, Ұлытаудағы, Маңғыстаудағы үңгірлер мен адам тұрақтары шағын топтар болып өмір сүрген, бірігіп еңбек еткен алғашқы қауымдық құрылыстар аңшылардың, кейінірек ертедегі рулық қауымдарды құрған адамдардың тіршілік жайын сипаттайды.

Қазақ архитектурасы. Қошқар Ата құлпытасы. Атырау облысы

Дамсы тұрақтары) іздері сақталып қалған. Металл құралдарын пайдалану, кетпенді егіншілікке, мал өсіруге ауысу қоғамдық еңбек бөлінісінің бастамасы болды. Бақташы тайпалардың бөлініп шығуы кейінгі қола дәуірінде (Беғазы-Дәндібай мәдениеті) ұланғайыр далалық жерлерді игеруге мүмкіндік берді. Қола дәуірі тұрақжайлары тұрғын және шаруашылық бөлігі болып, қоршаумен екіге бөлінген (бұлар шаруашылыққа арналған қосымша құрылыстармен бірге дөңгелене орналасқан) тік бұрышты жеркепелер тобынан құралды.

Ошақтың үстіндегі орталық кеңістік бөренелермен сатылы-үшбұрышты түрде, басқа жағы тіреулі бөренелермен жабылды, қабырғалары тақта тастан қаластырылды немесе топырақтан соғылды (Оңтүстік Қазақстандағы Атасу, Бұғылы тұрақжайлары). Кейінірек дөңгелек пішінді үйлер, оның ішінде жиналмалы киіз үйлер, төбесі түйетайлы етіп жабылған тік бұрышты құрылыстар (қыстаулар) пайда болды. Сонымен қатар қабір үстіндегі құрылыстардың пішіндері мен түрлері сараланып бөлінді.

Қола дәуір сәулет өнерінің үлгісі өңделмеген тақтатастан қаланған Дың ескерткіштері кездеседі (екідің ғимараттары). Тас ғасырының мәйіт жерленген бейіттері күмбезбен көмкерілген және айналасы дөңгелене қоршалған, ортасында тас мүсіндері бар сәулетті кешендер түрінде жасалған. Қабір үстінде көлденеңі 30 м-ге жететін үлкен қорғандар (Жезқазған облысындағы Ақсу-Аюлы кешені) жиі салынған.

Үстіртте, Маңғыстауда, Орал маңында салынған мазарлар Еуразияның көптеген көшпелі халықтарында кең тараған баспана – күймені еске түсіреді. Іргетасы жоқ бұл мазарлардың босағасы берік бекітіледі, олардың ойықтары перделерді немесе шымылдықтарды еске түсіреді. Күмбездерінің ұшы оймышты сүмбі орнатылған цилиндр немесе шар тәрізді болып келеді. Барабандарға күмбездер орнату жиі кездесті. Ішкі безендіруі де баспана-күйменен сабақтастықты байқатады. Бірақ кейбір бөлшектерден сағаналы қорған астындағы құрылыстар (күмбездердің пішіні, тұрмыс заттарының, қару-жарақтың бейнесін салу, жоғ. ойық, т.б.) дәстүрлерінің ықпалы көрінеді. Қазақстан халықтарының көшіп-қону дәстүрінің біраз өзгеруіне байланысты, күймелер бірте-бірте жойылып, оның орнына бұрын халық арасына онша тармаған, орын ауыстыруға, қайта құруға неғұрлым қолайлы жиналмалы, алмалы-салмалы киіз үй қолданылды.

Дәулетті адамдардың киіз үйлері тікпе немесе жапсырма әшекейлермен өрнектелген ақ киізбен (ақ түс бұрын шарапатты болып есептелді; ру, ауыл, тайпа басының белгісі болды) жабылды. Киіз үй өрнегінің құрылымы, сондай-ақ, оның барлық композициясы белгілі бір жүйеге негізделді (шеңберлі шаңырақ – күн, уықтар – күн сәулесінің тарам-тарам шапағы, аспалы желбаулар немесе бақандар – “өмір ағашы”).

Киіз үйдің ортасына ошақ орнатылды. Оның есікке қарама-қарсы түпкі бөлігі – төр (құрметті) деп аталып, есіктің оң жағы әйелдердің орны (мұнда үй жиһаздары – жүк аяқ, абдыра, т.б. қойылды) деп есептелді. Есік (сықырлауық) әшекей, нақыш салынған тақтайлардан жасалды, ал киіз есік ши тоқымасының үстіне жабылды. Верный (қазіргі Алматы қ.) қаласының әкімш.-қоғамдық орт. 19 ғ-дың 80-жылдарының орта шенінде қазіргі 28 гвардияшы-панфиловшылар бағы маңына (бұрынғы қала бағы) салынды.

Бақтың айналасында ірі ғимараттар: губернатор үйі, офицерлер үйі, қоғамдық жиналыс ғимараты (қазіргі Қазақконцерттің әкімш. ғимараты), гимназия және архиерей үйлері орналасты. Олардың кейбіреулері (губернатор үйі, 1887 ж. Жер сілкінісі кезінде қираған) орыстың классик. архитектурасы стилімен салынды. Сілкініс қаланың тастан тұрғызылған көптеген құрылыстарын қиратты. Одан бергі кезде шағын үйлер күйдірілген кірпіштен қаланған аласа тұғыр қабатының үстіне ағаштан тұрғызылды.

Қаланың ірі ғимараттары ағаштан қиюластырылды. 1911 жылғы күшті жер сілкінісінен қирамай қалған үйлердің бірсыпырасы бүгінгі күнге дейін сақталған. Қазақстанда қалалар санының өсуіне байланысты жұмысшы поселкелері мен сауда-қолөнер орт. да көбейді.

Табиғат байлықтарын пайдалану негізінде Қарағандыда, Успенскіде, Жезқазғанда, Риддерде, Зыряновта, Шахта қ. маңында, Доссор, Мақат және басқа мұнай кәсіпшіліктерінде кенттер пайда болды.

S00021 13.12.2020 ж

История создания повести "Капитанская дочка"

ДИЛЬДАЕВА ШУГА МЫРЗАХАНОВНА
Жамбыл облысы.Тараз каласы. Кешкі орта мектебі
Орыс тілі мен орыс әдебиеті мұғалімі және
директордың құқық ісі жөніндегі орынбасары

Работа над произведением

Над своей повестью «Капитанская дочка» Александр Сергеевич Пушкин трудился в продолжение трех лет – с 1833 по 1836 год, а его написанию предшествовала кропотливая работа над исследованием исторических фактов. Первоначально целью автора было создать документальное произведение, но постепенно родился замысел написать художественную повесть о Пугачевском бунте.

Эпизод. Капитанская дочка

Чтобы труд был полезным грядущим поколениям, автор опирался на факты, изложенные в документах о восстании, длившемся с 1773 по 1774 год, а также семейных архивах, разрешение на использование которых он получил от Николая Первого. Но этого было мало, и Александр Сергеевич поехал в Приуралье и Поволжье – места, где происходили основные события Пугачевского восстания. Огромный вклад в работу внесли свидетельства очевидцев – непосредственных участников, а также свидетелей Пугачевской войны.

Прототипы главных героев произведения

Немаловажен тот факт, что прототипами произведения А.С. Пушкина «Капитанская дочка» стали реальные люди. Изучая исторические данные о том, кто был сообщниками Пугачева, автор произведения решил создать образ Швабрина, используя факты о подпоручике Шваниче, который в ходе войны перешел на сторону бунтовщика Емельяна Пугачева. Главный герой повести Петр Гринев имел своим прототипом человека по фамилии Башарин.

Эпизод из повести "Капитанская дочка"

Он будучи пленником, смог сбежать и присоединиться к армии, которая пыталась подавить восстание бунтовщика и его приверженцев. Фамилия

Гринева тоже выбрана Александром Сергеевичем вовсе не случайно: некто с такой же фамилией числился в списках людей, которых поначалу считали виновными в организации бунта, но позже оправдали.

Работа над образами главных героев

Первоначально автор планировал создать главного героя с противоречивыми чертами характера, но позже его замысел изменился, и Пушкин решил, чтобы в сюжете романа фигурировали два совершенно противоположных по характеру и взглядам персонажа – Петр Гринева и Алексей Швабрин. Эти антиподы создают основу произведения, и характер каждого из них раскрывается в отношении к одной личности – девушке Маше Мироновой. Но, чтобы сделать правильные выводы о роли этих героев, нужно рассмотреть поведение каждого в контексте повести.

Личность Петра Гринева

Этот юноша получил нравственное воспитание у себя дома, отец старался по мере возможности контролировать поведение мальчика. Наконец, он отправил его служить в Белгородскую крепость в надежде, что сын получит важные жизненные уроки. Там Петр Гринева проявил себя добрым и благородным, не терпящим подлости и наглости. Он смело вступает за честь любимой девушки Марии, прося освободить ее из заточения, даже невзирая на то, что при этом самому грозит опасность от Емельяна Пугачева. Для Гринева характерно безошибочное нравственное чутье. Он умеет быстро распознавать характеры окружающих его людей. Так, оказавшись в Белгородской крепости и познакомившись с новыми людьми, герой смог оценить душевную чистоту Маши Мироновой и распознать подлую и низменную натуру Алексея Швабрина.

Описание характера Алексея Швабрина

Алексей Швабрин – полный антипод Петра Гринева, человек подлый, дерзкий, наглый и самовлюбленный. Убивший во время игры на шпагах своего знакомого, даже переведенный в наказание в крепость, он не изменил свой образ мышления, но снова проявлял свой скверный характер.. Не умеющий дружить, он из зависти клеветает на своего друга Петра Гринева, высмеивая его талант писать стихи. Несмотря на свой дворянский титул, Алексей в своем самолюбии не гнушается даже предательством и подлостью, причем совершает плохие поступки неоднократно. Первый раз Алексей проявляет себя крайним подлецом на дуэли с Петром Гриневым, когда, воспользовавшись тем, что он отвернулся на окрик слуги, тяжело ранит его.

Создавая образ Швабрина, автор хотел показать человека, лишенного каких-либо моральных принципов и душевных качеств.

Образ Емельяна Пугачева

«Казнить так казнить, жаловать так жаловать: таков мой обычай» – эти слова произнес Емельян Пугачев, предводитель крестьянского восстания, описанный в повести А. С. Пушкина «Капитанская дочка». Образ этого героя вызвал немало споров и возмущения в то время, ведь в первый раз смутьян и бунтовщик, являющийся предводителем крестьянского восстания, предстал перед читателем не в роли жестокого, кровожадного убийцы, а как талантливый и храбрый вождь народа, который сумел возглавить крестьянское восстание благодаря смекалке, уму, неиссякаемой энергии и выдающимся способностям.

В дворянстве он видел исключительно зло и жестоко расправлялся с теми, кто, по его мнению, угнетал простой бедный народ, крестьян. Александр Сергеевич Пушкин в лице Пугачева создал образ человека, который, несмотря ни на что, помнит о сделанном ему добре. Из благодарности за заячий тулупчик и чарку водки, которыми Петр Гринев поделился во время бурана, Емельян Пугачев неоднократно сохраняет ему жизнь. Петр не раз убеждается в том, что этот человек не такой ужасный, каким преподносит его людям царская власть.

Александр Пушкин описывает Пугачева в своей повести не только как предводителя крестьянской войны, но и в образе простого казака. В его речи слышны присказки, пословицы, поговорки, иносказания. Он заставляет называть себя «царем-батюшкой», и объясняет это требование тем, что на Руси всегда будет жить вера в доброго царя. В отношениях с подчиненными можно заметить демократизм и отсутствие чиновничества. Каждый имеет право высказать собственное мнение и не согласиться с точкой зрения «государя».

Таким образом, Емельян Пугачев – личность противоречивая и загадочная. К сожалению, его жизнь закончилась трагически – предводителя крестьянского восстания казнили через обезглавливание, но главными особенностями образа Емельяна Пугачева остаются героизм и величие.

Окончание работы над повестью «Капитанская дочка»

Повесть Александра Сергеевича Пушкина «Капитанская дочка» была закончена, а затем опубликована в четвертом томе журнала «Современник» в 1836 году. Создав впервые реалистический исторический роман, автор мастерски и правдоподобно изобразил в произведении целую эпоху и раскрыл личность важной исторической фигуры – Емельяна Пугачева.

T00013 14.12.2020 ж

Дене шынықтыру оқу қызметіндегі тиімді әдіс-тәсілдер

ҚАЛДЫБЕКОВА ФАРИДА ҚАЛДЫБЕКҚЫЗЫ
Алматы облысы. Қапшағай қаласы. Балдәурен балабақшасы
Дене шынықтыру нұсқаушысы

Білім мен тәрбие беру саласының алғашқы сатысы балабақшаларда дене тәрбиесі маңызды орын алады. Ол мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын нығайтуға және өз беттерімен қимылдар жасай білуді үйретуге бағытталған.

Мектеп жасына дейінгі дене тәрбиесінің негізгі мақсаттары мынадай:

- балалардың негізгі қыймыл әрекеттерін жетілдіріп, спорттық қозғалыс жаттығулары мен ұлттық ойындары үйрету және сол үйренгендерін өз еріктерімен орындауға әрекеттендіру.

Бұл мақсатта қазақ халқының бала денесін жетілдіру әдістері, оларды қолдану жолдары және ғасырлар бойы сұраптылып келген озық тәжіребелер де ескерілген. Өйткені, ата - бабаларымыз балаларын ат құлағында ойнатып, қырда жарыстырып, шабандоздыққа үйреткен. Осындай мәнді де мағыналы тіршілік пен еңбек түрлерін игеру әрекеттері арқылы балалардың денесі шынығып, шымыр да тұлғалы бітім қалыптасқан, алып күштің иесі де шыққан. Осы ұлттық дәстүрді ұрпақтан – ұрпаққа жалғастыру мақсатында біздің балабақшада қазақ халқының тіршілік әрекетіне байланысты ұлттық нақыштағы қимыл – қозғалысына арналған жаттығуларды әр топтағы балаларға жасатып үйрету жұмыстары жүргізілуде.

Жас ұрпақты жан – жақты дамыған, ой - өрісі биік, тұлғасы сымбатты азамат етіп өсіру үшін тәрбие жүйесінде дене тәрбиесінің алар орны орасан зор. Ал оны неғұрлым ерте кезінен бастап, дұрыс жолға қойып жүргізсе, соғұрлым нәтижесі жемісті болатыны анық. Өйткені болашақ азаматтың денсаулығы мықты, мүсін тұлғасы дұрыс қалыптасқан, жігерлі де қайратты болып өсуіне, көпшілдік дағдыларын бойына терең сіңіруіне нақ осы мектепке дейінгі кезеңде тереңірек көңіл бөлінсе, дұрыс негіз қаланады.

Қазақтың кемеңгер ақыны, ұлтының бақыты үшін өз бойындағы бар дарыны мен білгенін аямай, дене тәрбиесіне зор көңіл бөлген Мағжан Жұмабаев: «Дене тәрбиесіне жеңіл қарауға болмайды. Дене жанның қабы. Қап берік болса ішіндегі заты берік болмақ.

Дене жанның құралы. Құралы мықты болса иесі де мықты. Сау жан – сау денеде ғана болады» - деген.

Сондықтан да бүлдіршіндер ағзасының қызметін жетілдіру, денсаулығын жақсарту, жүйкенің жұмысын дұрыс қалыптастырып, ширақ, жігерлі, икемді, сымбатты етіп өсіру, міне, осының барлығын ғылыми негізде тәрбиенің басқа түрлерімен ұштастыра жүргізу – балабақшалардың негізгі мақсаты мен алға қойған үлкен міндетінің бірі.

Балабақшамызда талапқа сай, жақсы жабдықтылған музыка залы, аулада спарт және ойын алаңдары бар. Оларда түрлі жарыстар, әр бағыттағы спорттық ойындар жиі жүргізіліп тұрады. Күнделікті ертеңгілік балалармен дене шынықтыру жаттығулары жасалады. Осы сабақ барысында балалардың дене бітімі дұрыс қалыптасып, іс қимылдары жетіліп, бұлшық еттері қатаюына көңіл бөлінеді.

Түскі ұйқыдан тұрғаннан кейін балалар бірнеше дене жаттығуларын жасайды. Дәрігерлер тарапынан балаларға әртүрлі емдік қасиеттері бар шөптерден сусындар (фито - бар) жасалынып ішкізіледі. Сонымен қатар балабақшада ата – аналардың қатысуымен түрлі спорттық жарыстар өткізіліп тұрады. Спорттық жарыстар мен түрлі ойын – сауықтар балалардың ой санасының қалыптасуына, өзін еркін ұстап және жан – жақты жетілуіне әсер етеді. Дене тәрбиесіне байланысты балабақшада «Шымықсан шымыр боласың», «Көңілді достар», «Кім жылдам», деген топ арасындағы эстафеталық жарыстар өткізіледі. Әр сабақ жан – жақты толқыланып, кем – кетігі болса толықтырылып, баланың толыққанды өсіп - өнуі мұқият қадағаланады.

T00019 14.12.2020 ж

Жасай бер, жаса Қазақстан!

РАХМЕТОВА МАДИНА АМАНГЕЛДИЕВНА
Ақмола облысы. Бурабай ауданы. Кенесары ауылы
Қ.Сәтбаев атындағы орта мектебі. Бастауыш сынып мұғалімі

Тақырыбы: Жасай бер, жаса Қазақстан!

Қатысушылар: 4-сыныптар

Мақсаты: Оқушылардың ойлау қабілетін, ой ұшқырлығын, шығармашылығын арттыру. Көрнекі іс - әрекеттік, сөздік - логикалық, ойлау әрекеттерін дамыту, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру. Оқушыларды шапшаңдыққа, икемділікке, ұжыммен жұмыста ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, белсенділікке, туған жерін, Отанын құрметтеуге тәрбиелеу.

Түрі: шығармашылық байқау

Әдісі: топтық, көрнекілік, сұрақ – жауап

Көрнекілігі: слайд, әр топта фломастер, плакат, түрлі түсті қарындаштар.

Ұйымдастыру кезеңі:

- Армысыздар құрметті ұстаздар, қонақтар және оқушылар! 4-сыныптар арасында ұйымдастырылып отырған **«Менің Отаным – Қазақстан»** атты шығармашылық байқауға қош келдіңіздер!

Бұл байқауды өткізу мақсатымыз оқушылардың Отанға, туған жерге деген құрмет сезімін арттыру, шәкірттердің білім деңгейін, шығармашылығын зерделеп, сарапқа салу, талантты, білімді оқушылардың талабын шыңдау.

Бүгінгі сайысқа 4-сыныптарының білімді, өнерлі оқушылары қатысады. Әр сыныптан 5 оқушыдан қатысады.

Айналайын, бір өзіңнен дана халқым,

Сақтаған ұлтымыздың берік салтын.

Тіл ұшына оралар кездескенде,

«Сәлем сөздің анасы» деген нақыл.

Топ алдына шыққанда басын иіп,

Сәлемдесу парызы әрбір жастың.

Өнерлерін паш етер ұландармен,

Сәтте келіп қалғандай танысатын.-дей келіп «жеті атасын білмеген жетесіз»-деп дана халқымыз айтқандай білгірлеріміз өздерін таныстырсын.

Бүгінгі сайысымыздың әділ қазылар алқасымен таныс болайық:

Ал енді байқауымыздың жоспарымен таныс болыңыздар:

1 - айналым. «Білгенге маржан»

2 - айналым. «Туған жерге байланысты ән-жыр»

3 - айналым. «Тапқыр болсаң, тауып көр»

4 - айналым. «Атам айтқан даналық сөздер»

5 - айналым. «Қылқалам шебері»

6-айналым. «Жырлайды жүрек»

Байқауға қатысатындарға іске сәт!

Алдымен «Менің Отаным – Қазақстан» атты шығармашылық байқауды бастамас бұрын, әр топтың басшылары келіп, бес түсті конвертті таңдайды. Сол конвертте әр топта айналым тапсырмалары бар. Таңдаған конверттегі тапсырмаларды әр айналымда орындайды.

Жүргізуші:

Қадірін білсең егер сен,

Қол ұшын берер ол саған

Есептеп жүрсең бәрін де,

Сүрінбейсің өмірде.-дей келе «Білгенге маржан» айналымын бастайық!

Мақсаты: бұл айналымда әр топқа 4 сұраққа тез жауап беру керек. Дұрыс жауапқа 1 ұпай.

Қызыл:

1. Қазақстан Республикасы өз Тәуелсіздігін қашан алды? (1991 жылы 16 желтоқсан)

2. Қостанай неге бай аймақ? (бидай)

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туында бейнеленген қыран құсы нені білдіреді? (ұзақ ғұмыр, биікте болу)

4. Қазақ хандығын құрған хандар? (Жәнібек пен Керей)

5. Заң бойынша бала деп кімді атайды? (18 жасқа толмаған адам)

6. Астана қаласы қай өзеннің жағасында орналасқан? (Есіл өзені)

Сары:

1. Қазақстан халқы алғаш рет өзінің Президентін қашан сайлады? (1991 жылы 1 желтоқсан)

2. Шымкент неге бай аймақ? (мақта)

3. Республика, облыс, аудан көлеміндегі маңызды салтанатты мәжілістерде орындалатын рәміздің бірі (Гимн)

4. ЕХРО-2017 Халықаралық көрмесі қашан және қай қалада өтеді? (2017 жылы Астана қаласында)

5. Үкіметті кім басқарады? (Премьер – министр)

6. Астананың бұрынғы атауы (Ақмола)

Көк:

1. Қазақстанның ұлттық ақшасы, ол қашан айналымға енді? (теңге, 1993 жылы 15 қараша)
2. Қызылорда неге бай аймақ? (күріш)
3. Президент резиденциясында, Үкімет үйінде ілулі тұрады. Барлық мекемелерде бар. Бұл қандай рәміз? (Ту)
4. Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан кейін ғарышқа алғаш самғаған қазақ ғарышкері кім? (Тоқтар Әубәкіров)
5. Заң шығарушы орган (Парламент)
6. Бәйтеректің биіктігі қанша метр? (97 метр, себебі 1997 жылы Алматы қаласы Астана қаласына ауыстырылды)

Жасыл:

1. Еліміздің рәміздері қабылданған күн? (1992 жылы 4 маусым)
2. Атырау неге бай аймақ? (мұнай)
3. Төлқұжатта, туу туралы куәлікте, орта білім туралы аттестатта құжаттарда бейнеленген рәміздің бірі? (Елтаңба)
4. Қазақ жерін жоңғарлардан түпкілікті тазарту жолындағы күресті жүргізген, үш бидің басын қосқан хан кім? (Абылай хан)
5. Ел басқару саласындағы ең басты тұлға? (Президент)
6. Президент резиденциясын атаңдар (Ақ Орда)

Күлгін:

1. Қазақстанның Ата Заңы қабылданған күн? (1995 жылы 30 тамыз)
2. Қарағанды неге бай аймақ? (көмір)
3. Қазақстан Республикасының жаңа Гимні қашан қабылданды? (2006 жылы 6 қаңтар)
4. Қазақ хандығына неше жыл толды? (550 жыл)
5. Қ.Р-ның азаматтары қандай білім алуға міндетті? Орта білім
6. Астананың бойтұмары (Бәйтерек)

Жүргізуші: «Өлең – сөздің патшасы, сөз – сарасы» деп Абай атамыз айтқандай келесі сайысымыз «Туған жерге байланысты ән жыр» деп аталады.

Мақсаты: бұл айналымда әр топқа орындары ауысып тұрған өлең жолдары беріледі, олар 1 минуттың ішінде өлең жолдарын құрап оқиды. Дұрыс жауапқа 5 ұпай беріледі.

Қызыл	
Кәрісін және жасын да. Сүйемін мен жерімнің Топырағын, тасын да. Сүйемін думанды елімнің,	<i>Мұқағали Мақатаев. Сүйемін, өскен Отаным. Сүйемін мен жерімнің Топырағын, тасын да. Сүйемін думанды елімнің,</i>

Кәрісін және жасын да.	
Сары	
Қарыздармын сондықтан, Беремін талай жырымды. Жылысып өткен жылыңды. Сүйемін, өсен Отаным,	<i>Мұқағали Мақатаев. Сүйемін, өскен Отаным.</i> Сүйемін, өсен Отаным, Жылысып өткен жылыңды. Қарыздармын сондықтан, Беремін талай жырымды.
Көк	
Құл емеспіз, еркін жанбыз, азатпыз. Кең далалы, кең пейілді қазақпыз. Сертің асы азат жігіт, азат қыз! Қас тағдырдың қиқанына көнбейміз, Ел намысын ешбір жауға бермейміз,	<i>Қасым Аманжолов. Қазақстан</i> Кең далалы, кең пейілді қазақпыз. Құл емеспіз, еркін жанбыз, азатпыз. Қас тағдырдың қиқанына көнбейміз, Ел намысын ешбір жауға бермейміз, Сертің асы азат жігіт, азат қыз!
Жасыл	
Айналдым, мен өзіңнен туған жерім. Бөленгем, ақ бесікке сонда алғаш, Туған жер, кіндік қаным, тамған жерім, Шыр етіп, жарық дүние келген жерім.	<i>Туған жер</i> Туған жер, кіндік қаным, тамған жерім, Шыр етіп, жарық дүние келген жерім. Бөленгем, ақ бесікке сонда алғаш, Айналдым, мен өзіңнен туған жерім.
Күлгін	
Сен дегенде лүпілдейді жүрегім. Қазақстан - көк байрақты ел едің, Өзің менің мақтанышым, тірегім, Өзің менің қуанышым, бақытым!	<i>Қазақстан</i> Қазақстан - көк байрақты ел едің, Сен дегенде лүпілдейді жүрегім. Өзің менің мақтанышым, тірегім, Өзің менің қуанышым, бақытым!

Сергіту сәті.

Жүргізуші: «Тапқыр болсаң, тауып көр» айналымы. Әр топқа сипаттама берілген ғимараттар суреті беріледі, сол суреттің атауын атау керек. Дұрыс жауапқа 5 ұпай.

Қызыл: «Думан» ойын-сауық орталығы. Астананың сол жағалауында 3D-кинотеатр, «Джунгли» аттракционы, боулинг, көпфункционалды зал, қонақ үй кешені, дәмханалар желісі, сауда залдары, балалар ойын алаңы және бірегей мұхитаралы бар кешен орналасқан. Мұхитаралдың бас тоғанының көлемі 3 миллион литр теңіз суын құрайды. Теңіз суын дайындау үшін жыл сайын 120

тоннаға жуық арнайы теңіз тұзы пайдаланылады. Мұнда Жер шарының әр түрлі теңіз фаунасының 100-ден астам түрінен 2000-нан астам теңіз мекендеушілері мекендейді. Бұл қандай ғимарат?

Сары: Хан-шатыр. Орталық Азиядағы баламасыз әрі ең ірі архитектуралық жоба, Қазақстандағы сауда орталықтарының ең үлкені, әрі бірегей сырт пішінімен айшықталатын, тұғырлы монолиттік сом құймалардан тұрғызылған бұл кешеннің биіктігі 200 метрді құрайтын, әлем деңгейіндегі ойын-сауық және сауда-саттықты біріктірген, алғашқы лайфстайл- орталық болып саналатын ғимарат?

Жүргізуші: «Атам айтқан даналық сөздер» айналымның **мақсаты** – әр топқа қиылған буындар берілген, сол буындардан мозаика жасаса, Отан, туған жер туралы мақал – мәтел шығады. Дұрыс жауапқа 2 ұпай.

Қызыл: Егесіз ел азар, иесіз жер тозар.

Сары: Сағынған елін аңсайды, Сарала қаз көлін аңсайды

Көк: Ердің көркі – елімен, Отан көркі – жерімен.

Жасыл: Отан үшін күрес, Ерге тиген үлес.

Күлгін: Отан үшін отқа түс күймейсің, Арың үшін алыссаң өлмейсің.

Жүргізуші: «Қылқалам шебері» айналым. «Болашақтағы Қазақстан» тақырыбында шығармашылық кезеңді бастайық. Топпен ақылдаса отырып, алдарыңызға берілген құрал-жабдықтардан өз қиялдарыңыздан жаңа Қазақстан суретін салып және оны қорғайсыздар. (10 мин)

Сергіту сәті.

Жүргізуші:

Отан!! Отан!

Сен болмасаң, не етер ем?

Мәңгілікке бақытсыз боп өтер ем,

Өмірден бұл өксіменен кетер ем.

Жалғыз Отан – мекенім, – деп тайға таңба басқандай жазып кеткен ойлары, бүгінгі, болашақ ұрпақтың бәріне айтылған ақыл-өсиет. Бұл сөздерді әрбір қазақ жүрегіне үкі етіп тақса да артық етпейді. Отанды сүюдің, оған құлай берілудің – асқақ үлгісі бұл. Ендеше ақынның Отанына, туған жері, қазақ еліне арнаған өлеңдеріне кезек берелік. Келесі **«Жырлайды жүрек»** айналымына да жеттік. Әр топқа берілген үй тапсырмасы тексеріледі. (Отан, туған жер туралы өлең айту)

Мұғалім: Туған еліміздің мерейі өсіп, абыройы тасқаның көруден артық қуаныш та, бақыт та жоқ болар бәлкім! Сол мерей мен сол абырой әлемдік деңгей мен әлемдік дәрежеде болып жатса, неге қуанбасқа?! Бүгінде әрбір Қазақстандық «Біздің мақтан тұтатын қасиетті тарихымыз бар, біздің сүйікті Отанымыз бар» деп бар дауысымен айта алады.

«Менің Отаным – Қазақстан» атты шығармашылық байқау аяқталды.

Сөз кезегін әділқазылар алқасына береміз.
Осымен сайысымыз аяқталды, көңіл бөліп тыңдағандарыңызға рахмет!

U00061 16.12.2020 ж

Атом энергетикасы

РЫСБЕКОВА АЯЖАН ДОСЫМЖАНҚЫЗЫ

Жамбыл облысы. Тұрар Рысқұлов ауданы. Әбжапар ауылы
№ 4 шағын орталықты орта мектебі. Физика пәнінің мұғалімі

Атом энергиясы жөнінде қоғамда кереғар пікірлер көп. Ол туралы аңыздар мен фактілер де қатар жүреді. Көп жағдайда «жасыл технологияны» қолдайтындар бұл энергия жөнінде жалған ақпараттар шығарып, сол арқылы Жер тұрғындарын атом энергиясына қарсы тұруға үгіттеп жүргені де рас. Не десек те, кез келген энергия түрі секілді атомның да өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Бүгін біз сіздерге энергияның осы түрі жөнінде біршама қызықты деректер мен жалған аңыздарды тізіп шықпақпыз.

1. Атом станциялары құрылысы жөнінен ең қымбат нысан болып есептеледі. Атом электр станцияларының (АЭС) қызмет ету мерзімі орташа есеппен қырық жылға тең. Оны салуға жұмсалатын қаржыдан бөлек, шикізат (байытылған уран) пен мерзімі өткеннен кейін пайдаланудан шығаруға кететін қаржы да ұшан-теңіз.

2. АЭС жанында өмір сүретін адамдардың арасында лейкемия (ақ қан, рак) ауруы жиі кездеседі деген түсінік бар. Алайда ол ғалымдар тарапынан еш дәлелденбеген тұжырым саналғандықтан, оны жалған аңыз деп айтуға толық негіз бар. Бұл аурумен Жердің кез келген нүктелерінде адамдар шамамен бірдей деңгейде ауырады. Ол АЭС-тің жаны болсын, табиғаты сұлу аймақ болсын статистика бойынша бәрі бірдей.

3. Көпшілігіміз оқығандай не теледидардан көргендей, біз жел мен толқын энергиясын экологиялық жағынан ең тазалары деп білеміз. Бірақ, бұл да даулы сұрақ. Өйткені көбіне жел станциялары суқоймалардың жанына салынғандықтан, ол аймақтың экологиялық балансын едәуір бұзады. Олардың саны көп болған сайын табиғатқа келетін шығын да арта түседі. Ал АЭС-тің бір өзі өндіретін энергия көлеміне тең энергияны өндіру үшін жүздеген жел станциялары қажет болады екен.

4. Кейбіреулер АЭС отын ретінде пайдаланатын уран жақын болашақта сарқылады дегенді айтады. Бұл – түбегейлі қате пікір. Себебі уранның Жердегі мөлшері алтыннан 600 есе көп. Бұл – шамамен 500 жылдық қор деген сөз. Ол біткен күннің өзінде ғалымдар торий элементін химиялық өңдеуден өткізіп, одан оп-оңай уран ала алады. Ал торийдің қоры ураннан үш есеге дейін мол екенін айта кетейік.

5. Атом энергиясының бағасы жөнінде көпшілік арасында әртүрлі ой бар. Бұл энергияның 10 пайызын ғана уранның бағасы құрайды. Оған әлемдік нарықтағы қойылған баға да мұнай мен газға қарағанда әлдеқайда тұрақты. Бүгінде атом энергиясына деген баға тек газдан ғана қымбатырақ. Ал жел энергиясынан жиырма есеге дейін арзан тұрады.

6. АЭС құрылысы өте ұзақ уақытқа созылады деген де аңыз бар. Бірақ бұл нысандар әрі кетсе 5 жылдың ішінде толық салынып бітеді. Бұл – мұндай алып қуаттағы станцияға соншалықты көп уақыт емес.

7. Бәрінен бұрын адамдарды атом электр станцияларынан бөлініп шығып, "қоршаған ортаға үлкен залал келтіретін газдың мөлшері" толғандырады. Алайда соңғы есептеулер бойынша, АЭС-тен бөлінетін газ күн және гидроэнергиямен салыстырғанда әлдеқайда аз көрінеді. Сондай-ақ бәзбіреулер радиоактивті қалдықтарды "көметін жердің болмауын" ойлап, түршігеді. Шындығына келгенде, АЭС-тен шығатын қалдық мөлшері өте аз және оны сақтайтын қоймалар тек 20-40 жылда ғана толығып отырады.

Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz/layfstayl/teho/bilesiz-be/19568/>

U00062 16.12.2020 ж

Химиялық реакциялардың типтері

МАХПИРОВА РОШАНГУЛЬ ТУРГАНОВНА
Алматы қаласы. Медеу ауданы. ЖББМ № 98 мектебі
Химия пәнінің мұғалімі

Химиялық реакциялар — заттардың өзара әрекеттесуі нәтижесінде олардың химиялық құрамы мен құрылысы өзгеріп, басқа заттарға айналуы.

Химиялық реакциялар масса сақталу заңы мен эквивалент заңына негізделген. Химиялық реакциялардың ядролық реакциялардан айырмашылығы — реакция кезінде әрекеттесетін заттар құрамындағы химиялық элементтер мен олардың атомдарының жалпы санының өзгермейтіндігінде. Химиялық реакциялар химиялық теңдеулер арқылы өрнектеледі. Химиялық процесте тура реакциямен қатар бастапқы заттар қайта түзілетін кері реакция жүреді. Қайтымды реакцияда тура реакция мен кері реакцияның жылдамдықтары теңескенде жүйеде химиялық тепе-теңдік орнайды, бірақ кері процесс баяу жүретіндіктен көптеген химиялық реакциялар қайтымсыз, яғни аяғына дейін жүреді.

Реакция кезінде заттар санының өзгеруіне қарай химиялық реакциялар:

- айырылу
- қосылу
- орын басу
- алмасу
- изомерлену

Айырылу реакциясында бір зат екі немесе одан да көп затқа айналады; мысалы: $2\text{HgO} = 2\text{Hg} + \text{O}_2$.

Орын басу реакциясында бастапқы жай және күрделі заттардан жаңа жай не күрделі зат түзіледі; мысалы: $\text{Zn} + \text{H}_2\text{SO}_4 = \text{ZnSO}_4 + \text{H}_2$.

Алмасу реакциясында екі күрделі зат құрам бөліктерімен алмасады; мысалы: $\text{BaCl}_2 + \text{H}_2\text{SO}_4 = \text{BaSO}_4 + 2\text{HCl}$.

Изомерлену кезінде молекула құрамындағы атомдар орындарын алмастырып, заттың жаңа изомері түзіледі.

Элементтерде тотығу дәрежесі өзгертін реакциялар тотығу — тотықсыздану реакцияларына жатады. Химиялық реакциялардың экзотермиялық реакция, эндотермиялық реакция деген түрлері де бар. Реакцияға қатысатын заттардың агрегаттық күйіне қарай гомогенді (заттардың агрегаттық күйлері бірдей), гетерогенді (заттардың агрегаттық күйлері әр түрлі) реакциялар болады. Гомогенді және гетерогенді реакциялар құрылысына қарай жай және күрделі болуы мүмкін. Егер жүйеде бір ғана қайтымсыз реакция жүретін болса, ондай реакция жай реакция деп аталады. Күрделі реакциялар бірнеше жай реакциялардан тұрады. Күрделі реакцияларға қайтымды, параллель, сатылы, тізбекті және катализатор қатысымен жүретін катализдік реакциялар жатады. Реакцияны жүргізуде қолданылатын энергия түріне байланысты Х. р.: термиялық, электрхимиялық, фотохимиялық, плазмахимиялық, т.б. топтарға бөлінеді.

Табиғатта және лабораторияда жүретін барлық химиялық жүретін қарапайым реакцияларға аллотроптық түр өзгеруі мен изомерлену құбылыстар химиялық реакцияларға жатады. Оларға ортақ белгі: заттардың бір-біріне айналуы, яғни бастапқы заттардағы (реагенттердегі) бұрынғы химиялық байланыстардың үзіліп, соңғы заттардағы (өнімдердегі) жаңа байланыстардың түзілуі. Демек, кез келген химиялық реакция жүру үшін оған қатысатын реагенттер бөлшектерінің (атомдардың, молекулалардың) әрекеттесуге жетерлік энергиясы болуы шарт.

Ең қарапайым реакцияларда заттың сапалық құрамы өзгермей сақталады. Оған химиялық элементтердің, жай заттардың аллотроптық түр өзгерісін мысалға алуға болады.



Мұндай реакциялар органикалық химияда жиі кездеседі, оларды изомерлену реакциялары деп атайды.

Неміс химигі Ф. Велер ашқан бейорганикалық зат — аммоний цианатының органикалық зат — карбамидке айналуы да изомерленудің бір түрі


Әрекеттесетін заттардың химиялық құрамы өзгере жүретін реакцияларды оларға тән белгілеріне қарай төртке бөліп жіктейді.

Заттардың құрамы мен саны өзгере жүретін реакциялар . Бұған бұрыннан таныс қосылу, айырылу, орынбасу, алмасу реакциялары жатады. Егер бірнеше реагент бірігіп бір ғана өнім түзсе, ол — қосылу, ал керісінше, бір күрделі зат ыдырап, одан бірнеше жаңа заттар түзілсе, айырылу реакциясына жатады. Органикалық химиядағы аса маңызды гидрлену, гидраттану, полимерлену реакциялары қосылу реакциясына мысал бола алады:





$\text{CH}_2 = \text{CH}_2 + \text{H}_2 \rightarrow \text{CH}_3 - \text{CH}_3$ (гидрлену)




Бұларға қарама-қарсы жүретін дегидрлену, дегидраттану, деполимерлену реакциялары, керісінше, айырылу реакциясы болып саналады:




Қаныққан көмірсутектердің құрамындағы сутек атомдарының галоген атомдарына орын беріп, жаңа екі күрделі затқа айналуы орынбасу реакциясына жатады. Мысалы, метан молекуласының біртіндеп хлорлануын алайық:



Бензолды бромдау реакциясы да осыған ұқсайды:




Екі күрделі заттың әрбірінің құрам бөліктерінің алмасуымен сипатталатын алмасу реакциясы нәтижесінде ерімейтін не өте аз диссоциацияланатын молекула түзілетінін немесе газ бөлінетінін бұрыннан білесіңдер. Органикалық заттар мен бейорганикалық заттар арасында жүретін мұндай әрекеттесулерге мынадай бейтараптану реакциясы:



реакция нәтижесінде түзілетін әлсіз көмір қышқылының газға ыдырауы:



ионданбайтын әлсіз кремний қышқылының бөлініп шығуы жатады:



Атомдардың тотығу дәрежесі өзгере жүретін реакциялар.


Мұндай реакцияларды тотығу-тотықсыздану реакциялары деп атайтыны белгілі. Реакция кезінде тотықсыздандырғыш атом электронын тотықтырғыш атомға беріп, біріншісі тотығып, екіншісі тотықсызданады. Электрондық баланс әдісі арқылы тотығу дәрежесіне сүйеніп, шартты түрде берген және алған электрондар санын есептеу арқылы теңдеуді оңай теңестіруге болады. Мысалы, альдегидтерді сутекпен тотықсыздандыру.

Өздерің көріп отырғандай, органикалық заттар құрамындағы тотығу-тотықсыздануға қатысқан атомды молекуланың функционалдық тобына жататын бөлігінен іздеу орынды. Сонда сірке альдегидіндегі альдегидтік топтың спиртке айналуы үшін ондағы көміртек атомы 2 электрон қосып алады. Әдетте, органикалық химияда электрондар қосып алуға ынталы тотықтырғыш бөлшекті (молекула, ион) электрофильді реагенттер, ал керісінше, электрондарды бөліп беруге дайындарын нуклеофильді реагенттер деп жалпы атаумен атайды.

Органикалық қосылыстардағы байланыстардың полюстігі тым аз болатындықтан, оның құрамындағы атомдардың шартты түрдегі оң не теріс тотығу дәрежесін табу кейде қиынға түседі. Мұндай жағдайда реакцияға қатысқан тотықтырғыш пен тотықсыздандырғыш атомдарды іздеп жатпай-ақ бастапқы реагенттің молекуласын ақырғы өнімге айналдыру үшін қажетті оттегі атомының санын есептеу арқылы теңестіреді. Мысалы, этанолды калий перманганатымен тотықтырып, сірке қышқылына айналдырғанда (біздің теңдеуде CH_3COOK), бастапқы реагентке $\text{C}_2\text{H}_5\text{OH}$ бір ғана оттегі атомы қосылып, екі сутек атомы бөлініп кететінін байқау оңай. Ал 2 сутек атомын байланыстыру үшін тағы да бір оттегі атомы қажет болатынын ескерсек, әрбір этанол молекуласы тотығу үшін 2 оттегі атомы керек болатыны айқын. Бұл тотықсыздандырғыштың 4 электрон бөліп, 2 оттегі атомын байланыстыратынын көрсетеді. Ал калий перманганаты KMnO_4 тотықсызданып, марганец диоксидіне MnO_2 айналғанда өзіне үш электрон қосып алатынын ескерсек, тотықсыздандырғыштың молекуласының алдында 3, тотықтырғыштың молекуласының алдында 4 коэффициенттерінің қайдан келгенін түсінетін боласындар:




Дәл осылайша глюкозаны $\text{C}_6\text{H}_{12}\text{O}_6$ қышқыл ортада калий перманганатымен тотықтыру реакциясын теңестіру үшін глюкозаның әрбір молекуласына 12 атом оттегі қажет екенін, ол 24 электрон берумен парапар болатынын, сол сияқты марганец атомы қышқыл ортада Mn^{+2} -ге дейін тотықсызданатынын ескеріп, 24 және 5 деген коэффициентті тауып пайдаланамыз:



Жылу эффектісімен сипатталатын реакциялар

Кез келген химиялық құбылысты, яғни химиялық айналуларды сипаттайтын реакциялар реагенттердің өнімдерге айналуын көрсетумен қатар олардың жылу эффектісін белгілеуге міндетті. Осыған бола жылу беле жүретін реакцияларды экзотермиялық, ал жылу сіңіре жүретіндерді эндотермиялық деп саралайтынын білесіңдер. Оларды арнайы термохимиялық теңдеулермен өрнектейді.

Термохимиялық теңдеудің ерекшелігі — берілген реакцияның жылу эффектісі таңбасымен қоса энтальпия түрінде ΔH (дельта аш) жеке көрсетіледі. Мысалы:



$$\Delta H_{\text{р.}} = -2610 \text{ кДж.}$$

Термохимиялық теңдеуден ацетиленнің жануы экзотермиялық реакцияға жататынын, яғни әрекеттесу жүріп жатқан ортадан жылу түріндегі энергияның сыртқа бөлінетіні (сондықтан таңбасы "-") байқалады.

Көбіне химиялық реакцияның жылу эффектісін табу үшін оған қатысатын реагенттер мен өнімдердің түзілу энтальпиясын (стандартты жағдайда) қолданады. Ол 1 моль заттың жай заттардан түзілгендегі энтальпиясына тең.

Энтальпия мәндері әрбір заттың тұрақтылығына және оның реакцияға түсуге бейімділігіне және т.б. тікелей байланысты болады.

U00063 16.12.2020 ж

"Жақсы дизайн" принципі ҚМЖ

АЯТОВА МЕРУЕРТ НУРИДИНОВНА
Алматы қаласы. Алатау ауданы № 152 мектеп-гимназиясы
Информатика пәні мұғалімі


Қысқа мерзімді сабақ жоспары

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі: 3 бөлім. Дизайн теориясы	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:
Сынып: 10	Қатысқан оқушылар саны: Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы	«Жақсы дизайн» принципі тақырыбына тәжірибелік жұмыс
Сабақтың түрі	Білім мен тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	10.2.2.1 Дизайн, дизайн түрлері бойынша көрнекі дизайнды жіктеу, берілген параметрлер бойынша графикалық нысанды құру (логотип, баннер, веб-бетке арналған батырма, текстура және т.б.)

<p>Сабақтың мақсаттары</p>	<p>Барлық оқушылар: Дизайн түрлерін, элементтер қосындысын, ақпарат қабылдау принциптерін біледі Оқушылардың басым бөлігі: графикалық нысанды (логотип, баннер, веб-бетке арналған батырма, текстура және т.б.) құрастыра алады. Кейбір оқушылар: «Жақсы дизайн» принципін қолдана отырып, логотип, баннер жасауды практикада қолданады</p>												
<p>Бағалау критерийлері:</p>	<p>берілген параметрлермен графикалық объектілерді құрасытру (логотип, баннер, веб-бетке арналған батырма, текстура және т.б.):</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) түрлі элементтерді қолданады; 2) Графикалық объект үшін өз эскизін жасайды; 3) Элементтерді топтастыруды қолданады; 4) логотип жасау кезінде ұстануға тиісті қағидаттарды қолданады. 												
<p>Тілдік мақсаттар:</p>	<p>Оқушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - файл пішімдерін талқылайды, - веб-беттерде графиканың қалай қолданылатынын біледі; - Конвертация қажеттілігін талқылайды. <p>Қажетті лексика мен фразалар: Логотип/батырма/баннер жасау үшін мен...</p> <p>Пән терминологиясы:</p> <table border="1" data-bbox="703 1610 1444 1877"> <thead> <tr> <th>Қазақ тілінде</th> <th>Ағылшын тілінде</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Принцип</td> <td>Principle</td> </tr> <tr> <td>Логотип</td> <td>logo</td> </tr> <tr> <td>Көрнекілік</td> <td>visibility</td> </tr> <tr> <td>Сапа</td> <td>Quality</td> </tr> <tr> <td>Баннер</td> <td>Banner</td> </tr> </tbody> </table>	Қазақ тілінде	Ағылшын тілінде	Принцип	Principle	Логотип	logo	Көрнекілік	visibility	Сапа	Quality	Баннер	Banner
Қазақ тілінде	Ағылшын тілінде												
Принцип	Principle												
Логотип	logo												
Көрнекілік	visibility												
Сапа	Quality												
Баннер	Banner												

Құндылықтар	БІнтымақтастық Топтағы іс-әрекеттері арқылы оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту
Пәнаралық байланыс	Еркін тақырыптағы дизайн суретін салу арқылы суретпен және ағылшын тіліндегі сөздіктер арқылы
Осыған дейін меңгерілген білім	Бейне контент құру, дизайн теориясы туралы біледі
Сабақтың барысы	
Сабақтың кезеңдері	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер
<p>Сабақтың басы 0-3 мин Қызығушылығын ояту</p> 	<p>Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу, түгендеу Топқа бөлу «Фигуралар» әдісі арқылы топтарға бөлу</p> <p>Үй тапсырмасын қайталау мақсатында сұрақ-жауап арқылы оқушылардың білімдері тексеріледі.</p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Дизайн терминіне анықтама беріңіз.</i> • <i>Көрнекі дизайнның қандай түрлері бар?</i> • <i>Дизайн элементтері қалай құрылады?</i> • <i>«Жақсы дизайнның» басты принциптеріне қандай принциптер жатады?</i>
<p>Сабақтың ортасы 2 мин</p>	<p>Жаңа сабақты ашу мақсатында «Миға шабуыл» әдісі арқылы тақтада көрсетілген суреттерді талқылай отырып жаңа тақырыпты ашады. Оқушыларға логотип жасаудың бір әдісі ұсынылады.</p>

https://www.youtube.com/watch?v=9OUap6VT_u0



Логотипті жасаудың үлгісі

Қалыптастырушы бағалау.
Дифференциациялау мақсатында оқушыларға келесі тапсырмаларды орындау ұсынылады, бұл тапсырмалар графикалық кескіндерді жасауда неғұрлым озық дағдыларды меңзейді.

Тапсырма *:

Өз жобаңыз (сайт) үшін графикалық объектілерді (логотип, баннер, батырмалар) жасаңыз.

Бағалау критерилерін тұжырымдау және талқылау.

Тапсырма **:

Кадрларды өзгерту (анимация) веб-сайт үшін графикалық баннер объектісін жасаңыз. Яғни, анимацияны жасау.

Ұсынылған тапсырмаларды орындаған кезде, оқушылар жұпта өз жұмысының нәтижелерін талқылайды.

Келесі тапсырманы орындау үшін оқушыларды жұптарға бөліңіз.

Қалыптастырушы бағалауда оқушылар келесі картаны пайдаланады.

Әрі қарай мұғалім барлық оқушылардан

	оқушыларға арналған жалпы сұрақтар қояды. Оқушылар өз жұмыстарығын қорытындысын жасайды.
Сабақтың соңы	Қорытынды Үй тапсырмасын беру Тапсырма: Өзіңіздің креативті өту батырмаларын жасаңыз Рефлексия
Дифференциация – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?	Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?
<i>Дифференциацияланған тапсырмалар ұсынылады. АКТ дағдылары дамыған оқушыларға бағытталған. Жоғары деңгейлі тапсырмаларға *белгісі қойылған.</i>	<i>Өзін бағалау, өзара бағалау, мұғалімнің бағалауы</i>
<p>Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары жүзеге асырымды болды ма? Бүгін оқушылар нені үйренді? Сыныптағы оқу атмосферасы қандай болды? Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді ме? Мен жоспарланған уақытымды ұстандым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?</p> <p>Төменде берілген бөлімді осы сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін пайдаланыңыз. Сол жақ бағанда берілген сабағыңызға қатысты ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз.</p>	

Жалпы баға

Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты)?

Қандай екі нәрсе сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (сабақ беру және оқытуға қатысты)?

Осы сабақ барысында сынып немесе жеке оқушылар туралы менің келесі сабағыма дайындалу үшін қажет болуы мүмкін қандай ақпарат алдым?

U00064 16.12.2020 ж

Бала құқығын әлеуметтік педагогикалық тұрғыдан қорғау

АМИНОВА РАУАН САДУАКАСОВНА

Ақтөбе облысы. Алға ауданы

Ақай орта мектебі Әлеуметтік педагог

Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты — балада» деген екен. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты — тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні — өз ұрпағы.

Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз — ата-ана. Ата-ана — бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер — жанұяда тәрбие балаға сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің үлгісімен сіңеді. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата — аналар «Екеуіміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл-қыздармен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа. Жанұядағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуы балаға теріс әсер етеді. Бала алдында әке-шеше үй ішінің үлкендердің әдептілік танытқаны жөн. Мысалы, арақ пен темекінің толып жатқан зиянын біле тұра, балалардың көзінше арақ ішіп, үсті-үстіне темекі тартқандар бар. «Көрінген таудың алыстығы жоқ» дейді, ертең-ақ ұл өсіп ер жетеді, қыз өсіп бой жетеді.

«Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді халық даналығы. Бала кішкентай кезінен-ақ әр нәрсеге әуестеніп үлкендерге көмектескісі келеді. Бұған кейбір әке-шеше «жұмысымды бөгейсің, істеп жатқан ісімді бүлдіресің» деп ұрысып жіберуі мүмкін. Бұл қате түсінік. Керісінше, өзің жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғызып, оның үйренуіне көмектескен орынды. Тіпті балаға берген тапсырмаңыздың аяғына дейін орындаулына төзімділікпен бақылау керектігін де ұмытпаған жөн. Осылай баланың бірте-бірте еңбекке деген болашағына жол ашылады. Әрі істеген ісін ұқыпты да тындырымды орындауына бағыт бересіз.

Баланың жақсы ісін мадақтап, терісін оң етіп түсіндіріп отырса, ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырмасын орындауға қарсылық білдірмейді.

Отбасында басты мәселелердің бірі – баланың тіршілік іс - әрекетін дұрыс ұйымдастыру. Ол үшін баланың күн тәртібі, жеке басына қойылған талаптар, міндеттер, үй еңбегіне араласуы, білімі, қызығушылықтары, бос уақытын дұрыс ұйымдастыруына көмектесіп ықпалын тигізу. Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау — ата-ананың басты парызы.

Қарапайым мысалға жүгінсек, мектепке келген кезінде сондай сүйкімді, тілалғыш, жүрегі таза, сезімі пәк жас бүлдіршін орта немесе жоғары буынға келгенде неге өзгеріп сала береді? Сондықтан мына бала қандай еді, қалай өзгеріп кетті? Мынадай жаман әдеттерді қайдан үйреніп ала қойды? Неге озбырлық жасуға бейім болып алды? - деген сияқты сауалдар алдыңнан кесекөлденеңдейді. Әрине, оның себептерін жан-жақтан іздеуге болады. Ата-анасын жүрген ортасын қосқанда оның тәрбиесіне мұғалімнен басқа бірнеше адамның қатысы бар. Балаға жүрек жылуы қашан да қажет және ол ешқашан артық болмайды. Ата-анасынан көрмеген сүйіспеншілікті мұғалімнен көрген бала менің ата-анам да осындай болса, деп армандауы мүмкін. Мұғалімін тек жақсы қырынан таныған оқушы үшін оның айтқаны анық, дегені дәл болып көрінеді. Баласын қалай жақсы көретінін дұрыс білдіру кез келген ата-ананың қолынан келе бермейді. Біреу жақсы киіндіріп қояды, біреу тамағы тоқ болса болды деп, қалтасына ақшасын салып бергеніне мәз. Біреулері өте қатал, айтқанын орындатады. Бала қорыққаннан уақытша тыңдайды, бірақ ата-анасының уысынан шыққан соң өзін-өзі ұстай алмайтын жағдайға жетеді.

Абай атамыздың жетінші қара сөзінде «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біріншісі — ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар тәннің құмары, бұлар болмаса тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Екіншісі — білсем екен деп ұмтылып, одан ержетіңкірегінде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?» «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі «жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен.» деген үлкен пәлсопалық ой жатыр. Яғни, балаға туғаннан тән азығы — тамақ қандай қажет болса, жан азығы — жылулық, сүйіспеншілік те сондай қажет. Отбасында негізгі туыстық қатынас - ерлер жағымен есептелген. Сонымен қатар әйел жағымен де туыстық байланыстардың атаулары бар. Қыздан туған балаларды жиен деп атап, балалар үшін шешесінің туыстары нағашы, нағашы жұрт деп аталды. Қазақ салты бойынша жиенді ренжітуге болмайды, сұрағанын беріп, көңілін жықпауға тырысқан.

Дәстүрлі қоғамда ата-апаның тәрбиесін көрмей өскен бала болмаған. Ата-апалар жыр, дастан, ертегі айтып немере-шөберелерін рухани байытып тәрбиелеп отырған. Қазақтың ежелгі дәстүрі бойынша тұңғыш немересін атасы мен апасы өз қолына алып, немере ыстық болғандықтан балаларынан да артық көріп, тәрбиелеген. Тұңғыш немерелер ата-апасын өз әке-шешесіндей санап, туған әке-шешесін тек қана өскеннен кейін де танып жатады. Кейде тұңғыш немересі кенже ұлының орнына, атасының қара шаңырағына ие болып та қалатын жәйт кездеседі.

Баланың аты-бала. Ол білместікке ұрынбай тұрмайды. Тіпті, бірінші қадамдарына бөбектің ісі бүлдіруден келеді. Бүгін аңдаусыздан аяқ-табақтың бірін сындырып алса, ертең шалбарын шегеге ілдіріп үйге қайтуы да ықтимал. Мұндайда халқымыз «Ата-балаға саншы» немесе «Баланың балалығына әкенің даналығы бар» дейді. Баланың балғын ойы мен сенімі алдында ең беделді тұлға – әке, әлеуетті, ақылды, білімдар әке. Жаны сұлу жайсаң азамат өсіруде әке орны бөлек.

Әке - әулет басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы. Отбасындағы ұл тәрбиесінде әке мен апалардың орны ерекше.

Әке үйі барлық балалары үшін үлкен үй, қара шаңырақ деген киелі ұғымдармен сыйлы да құрметті.

Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнер білімі ұл баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Әке қашанда баланы сөзбен емес, өзінің ісімен тәрбиелейді. Ер бала ең алдымен әкенің өнегесінен нағыз ер адам қандай болу керектігін қабылдайды. Сондықтанда әке ұлын батылдыққа, батырлыққа, ер жүректікке, адалдыққа, қайраттылыққа, ұлтжандылыққа, әйел баласына серілік қарым-қатынас танытуға, отағасы қандай болу керек екендігін өз тәжірибесі арқылы үйретіп, үй еңбегінің аса қиын соғатын істерді өз мойнына алуға талпынуға тәрбиелеуі керек.

Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнер білімі ұл баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Қазақта біреудің баласы жақсы, өнегелі азамат болса: «Оның әкесі немесе атасы жақсы кісі еді, көргенді бала екен, өнегелі жерден шыққан ғой», - деп мадақтайды. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, отбасында ұлдар әкелері немесе аталарының бойындағы қасиет пен өнерін үйреніп өскен. Шығармашылықта, ақындықта танылған жас баланың тәрбиесіне аса назар аударылған.

Ана өмірдің қайнар бастауы. Ана – ақылды тәлімгер. Ана – бала бақытының бағбаны. Ана өз басын, өз денсаулығын ұмытып, өзгелердің қамын жеуді бәрімізге үйретуші. Аналық парызын адал ақтаудың біздің үлкен әжелеріміз, туған аналарымыз әсем үлгісін танытып өткен. Қазірде де пейілді аналар қаншама.

Әйелдің басты парызы ана атанып, адамзат ұрпағын көбейтуге үлес қосу, әр адам ұл – қыз сүйіп, әрқайсысына отау тіктіріп, енші бөліп берсін, немерелер мен шөберелердің қызығын көрсін – яғни солардың бәрін саналы азамат, өнерлі еңбеккер етіп тәрбиелесін – халықтың қалауы осы. «Бала – артта қалған із, бақыт – ұзатылған қыз» дейді халық. Ал ананың міндеті ұлының алдында барлық әйелге тән жақсы қасиеттерді көрсете отырып, өзінің шынайы және шексіз махаббатымен ұлынан да әйел баласы алдында сондай жауапты қасиеттерді көрсетуге шақырады және оның эмоционалды дамуына себепші болады. Ер баланың анасына деген қарым-қатынасы белгілі дәрежеде қыз балалармен жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру мәнін игеруге мүмкіндік тудырады, адамдарға қамқорлық жасауға үйретеді, өзінің маңайындағыларға қажетті көмек жасауға ықпал етеді. Отбасында жеткіншек ер баланы тәрбиелеу – бұл қарапайым емес маңызды және жауапкершілікті талап ететін үлкен іс. Өйткені осы жастағы ер баланың бойынан шығармашылыққа, өзінің өмірден орнын іздеу сияқты талпыныстарын байқауға болады. Осы тұста ата-ана олардың жан дүниесін түсініп, дер кезінде бағыт-бағдар көрсетсе, бұл ата-ананың бала тәрбиесіндегі тапқырлығы болып саналады.

«Ана – балаға жастық, әке – көрпе». Бұл – ұрпақтың тәрбиесіндегі бар ауыртпалық ата – ананың ғұмыр бойы мойнында деген сөз. «Білімсіз бүлдіреді, ата – анасын күйдіреді». Бұл да бір мәнді мақала.

«Әр үйдің қашан барса төрі дайын, сыйлаған ата – анасын адал ұлға» деп босқа айтылмаған. Әкесін – шешесін аялауды азап деп қаңа қарайтындар бар. Бұл – білместік. Әрі көргенсіздік. Ата – анасын ардақтағандарды алыс – жақын ағайындар да, жолдас – жоралар да сыйлайтынын әрбір жас біліп өссін. Әкенің үмітін, ананың ақ сүтін ақтау – перзенттік парыз екенін ұмытқандар ұятқа қалады.

Мектеп партасында отырған баланың жан – жақты тәрбие алуына ең бірінші ықпал ететін ұстаз болса, оның сүйеушісі – ата-ана. Сондықтан ата-ана өз баласының білім алуына барынша жағдай жасауы тиіс, оқу үлгеріміне күнделікті назар аударып, қадағалап отыру керек. Өкінішке орай, кейбір ата-аналар бұған жеткілікті мән бермейді. Тіпті, кейде баласының қай сыныпта оқитынын, сабақтарының жетекшісін де білмей жататын үлкендер бар. Бала тәрбиесі - өте күрделі үрдіс және ешқандай үзіліс, демалыс дегенді білмейді. Баланың жақсысы әке мен шешенің ары, ата-ананың абыройы, жаманы – қайғысы, бақытсыздығы, азабы», - дейді халқымыз. Бала мектепте 6,7 сағат болса, 18 сағат үйде болады, сол себепті ата-ана баласының оқуын, жүріс-тұрысын, жолдастарын сонымен қатар киетін киімін де қадағалап, аптаның соңғы күндері сынып жетекшісімен, пән мұғалімдерімен байланыс жасап сабақ үлгерімі, тәртібі жайлы мәлімет алып отыруы қажет.

U00065 16.12.2020 ж

Доппен жаттығулар

МУХАНБЕТЖАНОВА УЛЖАН ТОЙЖАНОВНА
Қызылорда қаласы. С.Сейфуллин атындағы № 4 ІТмектеп лицейі
Дене шынықтыру пәні мұғалімі

Пәннің аты	Уақыты:	Кабинет:	Мұғалім
Сабақ тақырыбы	Доппен жаттығулар		
Мақсаты Күтілетін нәтиже	Тақырыптың маңыздылығымен танысады, денесін жаттықтырады, алған білімін өмірде қолдана алады.		
Психологиялық ахуал	Психологиялық дайындық «Жүректен - жүрекке» шеңбері – Әрбір еркелетіп айтатын есім гүлге ұқсайды. Гүлдердің бәрі әдемі: раушан да, қызғалдақ та, бәйшешек те – бәрі де өзінше керемет, бәрі де адамға қуаныш сыйлайды. Біздің есіміміз де осындай керемет!	Оқушылар шеңберде жиналып, мұғаліммен бірге бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді.	
Топқа бөлу	Геометриялық фигуралар үлестіріледі	Оқушылар таңдаған фигураларына сай топтарға бөлініп отырады.	
Қызығушылықты ояту	Жаңа тақырыпқа арналған таныстырылым тамашалау Жоба жасау Қорғау		
Сергіту сәті	Тақырыбы: «Хан талапай» Ойынның мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу. Ойынға қызығушылығын арттыру. Ойынның шарты: Ойынға 5-10 балаға дейін қатыса береді. Асық көп болу керек. Көп асықтың ішінен үлкенірек біреуін алып қызыл түске бояңдар. Осы асық «хан» болады. Алдымен санамақ		

	<p>арқылы ойын бастаушыны тағайындап алыңдар. Осы бала асықтың бәрін уысына жиып алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Сендер «ханның» қалай түскенін байқап отырыңдар. Егер «хан» бүк, шік, тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере-ыршытып біріне-бірін дәлдей отырып тигізеді. Тигізген асықтарды өзіне алады.</p> <p>Керекті құралдар: Асықтар</p>							
Жаңа сабақ	<p>Доппен жаттығулар Тақырыпқа сай дайындалған ресурстармен постер жасау Оқулықтағы тапсырмаларды орындау Жаттығулар жасау</p>							
Ой толғаныс	<p>БББ кестесі</p> <table border="1" data-bbox="438 936 1359 1086"> <thead> <tr> <th>Білем</th> <th>Білдім</th> <th>Білгім келеді</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>		Білем	Білдім	Білгім келеді			
Білем	Білдім	Білгім келеді						
Үйге тапсырма	Жаттығу	Күнделіктеріне жазып беремін						
Бағалау	<u>Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау</u>	Бағалау парақшасын толтырады.						
Кері байланыс		Смайликтерді өзі қалаған нұсқаға жабыстырады						

W00061 21.12.2020 ж

География және жаһандық проблемалар

АСЕТОЛЛАНОВА МЕРУЕРТ ОРАЛБАЕВНА

Алматы облысы. Қарасай ауданы "Еңбекші ауылындағы
орта мектеп" КММ. География пәнінің мұғалімі

Ғаламдық проблемалар - әлемді тұтас қамтитын табиғи, табиғи-антропогендік немесе таза антропогендік құбылыстар. Осы құбылыстардың даму процесі жаһандану деп аталады.

Қазіргі таңда Халықаралық деңгейде мынадай жаһандық проблемалар бар:

- Ресурстар проблемасы;
- Азық-түлік немесе ашаршылық проблемасы;
- Энергетикалық проблема;
- Демографиялық проблема;
- Климаттың өзгеруі;
- Экологиялық проблемалар;
- «Үшінші әлем» елдерінің артта қалуын жою;
- Қауіпті ауруларды жою;
- Әлемдік мұхит пен космосты игеру;
- Қылмыспен және терроризммен күрес;
- Наркобизнеспен күрес.

Ғаламдық проблемаларды ерекше білім саласы - глобалистика зерттейді. Аталған ғаламдық проблемалар өзара тығыз байланысты және барлығы іс жүзінде жердегі экологиялық дағдарыстың даму процесімен қамтылады. Әрбір ғаламдық проблеманы міндетті түрде шешу қажет, өйтпесе оның дамуы апатқа - өркениеттің жойылуына дейін апарып соғады. Ғаламдық проблемаларды шешу үшін ғаламдық, аймақтық, ұлттық бағдарламалар жасалады, бірақ оларға келісушілік және үйлестірушілік жетіспейді. Ғаламдық проблемаларды шешуге жұмсалатын шығындардың жартысына жуығын экологиялық проблемаларды шешу шығындары құрайды. Өйткені басқа проблемалардың ішінде ғаламдық экологиялық проблемаларды ең артықтау проблема деп санайды.

Ғаламдық экологиялық проблемалар - ғаламдық, аймақтық және ұлттық деңгейлерде айқындалған экологиялық проблемалар кешені. Зор геосаяси проблеманың экологиялық қауіптілігінің мынадай көріністері бар: табиғи экожүйенің бұлінуі, озон қабатының жұқаруы, атмосфераның, Әлемдік мұхиттың ластануы, биологиялық әралуандылықтың азаюы және т.б.

Олар тек қана барлық елдердің қатысуымен, БҰҰ-ның басқаруымен шешілуі мүмкін. Экологиялық проблемалардың ғаламдығы оны шешу үшін барлық елдердің жігерін жұмылдыру қажеттігін тудырып отыр; қарудың барлық түрлерін азайтпай экологиялық дағдарыстан айырылу мүмкін еместігі; биосфераның жалпыға ортақ ластануына қарай ядролық соғыс ғана емес, тіпті жай соғысты жүргізудің мәнсіздігі; қазіргі өркениеттің технологиялық құрылымын қайта құру, өмір негізі болатын табиғатпен өзара іс-әрекеттің жаңа сапалы әдістері мен құралдарын жасау; қоршаған ортаны қорғау проблемасы бойынша БҰҰ органдары жұмысының тиімділігін арттыру және оларға төтенше өкілеттік беру.

Озон қабатының (озоносфераның) бұзылуы.

Атмосферадағы озонның мөлшері бар болғаны 0,004%-ды құрайды. Стратосферада (10-50 км биіктіктегі) қалыңдығы 2-4 мм-ді құрайтын қабат. Атмосферада электр зарядтарының, Күннің ультракүлгін радиацияларының әсерінен оттегінің молекуласынан (O₂) озон молекуласы (O₃) түзіледі. Озон қабаты биосфераның жоғарғы шекарасы болып есептеледі. Одан жоғары орналасқан қабаттарда тіршілік нышаны білінбейді. Жер бетіндегі барлық организмдердің тіршілігіне қауіпті Күннің өте қысқа ультракүлгін сәулелерін сіңіріп отыруына (6500 есе) байланысты озон қабатын «қорғаныш қабаты» деп те атайды. Озон қабатының 50%-ға бұзылуы ультракүлгін радиацияларды 10 есеге көбейтеді. Озон қабатынан күннің ұзын толқынды ультракүлгін сәулелері (290-380 нм) өтіп кетеді. Біраз мөлшерде тіпті бұл сәулелер адам үшін пайдалы да: терімізді қарайтып күйдіреді, организмнің қорғаныштық қызметі артады. Тал түсте ультракүлгін сәулелердің концентрациясы көп болғандықтан, күнге күйіп қыздырыну процесін шаңқай түске дейін жүргізген жөн.

Озоносфераның бұзылуы орны толмас жағдайларға, тері ісік ауруының күрт көбеюіне, көз катарактасына, жүйке жүйесінің әлсіреуіне, мұхиттағы планктонның жоғалуына, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің мутациясына алып келеді.

1980 жылдары Антарктидадағы ғылыми жұмыс станцияларында жүргізілген зерттеулерден атмосферадағы озон құрамының төмендегені байқалған. Осы құбылыс- «озон тесігі» деген атау алды. 1987 жылдың көктемінде Антарктиданың үстіндегі «озон тесігі» барынша үлкейіп, оның ауданы шамамен 7 млн км² -ді құрады, яғни, ауадағы мөлшері қалыпты нормадан 30-50%-ға төмендеген. Антарктидадағы бұл құбылыс қыркүйек-қараша айларында байқалып, маусымның басқа кездерінде озонның мөлшері нормаға жақын болады. Кейін анықталғандай, атмосферадағы озонның мөлшері Солтүстік жарты шардың орта және жоғары ендіктерінде қыс-көктем (қаңтар-наурыз) айларында, әсіресе Еуропа, АҚШ, Тынық мұхит, Ресейдің еуропалық бөлігінде, Шығыс Сібір, Жапония үстінде жылдан- жылға азайып келеді.

1992 жылы Оңтүстік Америка құрылығы мен оған жақын кеңістіктерде озон құрамының айтарлықтай төмендегені (50%-ға) тіркелді. 1995 жылы көктемде Арктиканың озонды қабаты шамамен 40%-ға дейін азайған. Сонымен бірге Канаданың солтүстік аудандарында және Скандинавия түбегінің, Шотландия аралдарының, Қазақстанның, Якутияның үстінде «мини-тесіктер» қалыптасқаны тіркелген. Озон қабатының бұзылуы, яғни, «озон тесігінің» пайда болуы биосферада елеулі өзгерістер тудыруы мүмкін. Сондықтан бұл жағдай күрделі экологиялық мәселенің бірі. Озон қабатының бұзылу процесіне ғарыштық аппараттар, дыбыстан да жылдам ұшатын ұшақтар және ондағы толық жанып бітпеген отын өнімдері және ядролық жарылыстардан бөлінген заттар әсер етеді.

Алайда озон қабаты үшін ең қауіпті заттар - үй тұрмысы мен өнеркәсіпте пайдаланатын мұздатқыштар мен аэрозольді баллондарда пайдаланатын фреондар. Осы заттар атмосфераның жоғарғы қабаттарына көтерілгенде қарқынды түрде озонды бұзатын хлор немесе басқа галогендердің атомын түзетін фотохимиялық ыдырауға ұшырайды, ал олар әрі қарай озонның оттегіне айналу процесін жылдамдатады. Дүние жүзі бойынша шамамен 1,3 млн тонна озон ыдыратушы заттар өндіріліп отырған. Оның 35%-ын АҚШ, 40%-ын Еуропа елдері, 10-12%-ын Жапония, 7-10%-ын Ресей өндіреді.

Озон қабатының бұзылуы адам денсаулығы мен қоршаған ортаға өте зиян екендігі ресми түрде де айтылуда. Озон қабатын сақтау үшін халықаралық келісімдер қажет. 1987 ж. Монреаль хаттамасында фреондарды өндіру және пайдалануды бақылау жайында 70 мемлекет арасында келісім жасалды. Ол құжат бойынша озон қабатына қауіпті фреондарды өндіру 2010 жылға дейін тоқтатылуы керек болатын.

Парникті эффект (жылу эффекті).

Жанғыш қазбаларды өртеу және басқа да өнеркәсіптік процестер әсерінен бөлініп, атмосферада жинақталатын көмір қышқыл газ (CO_2), көмірсутектер, яғни, метан (CH_4), этан (C_2H_6) және т.б. (жоғары концентрациясы болмаса бұл заттар жекелей аса қауіпті емес) газдары парникті эффектiнiң пайда болуына алып келеді. Парникті эффектiнiң механизмі қарапайым. Бұлтсыз ауа райы ашық кезде күн сәулелері Жер бетіне оңай жетіп топырақ, өсімдіктер жамылғысымен сіңіріледі. Жер беті қызған соң жылу энергиясын ұзын толқынды сәулелену түрінде атмосфераға қайта береді. Алайда бұл жылу энергиясы атмосферада шашырамай жоғарыда айтылған газдардың молекулаларымен сіңіріліп (CO_2 жылу энергиясының 18%-ын сіңіреді), молекулалардың қарқынды қозғалысына және температураның көтерілуіне алып келеді. Атмосфералық газдар (азот, оттегі, су парлары) жылу сәулелерін сіңірмей, керісінше оларды шашыратады. CO_2 -нің концентрациясы жыл сайын 0,8-1,5 мг/кг-ға көтерілуде. Зерттеулер бойынша CO_2 -нің мөлшері ауада екі есе көбейсе, орташа температура 3°C - 5°C -қа көтеріледі.

Бұл өз кезегінде климаттың ғаламдық жылуына, яғни, Антарктидадағы мұздықтардың жаппай еруіне, Әлемдік мұхиттың орташа деңгейінің көтерілуіне, көптеген жердің су астында қалуына және басқа да жағымсыз жағдайларға алып келеді.

Климаттың ғаламдық жылуы - биосфераның антропогендік ластануының бір көрінісі. Бұл климаттың және биотаның өзгеруі: экожүйедегі өнімділік процестерінің, өсімдіктер қауымдастықтары шекараларының, ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігінің өзгеруінен білінеді. Әсіресе климаттық өзгерістер Солтүстік жарты шардың жоғары және орта ендіктерінде қатты байқалады. Бұл аймақтардың табиғаты әртүрлі әсерлерді қабылдағыш келеді, сондықтан да оның қайта қалпына келуі өте баяу жүреді. Болжамдар бойынша, температураның көтерілуі дәл осы жерлерде жоғары болады. Тайганың аумағы кей жерлерде солтүстікке қарай 100-200 км-ге, кей жерлерде одан азырақ жылжиды. Температураның көтерілуіне байланысты мұхиттардың деңгейі 0,1- 0,2 м көтеріледі. Бұл өз кезегінде үлкен өзен аңғарларының (әсіресе Сібір өзендерінің) су астында қалуына алып келеді.

Өнеркәсіптік қалдықтар

Өнеркәсіптік (өндіріс орындары) қалдықтар - өнімдерді шығару және әртүрлі жұмыстарды орындау кезінде бастапқы тұтыну қабілетін толық немесе жарым-жартылай жоғалтқан шикізат, материалдар, жартылай фабрикаттар қалдықтары. Олар қайтымды және қайтымсыз (технологиялық шығындар: буға айналу, бықсық түгін, кеуіп кету) болуы мүмкін. Мәліметтер бойынша Еуропа одағы елдерінде жыл сайын: қайта өңдеу өнеркәсіп орындарында - 400 млн тонна, өндіріс орындарында - 160 млн тонна және т.б. қалдықтар түзіледі. 90-шы жылдардың бас кезінде барлық қалдықтардың (2,2 млрд тонна) жартысы ауыл шаруашылығындағы өндіріс орындарының еншісіне тиді.

Қала экологиясы

Урбанизация (адамның планета территориясын игеруі және өзіне қажетті объектілерді салуы) табиғатқа әлеуметтік әсер етеді. Халықтың сапалы тіршілігін қамтамасыз ету үшін оның жолдарын, құралдарын, әдістері мен шешімдерін экологиялық негізделген жағдаймен шешуді Урбоэкология (қала салудағы экология) саласы қарастырады. Қалалардағы адам мен табиғат үшін қолайлы ортаны сол жерде өмір сүретін тұрғындардың психологиялық, әлеуметтік жайлылығы, қаланың үйлесімді, орнықты әлеуметтік және экономикалық дамуы қамтамасыз етеді. Қалалық орта сонда тұратын халық үшін жоғары дәрежеде және әрқалай әсер ететін табиғи, табиғи-антропогендік және әлеуметтік-экономикалық кешенді факторлар болып табылады. Адамның қаладағы өмірі - бұл пәтер ішіндегі ортаның, пәтерден тыс ортаның (өндіріс орыны, көше, транспорт және т.б), мәдени ландшафтар ортасының (бақтар, саябақтар), табиғи ортаның, сондай-ақ әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-экономикалық орталардың жиынтығы.

X00057 22.12.2020 ж

**Жаңартылған білім беруде
қашықтықтан оқуды ұйымдастыру**

АМАНКЕЛД МЕРЕКЕ

**Ақмола облысы. Шортанды ауданы. Төңкеріс негізгі мектебі
Математика және физика пәні мұғалімі**

Білім беру жүйесін жан-жақты ақпараттандырып, қашықтан оқытудың алғы шарттары Елбасы Н.Ә. Назарбаев ұсынған «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында айқын көрсетілген.

Қашықтықтан оқытудың жергілікті жүйесі белгілі бір білім және жекелеген қала (университет) шеңберінде жұмыс атқарады, оның құрамына тек жоғары оқу орындары ғана емес, мектептер, гимназиялар мен колледждер де кіреді. Осындай жүйенің аясында жұмыс жасаудың алғашқы сатысында зиялылық потенциалын, компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып, үздіксіз білім беру принциптерін ойдағыдай іске асыру қажет. Осыған орай, мектептер мен жоғары оқу орындары жергілікті және аймақтық желіні пайдаланып, шығармашылық жұмыстарын таратып, оқыту үрдісінде әдістеме бойынша тәжірибе алмасуы қажет.

Оқытудың ауқымды және жергілікті жүйелерін ойдағыдай пайдалана білудің нәтижесінде білімнің базалық және деректердің банкілік мәліметтеріне, клиент – сервер, мультимедиа, компьютерді оқып-үйренуші жүйелерге, электрондық оқулықтарға, оқу-әдістемелік материалдарға, қашықтықтан оқыту жүйесінің технологиясымен үйлесімді болып келетін, алдағы уақытта оқыту тәсілдерінің ішінде кең тараған бес аспап әрі өміршең түрлері бола алатындай жайлы оқулықтарға, бағдарламаларға еркін кіруге болады.

Қашықтықтан білім беру мүмкіндігін ұсынатын оқу орындарының барлығы бір бірінен белгілі қасиеттері бойынша ерекшеленеді. Олардың ерекшеліктері білім беру мазмұны мен деңгейі, білім алушылардың саны мен құрамы, техникалық және қаржылай мүмкіндігі бойынша ерекшеленеді. Қашықтықтан білім беру жүйесі дамытылған елдер де мемлекет деңгейінде қаржыландыру арқылы жүргізіледі. Дүниежүзіндегі дамушы елдердің барлық жоғарғы оқу орындары қашықтықтан білім беру технологиясымен жұмыс жасауда.

Осындай сан қырлы, әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда оқытушының атқарар рөлі орасан. Оған әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүгі жүктеледі: ол курстың бағдарламасының құрылымын дайындап, оны қашықтықтан білім беру жүйесімен астастырып бейімдейді, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау

жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар береді. Бұл ретте қашықтықтан оқыту жүйесінің әдістерінде көрсетілгеніндей, көңіл-күй, психологиялық қарым-қатынас бой көрсетеді.

Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқытушының негізгі міндеті білім алушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады: туындайтын мәселелерді қарастыру; мақсат пен міндеттерді қою; білім, тәжірибелерді беру; ұйымдастыру қызметі; білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру; оқу процесін бақылау. Тыңдаушылар қашықтықтан оқыту кезінде білім беру процесінің негізін қолайлы уақытта, ыңғайлы орында, тиімді темптегі өз бетінше жұмыс құрайды.

Тыңдаушылар өз бетінше жұмыстың техникасы мен әдістемесін, жоғарғы деңгейде білімді өз бетімен толықтыру негіздерін меңгеруі қажет.

Қашықтықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудағы маңызды кезең виртуальдық (синхрондық немесе асинхрондық) өзара іс-қимыл. Синхрондық өзара іс-қимыл студент пен оқытушының нақты уақыт режиміндегі қатынасты қарастырады. Бұл үшін қашықтықтан оқыту жүйесінің чаттары немесе бейне конференциялар қолданылуы мүмкін. Асинхрондық өзара іс-қимыл студент пен оқытушы нақты уақытта қарым-қатынаста болмаған жағдайда жүзеге асырылады, бұл жағдайда қашықтықтан оқытудағы байланыстар жіберу тізімдерінің немесе телеконференциялардың көмегімен электрондық пошта бойынша хат алмасу арқылы ұйымдастырылады. Оқытушының кеңесі (синхрондық немесе асинхрондық) – қашықтықтан оқытуды орындаудың міндетті шарттары.

Білім беру жүйесінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияны дамытудың тиімді құрылымы – білім порталдары болып табылады. Порталдың негізгі міндеті жоғары технологиялы оқу процесінің қолдауы арқылы бірыңғай білімді ақпараттандыру ортасын дамуына өз үлесін қосатын маңызды функциялармен толықтырылады. Порталдың білім және технологиялық саясаты, сонымен бірге оның ағартушылық қызметі әдістемелік және технологиялық арнаға ақпараттандыру процесін бірте-бірте ендіру әдісі болып табылады.

Қашықтықтан оқыту бойынша білім алушылар үшін оқу жоспарында көзделген практика ретінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында қарастырылған сағаттар көлемінде бейіндік кәсіпорындардағы, мекемелердегі немесе басқа да ұйымдардағы жұмыстары есептелуі мүмкін.

X00058 22.12.2020

Жаңартылған білімге жаңаша көзқарас

ТУЙЧИЕВ ШУКРАТ ШАУКАТОВИЧ

Түркістан облысы. Сарыағаш ауданы. Жаңаарық елді мекені

№ 67 Т.Тәжібаев жалпы орта мектебі

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Информатика пәні мұғалімі

Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Өйткені, тәуелсіз Қазақстанды дамыған бәсекеге қабілетті елу елдің қатарында, терезесін тең ететін – білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқу үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Жаңа технологиялардың ерекшелігі өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Соның ішінде мүмкіндігі шектеулі оқушылардың дамуына да жаңа технология элементтерін пайдалану өз әсерін тигізуде.

Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, білім беру мекемелерінің тәжірибесіне енуде. Жаңа технологияларды меңгерту мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Жаңа технологиялар теориялық тұрғыда дәлелденіп, тәжірибеде жақсы нәтижелер беруде.

«Біз өзіміздің болашағымызды, жеке балаларымыздың болашағын қандай күйде көргіміз келеді осыны айқындап алатын уақыт жетті» деп көрсетілген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2030 жылға арналған стратегиялық бағдарламасында. Сондықтан еліміздегі ұлттық қоғамды кемелдендіру ел болашағы-жас ұрпақты жаңа инновациялық әдісте рухтық тәлім және білім негіздерімен қаруландырып, қалыптастыру қажет.

Білім беру жүйесінде педагогикалық технологияны қолдану келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау әрбір педагогтың міндеті болып табылады.

Білім беру жүйесінде қолданылып жүрген педагогикалық технологиялар: ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, дамыта оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, бағдарламалап оқыту, деңгейлеп оқыту т.б.

Кез келген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, бабалардың жан дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді.

Жаңа педагогикалық технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін, әр мұғалім алдында отырған оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтік мақсатына, мүддесіне сай, өзінің шеберлігіне орай таңдап алады. Бұл жаңа технологиялар-оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, терең ойлай білуін, теориялық негіздерін, эстетикалық көзқарастарын пайымдауын, баға беруін, танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған. Жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие үрдісін жаңаша дамыту, яғни оның нәтижесінің жоғарғы деңгейде болуын қадағалау жаңашыл педагогтардың қолында болды.

Олар педагогикаға «жаңа технология» терминін енгізді. Бұл жаңашыл педагогтардың мақсаты-оқушылардың алатын білімдерін сапалы ету, оның толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуына негіз болу. Осыған орай қазірде педагогикалық технологиялар көптеп саналады.

Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологиялар қажет. Сондай педагогикалық технологиялардың бірі «Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы» Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль балалардың да, педагогтердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз-сабақта балалардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойыңды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз — ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама.

Оқушы — ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші.

Мұғалім — әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л.Стил, Куртис С.Мереди, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету.

«Сын тұрғысынан ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау.

Сыни ойлау – белгілі бір мәселе туралы бар идеяларды жинақтап оларды қайта ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үрдіс» екенін атап көрсеткен. Сыни ойлау – адам өмірінің бір саласы. Себебі, бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен маңызды әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинақтап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата алуға көмектеседі. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама.

Сыни тұрғысынан ойлау технологиясын пайдаланудың сабақ сапасына әсері өте мол. Сабақта жаңа технология элементтерін тиімді пайдалану оқушылардың танымдық әрекеттерін, белсенділігін дамытып, оларды шығармашылыққа жетелейді. Баланың логикалық ойлау қабілеті дамып, сабақтың сапасын артады. Ізденушілігін арттырып, өз ісіне сенімін нығайтады. Сабаққа қызығушылығын арттырып, белсенділігі күшейеді. Оқушылар сабаққа зор ынтамен қатысады, сабақ та сапалы өтеді. Егер де жаңа технология элементтерін сабақта өз дәрежесінде ұйымдастыра білсек, өз нәтижесін береді. Ең бастысы оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу, әрекет ету, мақсатқа жету оқушының өзі арқылы іске асады.

Әрбір мұғалім сабақтан кейін сабақ барысында қолданған стратегия немесе әдіс – тәсілдерді оқушылардың белсенді жұмыс жасауына, сабақты меңгеруіне қаншалықты көмектескендігіне ойтолғау жасап отыруы тиіс. Егер сабақта кеткен қандай да бір кемшіліктер болса, ой толғау арқылы сол кемшілікті келесі сабақтарда жібермеуге тырысады.

Сабақтан кейін немесе сабақ соңында оқушылармен кері байланыс жасап отыруға тиіс. Міне осы секілді жұмыстар оқушыларды ойлануға, дәлел келтіре білуге жетелейді. Белгілі тақырыптағы ойды сын тұрғысынан ойлай отырып, ой толғау, суреттей алу, еске түсіру, болжау оқушыны жаңа бір әлем жаңалығын ашқандай қалыпқа жеткізеді.

Сондықтан сын тұрғысынан ойлау-өте күрделі де маңызды құбылыс.

X00059 22.12.2020

География пәнін оқытуда критериалды бағалау жүйесін енгізу

КАСЫМОВА БАҚЫТКУЛЬ ЖОЛДАСОВНА

Түркістан қаласы. Түркістан көмекші мектеп-интернаты КММ

География пәні мұғалімі

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» Қазақстан халқына жолддауында « Бізге экономикалық және қоғамдық жаңарту қажеттілігіне сай қазіргі заманғы білім жүйесі қажет» дегені мәлім.

Ұлы педагог Ы.Алтынсарин «Оқытушы бағалағанда олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарай бағалау керек» деп, айтқандай, оқушы жетістігін нақты бағалау мәселесі - білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан, оқушылардың білім нәтижелерін бағалау оқыту үдерісінің маңызды бөлігі болып табылады, яғни, оқыту үдерісін басқарудың түйінді кілті бағалауда деп те айтуға болады. Деңгейлік бағдарламалар мазмұнындағы «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» модулі — оқудың тиімді бағасын және оқыту үшін тиімді бағаны түсіну, оқыту мен оқудағы барлық жаңа тәсілмен байланысты.

Жаңартылған білім беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін оқушы білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды. Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден–бір жолы оқушы білімін әділ, шынайы, ашық түрде бағалау жүйесін қолдану.

Білімді бақылаудың негізгі мақсаты — оқушылардың білім алудағы жетістіктерін анықтау, білімін тереңдету және болашақта оқушыларды қоғамдық іс-әрекетке қосылудың алғышарттарын жасау.

Бұл мақсат ең алдымен оқушылардың оқу материалын меңгеру сапасын анықтаумен тығыз байланысты.

Екіншіден басты мақсаттың айқындылығы өзін-өзі бақылау мен өзара бақылауды қабылдауды үйренумен және өзін-өзі бақылау мен өзара бақылау қажеттілігін қалыптастырумен байланысты.

Үшіншіден, бұл мақсат оқушылардың орындалған жұмысқа деген жауапкершілігін, ынтасын арттыру тәрізді жеке тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеуді жоспарлайды.

Оқыту процесінде оқушылардың білім, білік, дағдыларын есепке алу, бақылау және бағалау оның аса қажет құрамдас бөлігі болып есептеледі. Мұғалімнің сабақтар жүйесінде оны дұрыс ұйымдастыра білуі, көптеген жағдайда оқу тәрбие процесінің табысты болуының оң кепілі.

Мұғалім оқушының оқу материалын меңгеру дәрежесін, сапасы мен көлемін үнемі анықтап отыруы тиіс. Бақылаудың көмегімен теориялық білімді меңгерудегі сапа, біліктілік пен дағдыны қалыптасу дәрежесі анықталады. Осылардың негізінде қаралып отырған педагогикалық мәселенің теориялық аспектісі жеткілікті дәрежеде зерттелген деп қорытынды шығаруға болады, себебі «есепке алу», «бақылау», «бағалауды» ұйымдастырудың мәні, олардың оқу тәрбие процесіндегі қызметі, формалары мен тәсілдері анықталған.

Бақылаудың бірнеше әдіс-тәсілдері бар, олардың ішінен ең негізгілері: ауызша мен жазбаша тексеру.

Ауызша тексеру. Бақылаудың мақсаты мен тексерілетін материалдың мазмұнына байланысты ауызша тексеру әр түрлі ұйымдастырылады.

Тексеруге қойылған мақсаттар арасынан мыналарды бөліп алуға болады: үй жұмысының орындалуын тексеру, жаңа материалды игеруге дайындықтарын анықтау, түсініктілік және жаңа материалды игеру дәрежесін тексеру. Мазмұнына байланысты тексеру алдыңғы өткен сабақ бойынша немесе бөлек бөлімдер және тақырыптар бойынша жүргізіледі.

Дидактикалық әдебиеттерде оқушылардың білім сапасын анықтаудың екі шарты ерекшеленген. – оқушыға ешкім кедергі келтірмейді (көпшілік және мұғалім жауаптарды кейін талқылайды) – оқушылардың интеллектуальды күшінің жақсы жұмыс істеуін қамтамасыз ететін орта құру. Оқушыны бағалау кезінде жауаптардың дұрыстығына, толықтығына, сөйлеу мәнеріне және мазмұндық жүйелілігіне мән беріледі.

Жазбаша жұмыстар:

- теориялық материалдар бойынша білімдерді тексеру;
- оны есеп шығаруда қолдана білу;
- қалыптасқан біліктерді бақылау үшін қолданады.
- Жазбаша — графикалық әдістердің негізгі 4 кезеңі бар:
- дайындық,
- ұйымдастыру,
- өткізу,
- нәтижелерді талдау.

Дайындық кезеңінде: бақылаудың мақсатын бөліп алу, бақылау объектісінің мазмұнын бөліп алу, бақылау тапсырмаларын құру.

Бұл кезеңде оқу-әдістемелік құралдар мен журналдағы тексеру жұмыстарының үлгілері көмектеседі.

Жалпы алғанда, жаңа критериалды бағалау жүйесі үздік қазақстандық және халықаралық тәжірибені кіріктіреді және білім беру сапасын арттырудағы нақты артықшылықтарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Дұрыс қойылған басымдық пен анық критериалды бағалау жүйесінің әдістемесі: оқушылардың оқу жетістіктерін объективті және анық бағалауға

жетуіге; оқу, оқыту және бағалауды жетілдіру мен интеграциялауға бағытталған бағалау жүйесін жүзеге асыру механизмдерінің реттілігін қалыптастыруға; бағалау құралдарын құрастыруға, оның ішінде жоғары деңгей дағдыларының қалыптасқанын тексеру үшін; оқудың жеке траекториясын бақылау арқылы оқушылардың тұлғалық дамуына оң әсер етуге (оқуға деген ынтасын, өзін-өзі реттеуін, жауапкершілігін, бірлесе жұмыс жасауын арттыру); тиімді басқарушылық шешімдер қабылдау үшін ақпараттық негізді ұсынуға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, Жаңа бағдарламаны меңгеру барысында ерекше есте қалған мына әдіс-тәсілдер сабақтың тиімді өтуіне, оқушы бойында қажетті 4 дағдыны, яғни, тыңдалым, айтылым, жазылым және оқылымды қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазіргі таңда ауызша және жазбаша әдістерінен басқа оқыту сапасын арттыруда әртүрлі ойын әдістері қолданылады. Оларға:

- «Бір сөйлеммен түйіндеу»,
- «Графикалық органайзерлер»,
- «Дарабоз»,
- «Динамикалық шеңбер»,
- «Домино»,
- «Еркін жазу»,
- «Жаңалық ашамыз»,
- «Күтіңіз және түйіндеңіз»,
- «Қатені тап»,
- «Құпиясы жоқ қабырға»,
- «Минуттық шешім»,
- «Ой күмбезі»,
- «Парасатты диалог»,
- «Пікірлер базары»
- «Маңыздылық аймағы»,
- «Хикая картасы»,
- «Стоп кадр»,
- «Сиқырлы ұяшық»,
- «Кейс-стади»

және тағы басқаларын жатқызуымызға болады.

Осы әдістерді пайдаланып өткізген сабақтарда өз ойын анық айтып, өзін еркін ұстап, өз білімін өзі талқылауға үйретеді, оқушыларға мүмкіндік жасалынады және мұғалімнің сәтті таңдалған бірнеше бақылау әдістері арқылы оқушылардың білімдерін объективті бағалауға, белгілі бір уақыт аралығындағы атқарылған іс пен алған білімдерді бақылауға мүмкіндік береді.

Y00035 24.12.2020 ж

Инновациялық технология әдіс-тәсілдерінің балабақшаға тиімділігі

РАХИМЖАНОВА АЙНУР МЕДЕЛХАНОВНА

Алматы облысы. Қапшағай қаласы
Балдәурен балабақшасы. Тәрбиеші

Баланың жақсысы- әке мен шешенің ары, ата-ананың абыройы. Қоғамның болашағы мен беделіне айқын жол ашар өскелең ұрпақ. Тал бесіктен басталар тәрбиенің тереңді меңзейтіні осында.

Ата- ана өз баласын махаббатың нұрына бөлеп,қуанышына, бақытына бөлейді. «Ұлт боламын десең, бесігіңді түзе»-деп бабымыз айтқандай баланыбесіктен, тіпті бала тәрбиесі туралы сөз ете қалғанда, алты айлық баласын тәрбиешіге әкелген ата-анаға «Сіз балаңызды 1,5 жыл тәрбиесін өткізіп алдыңыз, баланы іште тәрбиелеу керек» деген еврей халқынын мысалын келтіріп жатады.

Баласының жақсы болғанын армандамайтын ата-ана жоқ. Тіпті баласының болашағы үшін отқа да,суға да түсетін ата-аналар бар. Бала тәрбиесі- қиында күрделі процесс. Біз баламыздың тәрбиелі де өнегелі болып өсіп, өз қатарының алды болғаның қалаймыз. Бірақ баламызды осы мақсаттарға тәрбиелеу үшін үлкен еңбек, күш –жігердің қажет етеді.

Біз баламызға үнемі талап қойғышымыз. Әуелі талапты қоймастан бұрын, балаға өзіміз үлгі көрсете білуіміз керек. Баланың көзінше қырсық мінез көрсетету, өзге адамды жамандау сияқты қылықтар бала бойына теріс көзқарастарды қалыптастыруға негіз болады.

Бала тәрбиесін ойлайтын ата- ана ең әуелі өзін тәрбиелегені жөн болар еді деп ойлаймын. Балаға дұрыс тәрбие берудің өзекті бір саласы жас жеткіншекті еңбекке деген әлеуметтік көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Бұны тек тәрбиеші ғана емес әрбір ата-ана қолға алып, өз балаларының гүл, ағаш егіп, көгаландыру сияқты игілікті іске қатысуын қадағалап отыру. Сонда ғана еңбексүйгіштік қасиет берік дағдыға айналады. Еліміздің болашағы - ертеңгі тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ екені даусыз. Сол тәртіпті, тәрбиелі ұрпақ өсіру - баршаға ортақ, әрі міндет.

Құрметті ата - аналар, балаларыңыздың бойынан жат қылық көрсеңіздер тәрбиешіні жолдастарын, қоғамды кіналаудан гөрі, «мен баламды тәрбиелеуде қай жерінен ағаттық кетті, баламның бойына жақсы әдет сіңіруде, жақсы тәрбие беруде қай жерден жаңылдым» деген ой түйсеңіздер екен.

Тәрбиенің от басынан басталатыны сөзсіз. Күнделікті « беті қолыңды жу, тісіңді тазала, өтірік айтпа, біреудің затын рұқсатсыз алма т. б» деген сияқты сөздерді айтуға жеңіл болғанмен, осы сөздердің тәрбиелік мәні зор екенін естен шығармау керек. Осыдан бала тазалыққа, шыншылдыққа, ұқыптылыққа үйренеді. Адам баласының шыр етіп өмірге келгенде көретіні ата - ана, ал ата - ана өмірінің жалғасы - бала.

Өмірінің жалғасы баласының керемет ғалым болмаса да, тәрбиелі үлгілі, ақылды кішіпейіл, бауырмал, мейірімді болып өсуін ата – ана қадағалайды. «Тәрбие басы тал бесік», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп айтылған дана сөздер текке айтылмаса керек. Баланы тәрбиелеуде ата – ананың бір – біріне деген қарым - қатынасы, қалай сөйлесетіндігі, туған – туыспен, көрші - көлеммен қалай араласатындығы, келген қонақты қалай сыйлайтыны, тіпті ұсақ-түйек болса да қалай тамақтанатыны, дастархан басындағы әдептілігі, қалай киінетіні бұның барлығы балаға әсер етеді. Бала үлкенге қарап өседі. Баланы үнемі ұрып - соғып, қателескен жерінде қатаң жазалап тәрбиелеудің қажеті жоқ. Ақылмен, мысал келтіре отырып түсіндіру керек.

Баланы адамгершілікке, қарапайымдылыққа, жақсы әдетке, әдемілікке, әдептілікке ұқыптылыққа, жауапкершілікке сөзбен жеткізе отырып тәрбиелеуге болады. «Жақсы сөз жан азығы» деп бекер айтылмаса керек. Қай заман, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән беріп келген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен жастарға оқу білім беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс.

Елбасымыз ХХІ ғасырды білім жарысы ғасыры деп атап отыр. Тәрбиенің мақсаты пәнді керемет меңгерген оқушы тәрбиелеу емес, ең бастысы Адамды тәрбиелеу. Бүгінгі күні біз – әлем халқы, бір кісідей жаңа дәуір, жаңа ғасыр - жаңа мыңжылдыққа аяқ басып отырмыз. Шәкәрімнің: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл саналар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді»- деген сөзі бар. Адамгершілікке тәрбиелеу ісі білім берумен ғана шектелмейді. Бұл баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі дүниесін оятудың нәтижесінде оның дүниетанымын қалыптастырады.

Ана - тілінің тағдыры отбасынан басталады. Рухани байлық дүниетаным, түсінік, рух, иман отбасынан осы түсініктерді ана - тілі арқылы халықтың сарқылмас мол рухани қазынасынан сусындаса, өзіміздің дәстүрлі ұлттық дүниетанымымыздың арнасында әлемдік өркениет жетістіктерін игеріп терең меңгерсек, ешкімге есемізді жібермейтін дәрежеге жетсек, онда дербес ел ретінде нық тұрамыз. Қазақ халқы баланы дүниедегі барлық асылдан жоғары бағалаған, болашағына, арманына бағалаған. Сондықтан да халқымыз «Балалы үй - базар, баласыз үй - мазар» деп асыл сөзін арнаған.

Қазіргі уақытта бала тәрбиесінің табысты болуы ата – аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, ынтымақтастығына, отбасы мүшелерінің өзара қарым – қатынасына, көзқарастарының және мақсаттарының бірлігіне байланысты. Ол үшін ата – аналар күнделікті өмірде балаларының мінез – құлқына, қажетті қасиеттердің қалыптасуына назар аударуды, тәрбие үрдісінде теріс қылықтарды болдырмауды ойластыруы шарт. Отбасында тәрбие ісімен айналысу үшін, ең алдымен ата – ана өз өмірін, өз ісін дұрыс ұйымдастыра білуі қажет. Баланың көп уақыты сәби шағынан бастап отбасында өтеді.

Оның өмірін, іс - әрекетін, демалысын бірқалыпты ұйымдастырып, реттеп отыру үшін қажетті жағдай керек. Ал жағдай ұтымды күн ырғағы негізінде жасалады. Күн ырғақ – бұл өмір тәртібі. Ал бала өз міндетін қашан да орындауға тырысады. Отбасында бала әр нәрсені естиді, көреді, қалай өмір сүру керек, өзін - өзі қалай ұстай білу керек, жағымды, жағымсыз мінез – құлықтарды байқайды. Сондықтан ата – ана балаға үңіле қарап, үнемі бақылап бала жан дүниесіне оң әсер ететін іс - әрекеттерді дағдыға айналдыру керек.

Ата-ана бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез - құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата — аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ.

Бала дегеніміз – болашақ. Балаларымызды қалай тәрбиелесек болашағымыз солай болмақ. Келешегіміздің қожасы балаларымызды білімді де мәдениетті, тәрбиелі де әдепті, кішіпейіл де қарапайым етіп тәрбиелеу өз қолымызда.

«Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз». Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін - өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін - өзі сыйлау қажеттігінен туындайды.

Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, жанұя жағдайы, онда қалыптасқан он моральдық - психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсіністік, сүйіспеншілік пен сыйластық, ауызбіршілік, отбасы мүшелерінің бір - біріне деген құрмет сезімдері, яғни, отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл - күйі тікелей ықпал етеді. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі»- дейді Әл - Фараби.

Сонымен қорыта келе, жас ұрпаққа тәлім тәрбие беруді қоғам болып, ұстаздар қауымы болып, ең бастысы ата - аналар болып қолға алсақ болашағымыз жарқын болмақ. Балаларымызды отансүйгіштікке, ата - баба салт - дәстүрін құрметтейтін ұрпақ тәрбиелеу баршаға бірдей міндет.

Y00036 24.12.2020 ж

Ойын технологияларын қолдану арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту

КУШУМБАЕВА ГУЛЬЖАН ПШАНОВНА

Алматы облысы. Қапшағай қаласы
Балдәурен балабақшасы. Тәрбиеші

Бөбегіңіз былдырлап тілі шыққаннан тәрбиешіге сеніп тапсырасыз. Бүлдіршін күннің тең жартысына жуығын сонда өткізеді. Тәрбиеші оған қамқор болып, жан-жақты да зерделі болып қалыптасуына, ой-өрісін дамытуға күш салады. Сәбиіңіз мектеп қабырғасын аттағанда, тәлімгер тәрбиешіңіз тәтті тілі жаңа шыққан басқа бүлдіршіндерді жетегіне алады. Осылайша жалғаса береді.

Мен үшін де осынау өмірімдегі ең қастерлі әрі қасиетті мамандық ол – тәрбиешілік. «Жол таңдауда жалтаңдауға болмайды» дегендей, әу баста ұлтымыздың, тәуелсіз еліміздің ертеңі боларлық бүлдіршіндерді тәрбиелеу жолын таңдағаным еш өкінбеймін. Керісінше, ауыртпалығы мен жауаптылығы қырық атанға жүк боларлық осы кәсіпті таңдау арқылы қоғамдық дамуға өлшеусіз үлес қосып келе жатқанымды мақтан етемін.

Алғаш балабақшаға келіп, 25 баланың ортасынан бірақ шықтым.

Жан-жағымда толған бүлдіршіндер. Ішімнен ойлап қоямын менде екі көз бар мына 25 балаға қалай жетемін деп. Алғашқы сәбилердің сыңғырлаған күлкісі, балдай тәтті сөздері, мөлдіреген көздері бәрі — бәрі өте қызықты сәттер болды. Солай қызықты да, жауапкершілігі мол күндерім өте берді.

Өйткені мен бала бағбаны — тәрбиешісімін. Негізі бағбан деген сөздің астарына көптеген мағына жатыр. Бағбан деп, яғни біз тәрбиешілер.

Бау-бақшамыздағы жемістер әрине балаларымыз. Бағбан бау-бақшадағы жемістеріне дұрыс қарамай, баптама жемістеріде көркеймей, өркенін жаймайды. Ендеше, бағбан бүлдіршіндерге дұрыс бағыт бағдар беріп, білімін жетілдірсе сонда ғана жемісін береді. Болашақ азаматтарды тәрбиелеу тек қана мектепке дейінгі ұйымдардың қолындағы дүние емес, оған отбасы, қоғам да үлкен үлес қосары хақ.

Балалармен жұмыс жасау – үлкен бақыт. Себебі, тек қана бала ешнәрсеге алаңдамай мейірімділікке сенеді, кішкентай алақанын менің алақанымға қойып, өз құпияларын айтып маған сенім артады. Пәк көңілді балалармен қарым-қатынас маған қуаныш, шаттық сыйлайды. Өйткені, мен оларға, олар маған қажетігіне сенімдімін. Осы сенімнің болуы әр тәрбиешінің бақыты.

Бала өмірдің гүлі, отбасы дәнекері, ана ғұмырының жалғасы, ең бастысы, біздің қоғамымыздың алға қарай дамытушы болашағы.

Сондықтан да жас ұрпақты заман талабына сай, көздің ғана емес, көңіл қуанышы етіп тәрбиелеу – басты міндет. Педагог К. Д. Ушинскийдің егер педагогика адамды жан жақты тәрбиелегісі келсе, оны жан — жақты білуі керек деген терең мағыналы сөзін жадыма сақтай отырып, білімімді тереңдетіп, ізденуді мақсат еттім. Кішкене сәбимен сөйлесе білу де – үлкен өнер. Олар бір нәрсені естігені мен көргендерін есте сақтағыш, тез қабылдағыш, мейлінше сенгіш, барынша таза, адал көңілді, білуге, тануға құмартқыш келеді.

Менің педагогикалық ұстанымым балаларды денсаулығы мықты адам етіп қана өсірмей, сонымен қатар кең пейілді, ақылды, жауапкершілігі бар адам етіп тәрбиелеу. Көздері қарақаттай мөлдіреген балалардың менің өткізген оқу қызметіне қызығушылықпен қарап отырғандарын ұқтым.

Тәрбиеші баланы жан тәнімен сүюі керек. Алдымен рухани қуат беруі қажет. Мейірімділік, шыдамдылық, кешіре білу, баламен тең жағдайда сырласу, оның мүмкіндіктеріне сену, ойын әрқашан құлақ қоя тыңдау тәрізді қасиеттері арқылы ғана мен өз мәртебемді көтере аламын. Балаға үнемі қолдау көрсету — менің ізгі ұстанымым.

Көрнекті тұлға Ахмет Байтұрсынұлы: «Балам дейтін ел болмаса, елім дейтін бала қайдан болсын» деген екен. Балабақша тәрбиешілері қай кезеңде болсын ертеңгі елім деп еңірейтін ұрпақты тәрбиелеуге тер төгуде. Бұл жолда үлкен ізденіс, парасат қажет. Ендеше, тәрбиешінің әр күні ізденіспен, ертеңгі азаматты қалыптастыру жауапкершілігімен ұштасып жатады.

ТӘРБИЕШІ! Бұл әрдайым үлкен әріптермен жазылуға тиіс мазмұнды сөз деп танимын. Сондықтан да бұл іс екінің бірінің қолынан келе бермейді.

Ұлы педагог Г.Песталоцци: «Егер де сүйе білмесең, тәрбиелеу құқығың жоқ», деген екен. Бүгінде балаларға мейірім төге отырып, биік белестерге жетуіне жауапты екенімді ешуақытта естен шығармаймын.

Француз ағартушысы, жазушы Жан-Жак Руссо «Бала туғанда ақ қағаздай болып таза туды, оның үстіне шыймайды қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі сол сияқты, өзің қалай тәрбиелесең ол солай тәрбиеленеді» деген нақыл сөзі осы балабақша бүлдіршіндеріне арналғандай. Өзімнің еңбек жолымда әрдайым балалардың тілін, ой-өрісін, тіл байлығын дамыту мақсатында ертегілерден көріністер ұйымдастырамын. Себебі бала рөлде өзі ойнаса сол кейіпкердің бойындағы барлық қасиет дағдыларын ой елегінен өткізіп саралайды. Ақылмен ойланады. Ол үшін тәрбиеші бойындағы асыл қасиет – ақыл-парасат болуы шарт.

Ал сәби жүрегіне қонымды жауап беру үшін, мен күнделікті оқу қызметімді шынайы, жақсы, қызықты өткізуге тырысамын. Әр оқу қызметінің сәтті шығуы бірінші кезекте, әрине, тәрбиешілер қауымына – өзімізге байланысты.

Менің педагогикалық ұстанымым – кішкентай бүлдіршіндерге сапалы білім мен саналы тәрбие беру. Болашақта тәрбиеленушілерімнен Қазақстан елінің жарқын да белсенді балалары болады деген үлкен үміт күтемін.

Y00037 24.12.2020 ж

Саусақ ойындары арқылы ұсақ қол моторикасын дамыту

ИСАХОВА АЙГҮЛ МЕЙРБЕКОВНА

Алматы облысы. Қапшағай қаласы
Балдәурен балабақшасы. Тәрбиеші

Жас ұрпақты рухани - адамгершілікке тәрбиелеу, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнының құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі-маңызды мәселелердің бірі.

Шығармашылық деңгейде балалардың іздену нәтижесінен қалыптастырған ұғым, түсініктерінің, қияли мен белсенді ой-еңбегінің нәтижесінде жаңаша, бұған дейін болмаған, белгілі бір дәрежеде олардың жеке басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына бағытталған тапсырмалар. Оқыту технологиясы педагогтардың эмперикалық инновацияларын ескере отырып, оқыту үрдісін дұрыс, ұтымды басқаруды қарастырады. Оған өзара бір-бірімен байланысты екі үрдіс енеді: білім алушының іс - әрекетін ұйымдастыру және бала тұлғасын дамытудағы жоғары нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған іс-әрекетті бақылау.

Жаңа педагогикалық технологиялармен инновациялық іс-әрекеттің негізгі заңдылықтары мен қағидаларын дұрыс қолдана білуге, шығармашылық ойлауға, кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің құндылық қарым - қатынасын қалыптастыруға, ұстаз шеберлігіне жету жолдары мен шараларын жете түсінуге үйренеді.

Сонымен қатар алдыңғы қатарлы озық тәжірибелер жәніндегі ағымдағы ақпарат-құралдардағы материалдар арқылы танысып педагогтар – новатордың әдістемелерін ғылыми тұрғыдан талдай білуге, инновациялық іс-әрекет ерекшеліктерін айқындап, өз беттерімен сурет, кесте құруға, хабарлама, реферат, аннотация, рецензия жазып, оқу - тәрбие қызметіне педагогикалық талдау жасауға үйренулері қажет.

Оқытудың жаңашыл әдістері мен тәсілдерін сөз еткенде, оқылып отырған материалдың ерекшелігі мен құрамының нақты ерекшелігіне сәйкес әдістемелік құралдарды шығармашылықпен пайдалану қажет екеніне назар аударту кәзделді. Сонымен қатар, оқытудың инновациялық жүйесі білім, оқыту процесінде жаңа технологияларды пайдалана білу іскерлігі қалыптасу керек.

Жаңа технология үрдісінің талабы - балаға білім беруде мақсатқа жету, іс-әрекеттері арқылы ойлау дағдыларын, таным белсенділігін арттырып, баланың жан-жақты дамуына және жаңалықты тез қабылдауына әсер ету.

Біздің заманымыз жаңа технология мен компьютер заманы. Соңғы жылдары біздің өмірімізге түбегейлі өзгеріс енгізді. Сонымен бірге педагогтың де рөлі өзгерді. Ол енді жоғарғы деңгейдегі жаңашыл ұстаз болуы тиіс.

Тәрбиеленушілердің білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салу да жас ұйымның алдына қойған мақсаттарының бірі.

Ұсақ моториканы дамытуға арналған жаттығулар мен ойындарға көшпес бұрын бала жасына байланысты ұсақ моториканың ерекшеліктерін атап көрсеткенді жөн көрдік:

3-6 айда

- o Бала қолын аузына апарады.
- o Қолдың қимылын көзбен қадағалайды.
- o Көрген затына қолын созады және алады.

6-12 айда

- o Бір қолындағы затты екінші қолына ауыстыра алады.
- o Қасықты ыдысқа, текшелерді қорапқа сала алады.

1-2 жаста

- o Шимайлар мен сызықтар сала алады.
- o Ыдысты қолына алып, көтеріп іше алады.
- o Төртбұрышты төртбұрышқа, домалақты домалақ тесікке сала алады.
- o Кітаптарды парақтай алады.
- o 5-6 текшені бірінің үстіне бірін қоя алады.

2-3 жаста

- o Үлгіге қарап қарапайым пішіндер сала алады.
- o Қайшымен қиюды біледі. Қақпақтарды аша алады.
- o Ірі моншақтар тізе алады.

3-4 жаста

- o Қаламды дұрыс ұстай алады.
- o Нүктеленген суреттерді бастыра алады.
- o Өзіне домалап бара жатырған допты ұстай алады.
- o Қағазды бүктей алады.

4-5 жаста

- o Қарапайым пішіндерді бояй алады.
- o Негізгі әріптердің баспа түрін жаза алады.
- o Адамның негізгі мүшелері бар суретін сала алады.
- o Қалтаның ішіндегі заттарды сипап сезу арқылы не екенін айта алады.
- o Ермексазбен жұмыс жасай алады.
- o Бау байлай алады.

5-6 жаста

- o Суреттерді жиектеп ұқыпты қия алады.
- o Әріптер мен сандарды жаза алады.
- o Балғамен шегені ұра алады.
- o Геометриялық пішіндердің суретін сала алады.

Ұсақ саусақ моторикасын дамытатын ойындар мен жаттығулар өте көп. Олар шартты түрде топтарға бөлінеді. Қол, қолдың білезік және саусақтарының қозғалысының дамуына оң әсер ететін заттық ойындар, яғни ойыншықтармен, кез-келген заттармен өткізіледі. «Мозайкалар», «конструкторлар» – аталған материалдар саусақтардың белсенді қозғалысына әсер етеді. Мозайкада ұсақ бөліктерден толық сурет құрап шығару мақсаты тұрады. Ойын барысында бала бөлшектермен қозғалыс жасайды, байқағыштық, төзімділік, табандылық пайда болады.

Моншақтармен ойын. Екі қолдың да бағдарлауын арттырады. Балаға тізуге арналған бау және әр түрлі теңдіктегі, әр түрлі диаметрлі моншақтар беріледі. «Көз-қол» бағдарлауын жетілдіреді. Бұл ойында тек қол ісмерлігі ғана емес, сенсорлық (түс, көлем, пішін) қабілетті дамиды.

Баулармен ойындар . Сенсомоторлық бағдарлауды, ұсақ моториканы, жазықтықта бағдарлауды, «жоғары», «төмен», «оң», «сол» ұғымдарын игеруіне жәрдемдеседі, тілді дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырып, қолды босаңсытады.

Қысқыштармен ойындар . Қысқыштармен ойналатын ойындар өте нәтижелі. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді. Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады.

Сурет салу. Сурет салу – Барлық балалар жақсы көретін, әрі пайдалы ісі. Қарындаш, қылқаламмен парақта, қатты қағазда сурет салу қатып қалған қағида емес. Қарда, құмда, терлеген терезе бетіне, асфальтта сурет салуға болады. Алақанмен, мақталы таяқшалармен, көкөністер бастырмаларымен және т.б. әдістермен, яғни бейнелеудің дәстүрлі емес техникалары арқылы сурет салу өте пайдалы, әрі қызықты.

Балаға әр түрлі пішіндерді тік сызықпен салуға, суреттің үзік сызық бойымен жүргізу, үлгімен сурет салу, суреттің аяқталмаған екінші бөлігін салу – шығармашылық қабілетті, есте сақтау қабілетін, түсті қабылдауды дамытады.

Ермексазбен ойын. Ермексаз баланы жалпы дамытатын әр түрлі қызықты ойындар өткізуге мүмкіндік береді. Балалаіwr ермексазды қолмен жібітеді, саусақпен бөліп алады, домалатады, ширатады, ермексазды қалауынша қалыпқа келтіреді және кез-келген уақытта ермексазды бүлдіріп алам деп қорықпастан жұмысына өзгеріс енгізеді, ол өз ісіне деген сенімділік тудырады.

Қазіргі дамыған технологиялар арқасында, ермексаздың жетілдірілген түрі хендгам шықты. Ермексаздан айырмашылығы, қолға, үстелге жағылмайды, пішінді сақтамайды. Ұсақ саусақ моторикасының дамытады, агрессияны басады, шығармашылық қабілетін, тілін дамытады, қолдың бұлшықеттерін бекітеді. Өте пайдалы құрал.

Қағазбен жұмыс. Жай қағаз үлкен мүмкіндіктерге ие. Қағазды кішкентай бөлшектерге жыртып, бөлшектерден сурет салуға болады. Қағазды умаждап, допқа айналдыруға болады, қағазды қырқуға болады. Оригами өнерінің пайдасы ұшан теңіз.

Y00038 24.12.2020 ж

Балалардың логикалық ойлауына арналған ойындар мен жаттығулар

КУРУКПАЕВА ГАЛИЯ ТУРАРБЕКОВНА

Алматы облысы. Қапшағай қаласы
Балдәурен балабақшасы. Психолог

Ойын өмірде өте ерте жастан басталып, адамның кәсіпті толық менгергенінше жалғасады. Ал оқыту процесінде жаңа технологияның маңызды бөлігі б.т. Адамның ойын әрекеттерінің формалары мен әдістері және мазмұны қарапайым сылдырмақтар мен қозғалыстар жасаудан, бірте-бірте фантастикалық шындық деңгейіндегі видеокомпьютерлік ойынға дейін ауысады. Іс-әрекеттің айрықша түрлерінің бірі ойын болып табылады.

Ойын оқу әрекетіне тән бірқатар қасиеттерге ие екендігі белгілі. Мұны балабақша тәрбиеленушілері білімі мен дағдыларын қалыптастыруға бағыттауына мақсатталуы айқын көрсетеді. Сонымен қатар ойын балаларға қозғау салуға, оларға түрткі болуға да бағытталған. Ол төмендегідей бірқатар қайталанбас қасиеттерге ие: балалар мен жасөспірім жеткіншектер үшін оның оңайлығы мен игерімділігі, демократиялылығы «ойын барлығын да қабылдайды», игерілуі тиіс шынайы ақиқаттың барынша әралуан қырларын модельдеуге мүмкіндік беретін ойындық құралдардың бейімділігі, ең бастысы— балалар үшін ойынның тартымдылығы.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?»-деп айтқандай, бала өмірінде ойын ерекше орын алады.

Баланың өмірі, қоршаған ортаны танып, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Орыс ғалымы, дәрігер, педагог К.А.Покровский «ойын-күнделікті бала еңбегі, болашақ өмірінің бастамасы.Ойын үстінде баланың ертеңгі өмірге деген қабілеті байқалады»-деген.Олар ойын ойнау барысында өздерін еркін сезінеді. Іздемпаздық, тапқырлық әрекеті (сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою, ерік арқылы) байқалады.

Логика адамның ойлау процесін жан-жақты түбегейлі зерттейтін пән. Ойлау, ой кешу, ой қорыту үрдістері өте күрделі мәселе. Оны көптеген ғылыми салалар өз тұрғысынан қарап, зерттеп жатады. Мысалы, философия, психология сияқты ғылымдар жалпылама түрде ойлау процесін зерттесе, медицина, математика, физика, кванттық механикалар логиканың принциптерін ұстай отырып, өз ғылымын үдете дамытуға жігер алады.

Логика ойлау процесін зерттегенде адамның ой-қорыту қабілетіне әсер ететін ортаны, заттар мен құбылыстарды адамға қалай ықпал ететінін, оның қабылдап қорыту қабілетін және іс-әрекет қолданатынын айқындайтын ғылым.

Логика дұрыс ойлау заңдары туралы жүйелі де дәлелді түрде пайымдауға қойылатын талаптар туралы ғылым. Логика-өз заңдары, дәстүрлері мен дау-дамайлары бар өзіндік бір ерекше ғылыми сала.

Логиканың ішкі әлеміне ену, оның ішкі үйлесімдігі мен қайшылығын сезіну, өзіндік рухын ұғыну оңай емес.

Математикалық логика дегеніміз- математикалық дәлелдемелерді зерттейтін ғылым. Ол жалпы логиканың математика мұқтаждарына сәйкес дамыған айрықша саласы болып табылады.

Ойлаудың логикалық формаларын арнайы зерттеу қашан, қай елде басталғанын дәл айтатын мәлімет жоқ. Логикалық зерттеулердің бастамасы Ежелгі Қытай, Үнді және Грекия елдерінде біздің жыл санауымыздан бұрын 5-6 ғасырларда бір бірінен тәуелсіз басталғаны жайында мәліметтер бар. Логика - алғашында жалпы философиялық құрамында таным теориясының бөлігі ретінде қарастырылады. Сондықтан логика әуелбастанақ материализм мен идеализм арасындағы ымырасыз күрестің объектісі болды.

Логиканың ғылым ретінде дүниеге келіп, қалыптасқан отаны Ежелгі Грекия деп грекияда саналады, ал оның негізін салушы ұлы ғалым Аристотель болды. Рас, Ежелгі Грекияда логика саласында ғылыми зерттеулерді алғаш бастаған атомдық ілімнің негізін салған Демокрит еді. Логика мәселелерімен Ежелгі Грекия идеалистері Сократ пен Платон да айналысты. Бірақ олардың ешқайсысы дәйекті де дербес логика ғылымын жасай алмады. Бұл міндетті Ежелгі Грекияның әйгілі философы Аристотель (б.з.б. 384 322 ж ж) іске асырды. Сондықтан ол логиканың атасы деп саналады.

Аристотель ойлаудың формалары туралы өзіне дейін жинақталған азды көпті білімдерді талдай отырып, логика ғылымының барлық мәселелерін барынша жан жақты зерттеді. Өзі жасаған бұл ғылымды Аристотель логика демей, «Аналитика» деп атады. Бұл еңбегінде ол өзі ашқан ойқорытындының ерекше формасы силлогизмді жан жақты зерттеп, логикалық дәлелдеудің мәнін, ұғымдарды анықтау және бөлу әдістерін, т.б. ашып берді. «Софистикалық терістеулер жайында» деген еңбегінде ойқорытынды мен дәлелдеуде кететін логикалық қателіктердің себептерін, оларды ашу жолдарын қарастырды.

Логика мәселелерінде арнайы білім саласы ретінде бөлініп шығуына себеп болған мынадай екі жағдайды атап көрсеткен жөн. Біріншіден, ежелгі грек ойшылдары таным процесіне талдау жасай отырып, мазмұны әр түрлі ойқорытындылардың нәтижесінің ақиқат болуы тек алғышарттардың ақиқаттығына ғана емес, сондай ақ пайымдау барысында олардың арасында болатын байланыс түріне де тәуелді деген қорытындыға келді.

Логиканың материалистік негіздерін зерттеуде ғасырдағы озат ойшыл, ірі ғалымдардың бірі Ф. Бэкон өзінің «Жаңа органон» атты шығармасында индукциялық логиканың негіздерін зерттеп берді.

Ф.Бэконның өз шығармасын «Жаңа органон» деп атауының себебі бар. Аристотель өлгеннен кейін ізбасарлары оның барлық логикалық еңбектерін «Органон» (таным құралы) деген атпен біріктіріп, бір жүйеге келтірді. Аристотельдің логикасының негізгі арқауы силлогизм, яғни, жалпы ойдан жекеше қорытынды шығаратын дедукциялық ойқортындының негізгі бір түрі болса, ал Бэкон бұған қарама-қарсы жеке алғышарттардан жалпы қорытынды шығарудың формасы ретінде индукциялық ойқорытындыны алға тартты. Өйткені сол кездерде дами бастаған капиталистік өндіріс тәсілі тәжірибелік «схоластикалық философия бұрмалап, шындықтан қол үзген шіркеу уағыздарына қызмет ететін идеалистік логикаға айналдырып жіберген еді. Сондықтан Бэкон өзінің шығармасын «Жаңа органон» деп атап, ғылыми танымның әлдеқайда жетілдірілген жаңа әдісі ретінде индукциялық ойқортындыны ұсынды. Индукциялық ойқортындының мақсаты, Бэконның пікірінше, шындық дүниедегі құбылыстардың арасындағы себепті байланыстарды ашу арқылы ғылыми қорытынды жасау болды. Осы мақсатпен ол «ұқсастық әдісі», «айырмашылық әдісі», «қалдықтар әдісі» деп аталған ғылыми индукцияның бес әдісін жасап берді. Ғасырда Гершель, Дж. Ст. Милль деген ғалымдар бұл әдістерді одан әрі жетілдіре түсті. Бұл әдістер қазіргі заманға дейін ғылыми зерттеуде, әсіресе, жаратылыстану ғылымдарында, қылмыстарды ашу ісінде кеңінен қолданылып келеді.

Логиканың әрі қарай тарихи дамуы барысында зерттеу жұмыстары мен мәселелері бәршама өзгерді. Мектеп жасына дейінгі балалардың алғашқы математикалық түсініктерін қалыптастыру «Балабақшада оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасы» бойынша жүргізіледі. Балабақшадағы бүлдіршіндерге таным оқу іс әрекеті сәбилердің екінші тобынан басталып геометриялық қалыптар (пішіні, түсі, көлемі) ойын арқылы таныстырылса, естияр, ересек және мектепке даярлық топтарында осы қалыптардың құрылымын, санның белгілерін таныстырумен бірге санай білуге үйретіледі. Баланың логикалық ойлау қабілеті дегеніміз – қарапайым математикалық алғашқы ұғымдарын меңгеруден басталады. Өйткені, бала сөйлей бастап өзінің мекен-жайын, телефон номерін жаттай бастайды.

Міне, сан, санау осыдан басталады. Оны жүйелі түрде дамыту ата-ана мен тәрбиешінің, баланы қоршаған адамдардың басты міндеті. Сезім тәрбиесі-түйсік пен қабылдаудың қатар дамуы. Сәбилік шақтың алғашқы күндерінен бастап ақ бала өзін қоршаған заттардың қасиетін түсінуге талпыныс жасай бастайды. Осыдан баланың заттарды қабылдайтын көру дағдысы оянады. Бұл кезде затты таныл білу үшін бүлдіршіндер оның түр түсіне мін бермейді, заттың құрылымына (пішініне) көңіл бөледі.

Бүлдіршіндердің логикалық ойлау ұғымдарын ойын арқылы үйретудің, математикалық диктант жазудың, заттарды ір түрлі геометриялық пішіндерден құрастырудың, ауызша есеп шығарудың көру арқылы салыстырудың, қиялдаудың, жұмбақтар жаттаудың маңызы өте зор. Өйткені, жасырын тұрған ойлап табу үшін баланың ми қыртыстарының жұмысы шыңдалады. Яғни, логикалық ойлау сезімін қалыптастырады. Ойын арқылы мектеп жасына дейінгі балалар негізгі іс-әрекет кезінде айналадағы өмірден алған білімдерін, әсерлерін, жинақтаған тәжірбиелерін өз бетінше іс жүзіне асырады.

Мектеп жасына дейінгі балалар ойлау әрекеті олардың күнделікті өмір жағдайына сәйкес түрлі заттарды ұстап олармен қарым-қатынас жасау арқылы дамып отырады. Баланың ойлау әрекеті балалар бақшасында өтілетін оқу іс-әрекеттерінде, ойындарда, әсіресе пайымын өрістетіп есептеу тәсілдерінде, бейнелеу өнерімен шұғылдануда, сурет салу, жапсыру мен мүсіндеуде үнемі дамып, түрлі іс-әрекеттердің нәтижесінде жүзеге асады.

Таным оқу іс-әрекетінде логикалық ойындар арқылы баланың ақыл ойының дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес, танымдық іс әрекет амалдары тәсілдерін игеру мен бірге есте сақтау, ойлау, елестеу, танымдық, шығармашылық қабілеттерінің дамуын тұтас қамтиды. Сөзбен сөйлеу әрекеті-ойлау құралы болып табылады.

Бұлардың бәрі қоршаған орта және өзі туралы білімді меңгеруі, мінез-құлық нормаларын игеруі, білім, білік дағдысының қалыптасуы, есте сақтау және ойлау қабілеттерімен тығыз байланысты. Өйткені солардың негізінде логикалық ойлау, ұғым қалыптасады. Баланың көрнекі-әрекеттік ойлауы заттармен нақты әрекеті арқылы жүзеге асады. Олар әр түрлі заттарды пайдалану, қоршаған ортамен, адамдармен қарым-қатынас жасау барысында білім және тәжірбие жинақтайды. Көрнекі-бейнелі ойлау мен оған ықпал ететін көрнекі-схемалық ойлаудың мәні одан туындаған жағдайларды шешу үшін бала заттардың өзіне емес, олардың бейнесіне сүйену арқылы бейнеленеді. Олар құбылыстар мен заттардың тек жеке қасиеттерін ғана емес, заттардың орындарын ауыстыра алады. Қоршаған орта, ондағы адамдардың ролы мен орны туралы түсінігі неғұрлым кеңейе түседі.

Қоршаған орта, қоғамдық өмірдегі құбылыстар, олардың арасындағы байланыстары мен қатынастары, адамның алар орны, табиғат пен оның құбылыстары, өсімдіктер мен жануарлар туралы білімдері дамиды. Оларды орындау барысында бала заттар мен құбылыстардың мәнді белгілерін айқындауды, кейбір дерексіз ұғымдарды сипаттауды, уақыт қатынасын, себеп – салдар, көлем, өлшем туралы түсініктерді игереді.

Ол сөздеоді еркін қолданады, өз пікірін айтуды, оны негіздеуді, қарапайым заңдылықтарды анықтау, салыстыруды, талдауды, пайымдау логикасын, ойлауды үйренеді.

Y00039 24.12.2020 ж

**Мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты
сымбатты тұлғаларын ойын арқылы дамыту**

БИМАДИЕВ БЕРИККАН БАРЛЫХАНОВИЧ

Алматы облысы, Қапшағай қаласы

"Гүлдер" балабақшасы. Денешынықтыру нұсқаушысы

Басты байлық – денсаулық» деп халқымыз тауып айтқан. Шынында да, денсаулық – ең қымбат, баға жетпес дүние. Дені сау адам ғана қоғамға пайда келтіреді, ел экономикасын арттырады. Әр қоғамның әлеуметтік жағдайы, экономикалық дамуы оның тұрғындарының денсаулығымен, өмір ұзақтығымен бағаланады.

Адам бақытты болу үшін бұл дүниеде екі нәрсе керек: бірінші — денсаулық, екінші – білім. Осы екеуі біріксе, адам алдында алынбайтын қамал, жетпейтін арман, игерілмейтін мақсат жоқ.

Мемлекетіміз халық денсаулығына әрдайым ерекше көңіл бөліп, еліміздің тұрғындарының өмірін неғұрлым ұзарта түсуге ықпал жасап келеді. Оның айғағы — Елбасының жылдағы дәстүрлі халыққа Жолдауында денсаулық сақтау ісіне ерекше мән беріліп, халық денсаулығын одан әрі жақсарту бағытында қабылданып жатқан жаңа реформалар. Елімізде ТМД елдері арасында бірінші болып 2009 жылдың басынан бастап Біріңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі енгізіліп, ол күнделікті өмірге батыл енгізілуде. Барлық мемлекеттік және жекеменшік емдеу-профилактикалық мекемелері мемлекеттік аккредитациядан өтіп, медициналық көмектің түр-түріне лицензия алып, оның сапасы едәуір арта түскені белгілі.

Білім мен тәрбие беру саласының алғашқы сатысы балабақшаларда дене тәрбиесі маңызды орын алады. Ол мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын нығайтуға және өз беттерімен қимылдар жасай білуді үйретуге бағытталған. Мектеп жасына дейінгі дене тәрбиесінің негізгі мақсаттары мынадай: балалардың негізгі қимыл-әрекеттерін жетілдіріп, спорттық қозғалыс жаттығулары мен ұлттық ойындарды үйрету және сорл үйренгендерін өз еріктерімен орындауға әрекеттендіру.

Жас ұрпақты жан-жақты дамыған, ой-өрісі биік, тұлғасы сымбатты азамат етіп өсіру үшін тәрбие жүйесінде дене тәрбиесінің алар орны орасан зор. Ал оны неғұрлым ерте кезінен бастап, дұрыс жолға қойып жүргізсе, соғұрлым нәтижесі жемісті болатыны анық. Өйткені болашақ азаматтың денсаулығы мықты, мүсін-тұлғасы дұрыс қалыптасқан, жігерлі де, қайратты болып өсуіне, көпшілік дағдыларын бойына терең сіңіруіне нақ осы мектепке дейінгі кезеңде тереңірек көңіл бөлінсе, дұрыс негіз қаланады.

Қазақтың кемеңгер ақыны, ұлтының бақыты үшін өз бойындағы бар дарыны мен білгенін аямай, дене тәрбиесіне зор көңіл бөлген Мағжан Жұмабаев: Дене тәрбиесіне жеңіл қарауға болмайды. Дене жанның қабы. Қап берік болса, ішіндегі заты берік болмақ. Дене жанның құралы. Құралы мықты болса иесі де мықты. Сау жан-сау денеді ғана болады» — деген. Сондықтан да балалар ағзасының қызметін жетілдіру, денсаулығын жақсарту, жүйкенің жұмысын дұрыс қалыптастырып, ширақ, жігерлі, икемді, сымбатты етіп өсіруміне, осының барлығын ғылыми негізде тәрбиенің басқа түрлерімен ұштастыра жүргізу балабақшалардың негізгі мақсаты мен алға қойған үлкен міндеттерінің бірі. Мықты денсаулықтың, дененің дұрыс жетілуі, мен жоғары жұмыс қабілетінің негізі нақ осы мектеп жасына дейінгі балалық шақта қаланады, қозғалыс қызметінің қалыптасуы, сондай-ақ дене қасиеттерінің бастапқы тәрбиесі де осы жылдарда өтеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дене жағынан тәрбиелеудегі жұмыстың мәнді жағы-тұлғаны қалыптастыру. Сонымен қатар дене тәрбиесі балаларды ақыл-ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Дене шынықтыру балаларды үйлесімді дамытып жетілдіреді, денсаулығын сақтап нығайтады. Дене мүсінінің сұлулығын қалыптастырып, қимыл-қозғалыс қабілеттерінің негізін салып, оларды өмірде белсенді болуға, елін қорғауға дайындайды.

Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Дене жаттығуы баланың жан-жақты жетілуіне ықпал етеді. Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылады. Ол мынадай түрлерге бөлінеді:

- Таңертеңгілік жаттығу
- Қимыл-қозғалыс ойындары, спорт ойындары
- Спорттық жаттығулар

Балалбақшадағы дене тәрбиесін ұйымдастырудың түрлері: күн тәртібі бойынша сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, қимыл-қозғалыс ойындары, серуен кезіндегі жаттығулар мен спорттық ойындар, сергіту сәттері, ауладан тыс жерге саяхат жасау, спорттық ойын сауықтар) дене шынықтыру балалардың денсаулығын қалыптастырып, қимыл-қозғалыс қабілетінің белсенділігін арттырады, дені сау рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадғы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі.

Баланың денсаулығын сақтау және нығайту, дене жаттығуларын жасауға қызғушылықтарын арттыру, қимылдық іскерліктерін жақсартуда мектепке дейінгі мекемеде денсаулық сақтау технологияларының түрлері:

Балабақшада оқу-тәрбие жұмыстарын заман талабына сай жүргізу, баланың денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелерін тиімді шешу медициналық және педагогикалық қызметкерлердің бірлескен нәтижелі еңбектеріне байланысты. Осындай мәселені шешу барысында біздің анықтағанымыз, баланың денсаулығын нығайтуда және аурудың алдын-алуда тек қана баланың қимыл белсенділіктерін көтеру өте аз, сонымен қатар шынықтыру шараларын жүйелі өткізу керек. Ол үшін педагог дәстүрлі жұмыстарға дәстүрден тыс жұмыс түрлерінің жүйесін тудыруы жөн.

Мысалы, жалаң аяқ жүру табан мен буындарды бекіту әдісі болып табылғандықтан барлық жаттығуларды жалаң аяқ ұйымдастырған өте ұтымды болады.

- Ертеңгілік жаттығуда әртүрлі формаларды қолдану:
- Тыныс алу жаттығулары
- Жалпақтабандылықтың алдын-алу жаттығулары
- Сымбатты түзету жаттығулары
- Созылу(стретчинг) жаттығалары
- Йога жаттығулары
- Көзге арналған жаттығулар

Таңертеңгі жаттығудан кейін тыныс алу немесе тұзды жолмен жүру өте тиімді. Сонымен қатар дене тәрбие сабақтарында дәстүрден тыс құрал-жабдықтарды қолданған жөн.

Баланың дені сау, салмақты, дене дамуы мықты, тәбеті жақсы, ұйқысы толыққанды болып өсуі үшін күн тәртібін қатаң сақтау қажет. Бұл балаға балалық шақтан бастап ағзасын кез-келген ауруға қарсы тұруына маңызды.

Мектепке дейінгі кезең – бала ағзасының өте қарқынды дамитын кезеңі екенін білеміз. Яғни осы жас шамадағы баланың ағзасының барлық жүйке жүйелері мен дене мүшелерінің, жүйкелік-психикалық дамуы қалыптаса түскен кезі. Сондықтан да мектепке дейінгі ұйымда денсаулық сақтау іс-шаралары кешенді де жүйелі жүргізілуі қажет. Сонда ғана жаңа өсіп келе жатқан өскелең ағза сыртқы факторлар әсеріне төтеп бере алатын болады.

Y00040 24.12.2020 ж

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үдерісінде 4К моделін тиімді пайдалану жолдары

ТОЛЕГЕНОВА АНАР КАЖИГУМАРОВНА

Алматы облысы, Қапшағай қаласы
"Балдәурен" балабақшасы. Әдіскер

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани - адамгершілік тәрбие - екі жақты процесс.

Еліміздің болашағы-жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік-отбасы, ата-ана тәрбиесі болса, екінші бесік –білім беру мекемесі. Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие - адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады. Заман талабына лайық тәрбие мен білім беру жұмысын кешенді ұйымдастыру жаңа технологияларды, идеялар мен шығармашылық, инновациялық жаңашылдықты қажет етеді. Жас ұрпаққа білім беруді жетілдіру мәселесі толассыз күн сайын өзгеріп тұрған әлеммен бірге жүрері анық. Балабақшада берілетін тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан – жақты тәрбие мен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне балабақша ошағының тигізер әсерінің маңызы зор.

Қоғам үшін әр кезеңде әр отбасында өсіп келе жатқан өрімдей ұл-қыздардың дені сау, рухани бай, еңбекке , білімге құштар болып өсуі ең жоғарғы тілек, ең биік мақсат. Оның қуат алатын қайнар бастауы отбасы. Отбасының аса құнды ықпалы мен әсерін өмірдегі ешнәрсенің күшімен салыстыруға болмайды.

Балаға отбасы тәрбиесінің орнын ешнәрсе алмастыра алмайды. Отбасы өмірге сәби әкеліп, оны тәрбиелеп, қалыптастыруда және ұрпақ жалғастыруда теңдесі жоқ орын. Отбасының балаға тәрбие берушілік қызметтінің мақсаты балаланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу.

Көздеген мақсатқа жету үшін отбасындағы тәрбие төмендегі міндеттерді шешеді.

Отбасында баланың өсуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, тазалықты қалыптастыру.

Еңбексүйгіштікке баулу, тұрмыстағы, үй шаруасындағы еңбекке құлшынысын арттыр, өзіне - өзі қызмет етуге үйрету.

Отбасы мүшелерімен тіл табысып, дұрыс қарым қатынас жасауға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үйрету.

Әдебиетке, мәдениетке, өнерге тәрбиелеу. Бұл міндеттер жүзеге асу үшін бала дүниеге келген күннен бастап отбасында, қоғамдық орындарда, мектепте тәлім - тәрбие беріледі.

Балабақша — бүлдіршіндерді болашақта ата дәстүрін сақтайтын инабатты да, ибалы үлкен-кішіні сыйлай білуге үйрететін тәрбие орталығы. Өмірге келген жас ұрпақты тәрбиелеу ата-аналар мен балабақша тәрбиешілерінің қасиетті борышы.

Бала үшін дүниеде ең жетілген, білімді де, мәртебелі адам – оның ата – анасы. Ал, ең әдемі де жарық үй – оның туылған үйі.

Жас баланың дамуында ата-ананың орыны ерекше, сондықтан ата-ана өз отбасында қолайсыз жағдайларды баланың көзінше тудырмауға тырысуы қажет. Отбасындағы ұрыс-керіс баланың жүйкесін тоздырады. Кейбір ата-аналар өз перзентін шектен тыс еркелетіп, баланың бетінен қақпай, көңіліне қарап тәрбиелейді. Ал мұндай көріністер баланың бойына кері қасиет пайда болуына тікелей жағдай тууына себеп болады.

Ата-аналар балаға отбасылық өмірдің алуан түрлі, қыры мен сырын дүние жұмбақтарын танытып, тағылым талғамға, әдептілікке баулуға тиіс. Себебі, ата-ананың күнделікті өмір тіршілігіндегі еңбегі, адамның бейнелері, жақсы мінез-құлқы, дұрыс қарым-қатынасы – балаға үлгі.

Баланың алдында барынша сабырлы әрі ұстамды болуға тырысу керек, ата-ана өзі үлгі бола отырып, баласын сабырлылыққа тәрбиелейді. Әрбір ата-ана өз баласы үшін-басты тұлға. Сондықтанда да кез-келген бала алдымен үлгіні ата-анасынан алады. Бала әкеден ақыл, анадан мейір алады. Ата-ана баласымен пікірлесуде бейауыз сөздерді қолданбай, дөрекілікпен жеке басын қорламай, мейірімді, табиғи, жылы ақылды сөздер айтып өнеге бола білсе, тәрбие де табысқа жетеді, өйткені, жақсы сөз жан семіртеді.

Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық ұжымы ата-аналармен бірлесіп, баланы өсіріп тәрбиелеудегі басты мақсат қоғамдық өмірге «түзу кірпіш қалау» екенін ескере отырып, ал осы мақсатты жүзеге асыру үшін, алдындағы қандай болмасын қиындықтарын жеңу, соған сәби кезінен төмендегі мынадай көзқарастарды негізгі ұстаныным ретінде қабылдау.

Баланың ана тілін толық меңгеруі . ұлттық-сана сезімін тәрбиелеу, денсаулығын түзету, бала тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін білу жөніндегі дағдыларын қалыптастыру мектепке дейінгі мекемелерге берілген. Тәрбиенің сан алуан келелі мәселесін шешетін, қарапайым дағдыларды бала санасына орнықтыратын алғашқы білім баспалдағы – балабақша. Балабақшада халық педагогикасын бала бойына сіңіре отырып имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелейміз.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартының бес саласының әр бөлімдеріндерінің ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде салт-дәстүрдің барлық түрлерін баланың бойына сіңірудеміз. Мысалы: тұсау кесу, бесікке салу, тілашар т.б.

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілер өз тәжірибелерінде халық ауыз әдебиетінің ішінен жиі мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, санамақтар, ертегілерді оқу іс-әрекеттерінде пайдаланады. Бүгінгі күнде жас ұрпақтың сана сезіміне өз елінің, жерінің тарихы мен мәдениеті туралы алғашқы ұғымдарды кішкентай кезінен қалыптастырамыз.

Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті ойын. Сондықтан оның мәні ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев «Ойын ойнап, ән салмай өсер бала бола ма?» — деп айтқандай баланың өмірінде ерекше орын алады. Ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына ықпал ететін тәрбие құралы. Ойын баланың барлық қабілетінің дамуына, айналасындағы дүние жайлы түсініктерінің кеңеюіне, тілінің дамуына, құрбыларымен жақындасуына көмектеседі. Өйткені бала нәресте шағынан бастап адалдыққа, батылдыққа, мейірімділікке, еңбек етуге тәрбиелеудің құралы ойын. Осыған орай бүгінгі күндері тәрбиешілер алдында балаға білім., білім дағдыларын игеріп қана қоймай, қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімін, ерік-жігерін жан-жақты етіп дамыту міндеттері тұр.

Болашақ қоғамымыздың тағдыры да бала тәрбиесіне тікелей байланысты. Қоғамды дамытушы да, ілгері апарушы да осы жас жеткіншектер.

Y00041 24.12.2020 ж

Ауыз әдебиеті арқылы балалардың есте сақтау қабілеттерін, тілдерін дамыту

САПАРБАЕВА АЙГУЛ ТЫШҚАНБАЕВНА

Алматы облысы, Қапшағай қаласы
"Балдәурен" балабақшасы. Тәрбиеші

Тілдің қоғамдық, тәрбиелік қызметі ерекше екені мәлім. Өйткені, тіл – адамдардың бір – бірімен пікір алысып, қарым- қатынас жасайтын құралы. Тіл адам қоғамына тән. Ол қоғамдағы, еңбек процесіндегі қажеттіліктен, мұқтаждықтан келіп туған.

Тіл – ұлт ерекшеліктерінің бірі, ұлт мәдениетінің бір формасы, тілде әрбір халықтың ұлттық дәстүрінің, сана сезімін, ойлау тәсілінің, мінез – құлқының белгілері бейнеледі.

Тіл мәдениетін меңгеру – адамның сәби шағынан іске асатын, келе – келе біртіндеп жетіліотыратын нәрсе. Олай болса, тілді ұстарту отбасында, қоғамдық мекемелерде, мектепке жүйелі жүргізілетін тәрбие процесінде іске асады.

«Балалар бақшасындағы тәрбие бағдарламасында»:«Баланы сөйлеуге үйрету, тілін дамыту мәселесі барлық сабақта жүзеге асырылады, бағдарламаның ең көлемді бөлімі ана тілі және айналадағы дүниемен таныстыру», -делінеді.

Бағдарламаның осы бөлімінде тілдің қоғамдық рөлі, лексикалық қоры, оны дамыту, тіл тазалығы, сөздің дыбыстық құрамын меңгерту, мәнерлі сөйлеуге үйрету, тіл мәдениетіне, көркем сөз өнеріне баулу мәселелері қарастырылған.

Аз сөзбен көп мағына беретін мақал, мәтел, аңызерттегілер, эпостық шығармалар ғасырлар бойы ауыздан ауызға жатталып, жинақтала келе бүгінгі ұрпақтың рухани азығына айналып отыр. Бала тілін ұстартуда бұл халық қазынасы – ауыз әдебиетінің орны ерекше.

Қазақ балалар әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсарин де балаларды оқыту – тәрбиелеу ісінде ауыз әдебиеті шығармашылығының маңызды орын алатынын айта келіп: «Өмірге қажетті ауызекі сөйлеу дағдыларына жаттықпайынша, қай – қай тілде болса да еркін, жүйелі сөйлеу мүмкін емес», -деген болатын.

Мектепке дейінгі педагогиканың теориялық және практикалық мақсаты – жас ұрпақтың ой – өрісін, сана сезімін кеңейте отырып, өмірге қажетті білім – дағдыларға үйрету.

Педагогика мен «Балалар бақшасындағы тәрбие бағдарламасында» сәбидің тілін дамыту, ауызекі сөйлеуге үйрету, үйренгенін күнделікті өмірде пайдалана білуге жаттықтырып отыру ісіне назар аударады. Өйткені, баланың айналадағы өмірді танып, білудегі басты жәрдемшісі – тіл болып табылады.

Ал тілдің дамуы оның сана – сезімін, ой – өрісін жетіле түсуіне негіз болады. Сөйлеу тілі мен сөздік қоры молая бастаған сайын бала айналадағы адамдармен, құрбылас балалармен белсенді түрде сөздік қарым -қатынас жасайды.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі мекеме балаларына мемлекеттік тілді меңгерту бірінші жолға қойылды. Мектепке дейінгі мекемеде қазақ тілін оқыту жұмыстары тәрбиешілердің көп еңбек етіп, ізденіс пен дайындығын қажет етеді. Сондықтан қазақ тілін оқыту мәселесінде мектепке дейінгі мекемеде білім беру, тәрбиелеу ісіне қоғам, ұжым болып бір ауыздан атсалысуымыз қажет. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мәселесі алдымен балабақшада жүзеге асырылады.

Балалардың ақыл-ойы мен мінез-құлығының дамуында тіл маңызды рөл атқарады. Біздің мақсатымыз – балаларды ата-бабадан қалған салт-дәстүрге, адамгершілікке баули отырып, жаңа технологияны меңгерту. Осы мақсатымыз жүзеге асуы үшін біз ең алдымен өзіміздің ана тілімізді меңгеруіміз қажет. Бүгінгі таңда тіл туралы көп айтылады. Тіл білген адам-мәдени, рухани жан азығы мол адам.

Адамның ойы тілден көрінеді. Сондықтан балабақша қабырғасынан бастап тіл үйретудің маңызы зор. Балабақшада қазақ тілін үйретуде сөздік жұмысты қоршаған ортамен, күнделікті өмірмен тығыз байланыстыра жүргізу, жаңа сөздер қамтылатындай түрлі ойындар арқылы тіл ұстарту, көру, есту, тыңдау, қайталау, есте сақтау, жаттау қабілеттерін жетілдіріп отыру, балаларды сөйлесе білуге, сөйлемдерді дұрыс айтуға, тәрбиешінің сұрағын түсініп, дұрыс жауап беруге баулу мақсаттары көзделеді. Ересек балалар тобында бұрынғы топтарда үйренгендерін тереңдете түседі.

Ауызша сөйлеу тілін дамытуға көп көңіл бөлінеді. Әр оқу іс-әрекеті сайын тақырыпқа сай түрлі суреттер, кестелер, аудиокітап, бейне құралдар, тақырыптар бойынша электронды кітаптармен көркемдеп отырса, балалардың сөздік қоры біршама толығады деп санамын. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып отырады.

Әр түрлі жаңа технологияларды өз тәжірибемізде қолданып отырамыз. Соның бірі «Ойын» технологиясы. Баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытуда, оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы-ойын әрекеті. Ойын дегеніміз-жас ерекшелігіне қарамайтын, адамның көңіл күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын арқылы балалар өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады.

Әр бала ойнау үшін алдымен ойланады, ойлана отырып ойнайды. Кез келген бала еш уақытты жалғыз ойнамайды, құрбыларымен бірге ойнайды, сол арқылы бір-бірімен сөйлеседі. Сөйлесе жүріп, пікірлесіп әсер алысады, ойынның мазмұнын анықтайды.

Балалар ойын шығарушылар, ойынды жасаушылар болып табылады. Бала жалғыз ойнағанның өзінде ойыншықтармен сөйлесіп отырады, қиялдағы қатысушылармен әңгімелеседі. Сөз бен сөйлеу әрекеті ойлау қабілеті болып табылады. Түрлі заттарды пайдалана отырып, қоршаған ортамен, адамдармен қарым-қатынас жасайды, тәжірибе жинақтайды. Ойын баланы ақыл-ой жағынан да, дене жағынан да алға жетелеп дамытады, баланың ойын өрбітіп, тілін дамытып, бойын өсіреді.

Тәрбиеші ойын әрекетін ұйымдастыруда өзі жетекші бола отырып, балаларды ойнай отырып ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, қиялын дамытады. Мысалы: «Аз, көп», «Жақсы жаман», «Қыс, жаз», «Жоқ, иә», «Он саусақ», «Моншақ», «Мен бастайын, сен аяқта», «Жалғастыр», «Не артық?», «Есінде сақта» т.б.

Баланың өмірлік тәжірибесін дамыту, айналадағы дүниеден алған әсерін әрі қарай кеңейте отырып, бір арнаға түсіру балабақшада арнайы дүниеден алған әсерін әрі қарай кеңейте отырып, бір арнаға түсіру балабақшада арнайы өтетін сабақ, ойын, еңбек процестерінде тәрбиешінің басшылығымен іске асады. Балаға бағдарламалық материал негізінде білім беруге басаназар аудару қажет.

Оқу жылында жоспар жасағанда баланың жақсы сөйлей білуін бағдарлау, сөздік қорын дамыту, ой – өрісін кеңейту жұмысында өте мұқият қарау қажет. Ол үшін әр тәрбиеші, әрбір бақша меңгерушісі бағдарламада берілген материалдарды ыждағатықпен оқып, үйренуі керек. Осыдан соң тәрбиеші қандай тақырыпты қай кезде, қалай, қандай мақсатта, қай сабақпен байланыстыра өткізу керектігін анықтай отырып, әр сабаққа қажетті материалды балаларға қойылатын нақты сұрақтарды (көркем әдебиет, тақырыбы, ойын) көрсетіп жоспарлайды.

Тәрбиеші қай кезде нені өтуге болатынын іріктеп алып (тақырыпты) жоспар жасайды. Бақылатын көрсету, әңгімелесу кезінде баладан сұрап, өзіне айтқызу, оларды жиірек сөзге қатыстыру ісіне көңіл бөлу.

Тіл дамыту сабақтарында көзделетін негізгі мақсат – баланың сөздік қорын байыту, сөйлем құрап айтуға, әңгімелей білуге үйрету. Баланы сөйлеуге үйрету, тілін дамыту, ой -өрісін кеңейту жұмысында бір топтағы әр баланың сөйлеу дәрежесін байқап, анықтау керек.

Y00042 24.12.2020 ж

Баланың ұсақ қол моторикасын дамыту

АКЫШЕВА ГУЛЬНИСА АЛИБЕКОВНА

Алматы облысы, Қапшағай қаласы
"Балдәурен" балабақшасы. Тәрбиеші

«Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оны шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін емес» В.А. Сухомлинский

Мектеп жасына дейінгі баланың ой-өрісін кеңейту, оны мектепке даярлау сынды мәселелер ата-аналармен педагогтарды көптен бері толғандырып келе жатқаны аян. Сондай өзекті мәселелердің бірі – ұсақ моториканы дамыту мен саусақ қимылын үйлестіру болып табылады. Сөйлеу қабілетінің даму деңгейі саусақ қимылдарының дұрыс қалыптасуына тікелей байланысты екені белгілі. Біздің балабақшаның балалары ерекше көмек қажет ететін балалар. Сондықтан қолдың ұсақ моторикасының дамуына көп көңіл бөлінеді.

Қазіргі заман талаптарына сәйкес, мектепке дейінгі балалардың саусақ моторикасын дамытуға әбден болады және бұл мәселені бірден қолға алған жөн. Балабақшада тәрбиенің ең маңызды құралы – еңбек. Қарапайым еңбек түрлері барлық топтарда жүргізіледі. Қол еңбегі балалардың ұсақ моторикасына көп әсерін тигізеді.

Түрлі-түсті жіппен жұмыс істеу балаларға өте қызықты. Дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді қолданудың баланың шығармашылық қабілетін, көркемдік талғамын қалыптастыруда маңызы өте зор. Көркемдік іс-әрекеттің осы еңбек түрімен айналысуы, баланың зейінін өзіне аударып, қиялын шарықтатып, көру арқылы есте сақтауын, қабылдауын, заттың пішінін, көлемін, түсті сезінуін дамытады. Ең алдымен, жіппен жасалған суреттерге көңілдерін аударып таныстырдым. Балаларға ойын үшін қолдан тоқылған тоқыма бұйымдары өте ыңғайлы: оны созуға да, біріктіруге, ілгектерді бір-біріне қосуға да болады. Жіптер созылады, бірігеді, сондықтан «сырнай» ойынын елестете аламыз. Түрлі-түсті жіптерді қатты қағазға жапсырып «Қонжыққа» арналған кілемше жасауға болады. Жіптерді қолмен ұстағанда жұмсақ па, үлпілдек пе, қалың ба, жұқа ма, суықпа екенін балалар ажырата біледі.

Балаларды екі топқа бөліп, ойын жарыс ұйымдастыруға да болады: «Қай топ көбірек жіп орайды». Бала өзін сиқыршы сияқты керемет сезінеді. Бөлшек мата еді, одан жіп қана қалды. Әр түрлі жіптерді керегінше дайындап алып, түстерін атаймыз. Дайын элементтерді араластыра отырып, бала қиын композицияларды еш қиындықсыз орындай алады.

Қатты қағазға дөңгелек тәрізді ПВА желімін қалың етіп жағамыз. Оның ортасына бір дөңгелек, бір түсті жіп саламыз. Басқа бір түсті бес дөңгелекті айналдыра саламыз және оларды санаймыз.

Тақпақ және санамақ айтамыз, сонымен, көктем гүлі дайын. Жұмысты күрделендіре отырып, «қоян», «қар адам» фонын түрлі-түсті қатты қағаздар етіп, желімді қоянның денесіне ұқсастырып, оған жіп қиындысын саламыз. Көздерін, мұрнын, аузын жапсырамыз – ақ қоян сонымен дайын.

Еңбек жұмысын жүргізу барысында балалар қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен, бұйымдарымен, қазақтың киімдері, бұйымдар ішінде көрпеше, түскиіз, кілем сияқты ұлттық заттармен жақын таныстырылды. Балалар халықтың қолөнерінің алуан үлгілерімен танысты.

Жоғарыда айтып өткендей түрлі-түсті жіппен жұмыс істеу барысында балалардың ойлау, қабылдау, есте сақтау қабілеттері дамиды. Сонымен қатар, шыдамдылық, төзімділік қасиеттері қалыптасады, бастаған жұмысын аяқтауға, еңбек нәтижесіне жетуге ұмтылады. Балалардың еңбек еткенде, жіптерді тарқатқанда қол қимылы ұсақ моторикасы дамиды.

Еңбек ету жұмысы – бұл да басқа сабақтар сияқты балалардың ерте дамуына қажетті, өте маңызды жұмыстардың бірі. Балаға сөйлеу қандай қажет болса, еңбек ете білу де сондай қажет.

Мектепке дейінгі жастағы балаларды халқымыздың ою-өрнегі, қолөнер мәдениетінің негіздерін балабақшадан жапсыру өнері сабақтарында үйрету – балалардың эстетикалық көзқарасы мен талғамын дамытудың бірден бір жолы болып табылады. Соның бірі – ұлттық сәндік қол өнері.

Көркем өнер балаларға қуаныш әкеледі, жағымды эмоциялық көңіл-күй қалыптастырады, шығармашылық қабілеттерінің, тілдерінің дамуына көмектесіп, қоршаған ортаға терең мән бере, қызыға қарауына жетелеп, жақсылыққа үйреніп, әсемдікке талпындырады.

Өнер әлеміне балаларды тарту, оларды жастайынан өнерге баулу – күрделі процесс болып саналады.

Түрлі-түсті жіптермен жапсыру жұмысында ұлттық заттарды қарап, талдап, түр-түсін, ою-өрнектерін атап, орналасуы жайында мағлұмат беріледі.

Оқу іс-әрекеті барысында тақырыпқа сәйкес жаңа білім дағдыларын меңгерту алдында мына әдіс-тәсілдер қолданылады:

көркем сөз (өлең жолдары, жұмбақтар, көркем өнер туындыларын аңгімелеу);

дидактикалық ойын тапсырмалары: «ұлттық ою-өрнекті ата», «өрнекті құрастыр».

Түрлі-түсті жіптермен жұмыс істеу барысында тақырыптарды күрделілендіре отырып, балалар «аяққап», «дастарқан», «табақты өрнектеу», «әжеме орамал», «қамзолды әшекейлеу», «кілемше», «көрпеше», т.б. тақырыптарында жапсыру жұмыстарын жасайды.

Жапсыру жұмысында: анаға сыйлық, сәукеле, әдемі гүлдер, қуыршаққа көрпе құрап, қазіргі тұрмыста қолданылатын ұлттық бұйымдарды пайдалана салыстырып, айырмашылығын білуге үйренеді.

Түрлі-түсті жіптермен еңбек ету оқу іс-әрекетінде алдын ала үлкен жұмыс жүргізіледі. Жұмыстың бұл түрін игеруде ата-аналар көп көмек көрсетеді.

Жіппен жұмыс жасаудың кезеңдері:

Алдын-ала жүргізілетін жұмыс. Түрлі-түсті жіптерді даярлап алу, қолданыстан шыққан тоқыма киімдерді тарқату, жіптерді дайындау, қайшымен ұсақтап қию.

- Тақырып бойынша эскиз сызу (бастырмалар дайындау).
- Жіптің түстерін заттың пішініне сәйкес таңдау.
- Сұлбаға желім жағу.
- Жіптерді сұлбаның үстіне салып, таяқашамен тегістеу және пішінін келтіріп желімдеу.

Қол еңбегінен үйірме жұмысын ұйымдастыру барысында қолданылатын көркем сөздердің ұсынылуы да маңызды. Балалар жіппен жұмыс жасау арқылы өздері қарапайым тәжірибе жасауды да үйренеді. Сол сияқты балаларға дәстүрден тыс әдістің: баспамен, түр-түсті жіппен, тақшамен, желіммен, қажетсіз заттармен еңбек ету әдістері балалардың саусақтарының ұсақ бұлшық еттерін дамытуға ықпал етеді. Бұл күрделі техника, бірақ нәтижесінде еңбектің ақталғанын көрудің өзі бала үшін ерекше әсер етеді, шығармашылық қабілеттерін арттырып, эстетикалық талғамын дамытады. Қол еңбегімен айналысудың маңызы зор.

Y00043 24.12.2020 ж

Дамыту ойындары мен дидактикалық ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі баланың сөйлеу тілін дамыту

АҒЫБАЕВА РОЗА АЙТАХМЕТҚЫЗЫ

Алматы облысы, Қапшағай қаласы

"Балдәурен" балабақшасы. Педагог-дефектолог, логопед

Балалардың ана тіліндегі дыбыстарды анық айтып, дұрыс сөйлей білуге балабақшада берілер тәрбиенің ықпалы зор.

Қазіргі заман талабына сай оқу - тәрбие үрдісін ұйымдастыру, яғни әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді ойына, бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу, тәрбиешінің алға қойған міндеті. Айналадағы дүниені, табиғатты бақылап түсіндіріп әрдайым жаңа сөздермен, сөздік қорын толықтырып отыру қажет деп есептеймін.

Жоғарыда айтылған мүмкіндіктерге сай балалардың сөйлеу қабілеттерін тереңдетіп, шығармашылық қабілеттерін дамытуда айтқан әңгімесіне, өзі құрастырған қысқа әңгімелеріне бағыт - бағдар бере отырып, тіл байлығын, сөздік қорын дамытуды басты назарда ұстау керек деп ойлаймын.

Баланы өз баламыздай жақсы көріп, білгенімізді олардың санасына құю, жеткізу тәрбиешінің алға қойған мақсаты. Сол мақсатқа жету үшін талмай, қажымай еңбек етуге міндетіміз.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі мекеме балаларына мемлекеттік тілді меңгерту бірінші жолға қойылып отыр. Мектепке дейінгі мекемеде қазақ тілін оқыту, бала тілін дамыту жұмыстары тәрбиешілердің көп еңбек етіп, ізденіс пен дайындығын қажет етеді.

Сондықтан бала тілін дамыту мәселесінде мектепке дейінгі мекемеде білім беру, тәрбиелеу ісіне қоғам, ұжым болып бір ауыздан атсалысуымыз қажет. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мәселесі алдымен балабақшада жүзеге асырылады. Балалардың ақыл-ойы мен мінез-құлығының дамуында тіл маңызды рөл атқарады.

Біздің мақсатымыз – балаларды ата-бабадан қалған салт-дәстүрге, адамгершілікке баули отырып, жаңа технологияны меңгерту.

Осы мақсатымыз жүзеге асуы үшін біз ең алдымен өзіміздің ана тілімізді меңгеруіміз қажет.

Бүгінгі таңда тіл туралы көп айтылады. Тіл білген адам-мәдени, рухани жан азығы мол адам. Адамның ойы тілден көрінеді. Сондықтан балабақша қабырғасынан бастап тіл үйретудің маңызы зор.

Бала тілін дамыту жұмысының негізгі мазмұны – сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгертуге көңіл бөліп, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен еркін қарым — қатынасқа түсу, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру.

Тіл мәдениетін игеру – баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін кезең. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Балабақшада тілдік қатынастың ең маңызды түрі ауызша сөйлеп үйрену жатады. Ол болса сөздерді байланыстырып айту арқасында жүзеге асады. Сөздің байланысты айтылуы баланың тілдік және ақыл — ой дамуымен біртұтас жүреді.

Жас жеткіншектерді баулып, тәрбиелеуде көркем әдебиеттің ролі ұшан — теңіз. Ол жаңа өскін балауса буынының сана — сезімін оятып, ақыл — есін дамытатын, адамгершілік моральға тәрбиелейтін өмір оқулығы.

Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді өздерінің бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу педагогтардың алдындағы міндеті. Ертегі, әңгімені, өлең – тақпақтар мен жаңылтпаштарды, сондай — ақ мақал — мәтелдер мен жұмбақтарды мәнерлеп оқып беру мен әсерлеп айту – тек қана олардың сөздік құрамын байытып қана қоймайды, сонымен қатар, сәбидің ақыл — ойының жетілуіне әсерін тигізеді. Баланың әдепті, көргенді болып өсуіне ықпалы өлшеусіз, баланың Отанын, өз ұлтын, өз жерін сүюі, оны қадірлей білуі ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің әсері деп білеміз. Өйткені, бала кітаптағы жағымды кейіпкерлерге еліктеп, ер атанғысы келіп, еркелікке, еңбекке құлшынып өседі.

Жас кезінде әңгіме, жырларды көп тыңдаған бала өз көрген — білгенін қиыстырып, тұжырымдап достарына, тәрбиешілеріне, ата — аналарына айтып бере алса, тіл шеберліктері артады. Мұндай жақсы қасиеттер баланың парасатты, инабатты, әдепті, еңбексүйгіш, көргенді болып өсуіне әсер етеді.

Мектепке дейінгі шақта бала тілі икемді келеді, сондықтан — да балалармен жүргізілетін жаттығу түрлері әр алуан. Балалардың жас ерекшелігіне қарай топтарды үлкейген сайын тіл дыбыстарын айтып, үйренуге арналған жұмыс түрлері біртіндеп күрделене береді. Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады. Дыбыстардың ерекшеліктерін жете меңгеріп, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру басқа да тілдерін дамыту сауат ашу оқу іс — әрекеттерінде ғана емес, ән, дене шынықтыру оқу іс — әрекеттерінде де, бос кезеңдерде де балаға өлеңдер, тақпақтар үйретіледі.

Балабақшада балалардың жас ерекшелігіне лайықты көркем әдебиет шығармаларын, оқыған шығарма мазмұнын әңгімелеп айтқызу, суретке қарап әңгімелеу, ертегілер оқып беру, мақал — мәтел, жаңылтпаш, тақпақтар үйрету сияқты жұмыстары арқылы бала тілін дамытуға болады.

Қазіргі уақытта баланы халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу ана тілі арқылы өз дәрежесінде жүзеге асатыны белгілі.

Баланы ана тілінде анық, жүйелі, өзгелерге түсінікті, мәнерлі үн ырғағымен келістіре сөйлеуге, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс жеткізуге мектепке дейінгі кезеңде үйрету керек.

Тәрбиеші әр баланың тілін зерттеп, ерекшелігін жете меңгергеннен кейін, тәрбие білім беру үрдісіне күн тәртібінің қолайлы сәттерінде дыбыстарды дұрыс дыбыстауға орай жаттығу жұмыстарын жоспарлы түрде ұйымдастырып жүргізеді. Ана тілінің грамматикалық жағын меңгерту күнделікті өмірде, үлкендермен сөздік қарым-қатынас жасау процесінде іске асады.

Тіпті балабақшадағы балалардың сөйлеу әрекетінде сөздің синтаксистік тұрғыда қалыптаса бастайтынын арнайы зерттеу, бақылау жұмыстары дәлелдеп отыр. Олардың сөзінде жай-жайылма, құрмалас сөйлемдер жиі кездеседі. Керісінше бұл жастағы балалар морфологиялық формаларды өте баяу меңгеретіндері байқалады. Балалар сөйлемдегі сөздерді көбінесе жалғау, жұрнақсыз дара айтады. Сондықтан балабақша тәрбиешілері тіл дамыту сабақтарында жеке сөздерді жіктік, септік, тәуелдік жалғауларында қолдануды, түбір сөздерден сөз тудыру тәсілдерін үйретіп отыруға міндетті. Бұл жөнінде арнайы жазылған методикалық еңбектерде айтылады. Сөздің грамматикалық құрылысын меңгерту арнайы сабақ түрінде емес, тіл дамыту сабақтарында қосымша, дидактикалық ойын (сөздік ойындар), түрлі жаттығу жұмыстары арқылы іске асады.

Табиғи құбылыстардағы ақиқаттылықты сипаттаған кезде нақты дұрыс сөз қолдануға, үлкендердің көмегімен белгілі бір нәрсеге тиісті белгілерді табуға, нақты бейнелеуге, әңгімеде ой — өрісін жеткізуге үйрету керек.

Балалардың сипаттау әңгімелері түрлі сөз мәнерінде сонымен қоса тілдік (метафора, теңеу, эпитет, балама қолдануда) сөз өнері өзіндік ерекшелігін ашу қажет. Ойыншықтарды қолданып, суретке қарап әңгіме құрастырады. Баланың өзі құрастырған әңгімесінде жанрдың негізгі ерекшелігін таба білуінде. Сюжет ерекшеліктері мен әдеби шығармалардың мәнерлігі (ертегіні толық айтып беру). Ертегідегі жақсылықтың жеңгені, сиқырлық жайында, кейіпкерлерді басқа бір нәрсеге айналдырып, және т. б. қолдана отырып, ертегі құрастыруға үйрету. Бұл жаста балалар шығарманы қызығушылықпен тыңдайды, әңгімелерді түрлендіре біледі. Баланы шығармашылық қабілеттілігінен туындаған әңгімелеріне көңіл аударып, құрдастарының әңгімелерін тыңдауға бейімдеп, қиыншылық тудырған жағдайды, қол ұшын беріп, дұрыс емес жеріне түзету енгізе керек. Балалардың сөздік қорын, тіл байлығын дамыту барысында сахна ойындарының алатын орны ерекше. Оның барысында қажетті дыбысқа байланысты сөздер, сөйлемдер бірнеше рет қолданылады. әр кейіпкерді сөйлете отырып, балаларға қайталату. Сонымен қата бағдарлама бойынша өтілетін шығармалардан тіл ұстартуға қажетті шумағын алып пайдалану.

Сол шумақ қай ертегіден, қай өлеңнен алынғанын сұрап, жауабын алу арқылы тіл дамытудан игерген білім дағдыларын бекітеді, әрі қайталайды. Ал сөздің дыбыстық жағын анық айтуға жаттықтыруда шағын әңгіме, ертегілерді мәнерлеп оқып беруге болады. Көркем сөз шеберлерінің таспаға жазылған үндерін, мәнерлі дауыс ырғағын тыңдату, дидактикалық жаттығулар жасау арқылы да жақсы нәтижеге жетуге болады. Мысалы, «Ғажайып қалта» «Не өзгерді?» үстел үстінде ойнайтын ойындарды пайдаланып, әр дыбысқа байланысты суреттерді топтап алу. Сондай-ақ жұмбақ, мақал — мәтел, жаңылтпаштарды айтқызу арқылы қажетті дыбысты бекіту жұмыстарын жүргізуге болады. Жұмыстың осындай түрлерін баланың жас кезінен бастап дер шағында қолға алса нәтижесі де ойдағыдай болады.

Ұрпақтан — ұрпаққа мұра болып келе жатқан ертегілер, мақал — мәтел, жұмбақтар, жаңылтпаш бала тілін дамытуда шешуші орын алады. Өз тәжірибемде тобымдағы балаларға ертегілерді ең алдымен ауызша айтып беремін. Сонан соң айтылған ертегінің мазмұнын толық қабылдау және тіл байлықтарын арттыру мақсатымен сахналап рольдерге бөліп ойнатамын.

Мысалы: «Бауырсақ» «Шалқан» «Мақта қыз бен мысық» «Алдар көсе мен тоңғақ бай» «Күз түсті» ертегілері. Сонымен қатар түрлі ойын — жаттығулардың бала тіліне тигізер ықпалы мол. Мысалы: «Күз түсті» ертегісін алып ойын — жаттығу ретінде өткізіп жүрмін.

«Балалар тоғайға жеміс — жидек теруге барады. Барлығының қолдарында себет бар. Олар тоғайға келе жатса, бір сиыр жатыр екен. Сиыр балаларды көріп «мө — мө — мө» деп амандасады. Содан кейін «балалар, қайда барасыңдар?» деп сұрайды. Балалар: — «Орманға жидек теруге бара жатырмыз»-деп жауап береді. Орманға келіп ағаштың бұтағында тоқылдақтың отырғанын байқайды. Тоқылдақ балаларды көріп «тық — тық» деп амандасады. Сонан кейін торғайлар «шиқ — шиқ» деп дыбыстайды. Қарға болса «қар — қар» дейді. Көкек те қалыспай «көкек — көкек» деп қалыспайды. Осы тәріздес ормандағы құстар, аңдар балалармен кездеседі. «Күз түсті» ертегісінің мазмұны бойынша жүргізілетін ойын — жаттығудың мақсаты ертегі мазмұны бойынша балаларды қызықтырып, дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Ертегілерден басқа көркем әдеби шығармаларды балаларға оқып беріп, олардан әңгіменің мазмұнын сұраймын. Мысалы: «Екі дос пен қайыршы қария» әңгімесін оқып беріп, әңгіменің мазмұнын сұрау арқылы Венн диаграмма әдісін қолданып, балаларға Алдан мен Сауранның мінезін салыстырамын.

Халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан өзіндік ерекшеліктерімен танылған халықтың асыл ойының көркем жиынтығы мақал — мәтелдер арқылы да беріледі. Қазақты мақал — мәтелдері негізінен елдікті, ынтымақты, бірлікті, адамгершілікті, инабаттылықты қамтиды.

Сондықтан, мен «Менің Қазақстаным», «Отбасы», «Менің ауылым» тақырыптарын өткенде «Туған жер – алтын бесік», «Өз үйім — өлең төсегім», «Отан – оттан да ыстық» сияқты тақырыптарда мақал-мәтелдер жаттауға және қарапайым әңгіме құруға баулға тырысамын. Ал батырлық, ерлік туралы өткенде «Жауынмен жер көгереді, батамен ел көгереді», «Ер — елдің көркі, өсімдік жердің көркі» т.б., «Білім» тақырыбына «Қына тасқа, білім басқа бітеді», «Көп сөйлеген білімді емес, көп білген білімді» деген мақал — мәтелдерді пайдаланамын.

Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс, айқын сөйлеуге үйрететін, тілін жаттықтыруға бейімді жанр – жаңылтпаш. Жаңылтпаш арқылы сөздерді дұрыс сөйлеуге, жеке дыбыстарды алмастырмай дұрыс айтуға үйретеді. Мысалы, «Көк кесе, көп кесе, Көп кесені әкелді кеше», т.б.

Жоғарыда айтылған мүмкіндіктерге сай балалардың сөйлеу қабілеттерін тереңдетіп, шығармашылық қабілеттерін дамытуда айтқан әңгімесіне, өзі құрастырған қысқа әңгімелеріне бағыт — бағдар бере отырып, тіл байлығын, сөздік қорын дамытуды басты назарда ұстау керек деп ойлаймын.

Қазіргі заман талабына сай оқу – тәрбие үрдісін ұйымдастыру, яғни әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді ойына, бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу, тәрбиешінің алға қойған міндеті. Айналадағы дүниені, табиғатты бақылап түсіндіріп әрдайым жаңа сөздермен, сөздік қорын толықтырып отыру қажет деп есептеймін. Жоғарыда айтылған мүмкіндіктерге сай балалардың сөйлеу қабілеттерін тереңдетіп, шығармашылық қабілеттерін дамытуда айтқан әңгімесіне, өзі құрастырған қысқа әңгімелеріне бағыт – бағдар бере отырып, тіл байлығын, сөздік қорын дамытуды басты назарда ұстау керек деп ойлаймын. Баланы өз баламыздай жақсы көріп, білгенімізді олардың санасына құю, жеткізу тәрбиешінің алға қойған мақсаты. Сол мақсатқа жету үшін талмай, қажымай еңбек етуге міндетіміз.

Қорыта айтқанда балалардың ана тіліндегі дыбыстарды анық айтып, тілінің дамуында, дұрыс сөйлей білуге баулуда балабақшада берілер тәрбиенің ықпалы зор. Сондықтан қазіргі заман талабына сай оқу — тәрбие үрдісін ұйымдастыру, яғни әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді ойына, бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу, әрбір тәрбиешінің алға қойған міндеті. Балабақша тәрбиеленуші әр баланы өз баламыздай жақсы көріп, білгенімізді олардың санасына құю, жеткізу тәрбиешінің алға қойған мақсаты. Сол мақсатқа жету үшін талмай, қажымай еңбек етуге міндетіміз.

МАЗМҰНЫ

- КУАНЫШОВА АЙНУР ЖУМАХАНОВНА
- ОСПАНОВА ГАЛИЯ АРМИЯНОВНА
- ТОКСЕРКЕЕВА АЙГЕРИМ ЖАНАРБЕКОВНА
- КУСАИНОВА МАНАР МЫРЗАТАЕВНА
- САНАРХАН АСЫЛБЕК
- НУРЛЛАЕВ НАУРЫЗ НУРБОЛАТОВИЧ
- СКАКОВА ГАЛИЯ ТОЛЕУТАЕВНА
- СУЙНИШЕВА ГУЛНАРА АЛЯСКАРОВНА
- ДИЛЬДАЕВА ШУГА МЫРЗАХАНОВНА
- ҚАЛДЫБЕКОВА ФАРИДА ҚАЛДЫБЕКҚЫЗЫ
- РАХМЕТОВА МАДИНА АМАНГЕЛДИЕВНА
- РЫСБЕКОВА АЯЖАН ДОСЫМЖАНҚЫЗЫ
- МАХПИРОВА РОШАНГУЛЬ ТУРГАНОВНА
- АЯТОВА МЕРУЕРТ НУРИДИНОВНА
- АМИНОВА РАУАН САДУАКАСОВНА
- МУХАНБЕТЖАНОВА УЛЖАН ТОЙЖАНОВНА
- АСЕТОЛЛАНОВА МЕРУЕРТ ОРАЛБАЕВНА
- АМАНКЕЛД МЕРЕКЕ
- ТУЙЧИЕВ ШУКРАТ ШАУКАТОВИЧ
- КАСЫМОВА БАҚЫТКУЛЬ ЖОЛДАСОВНА
- РАХИМЖАНОВА АЙНУР МЕДЕЛХАНОВНА
- КУШУМБАЕВА ГУЛЬЖАН ПШАНОВНА
- ИСАХОВА АЙГҰЛ МЕЙРБЕКОВНА
- КУРУКПАЕВА ГАЛИЯ ТУРАРБЕКОВНА
- БИМАДИЕВ БЕРИККАН БАРЛЫХАНОВИЧ
- ТОЛЕГЕНОВА АНАР КАЖИГУМАРОВНА
- САПАРБАЕВА АЙГҰЛ ТЫШКАНБАЕВНА
- АҚЫШЕВА ГУЛЬНИСА АЛИБЕКОВНА
- АҒЫБАЕВА РОЗА АЙТАХМЕТҚЫЗЫ